

JAC Motors автокөлігін таңдағаныңыз үшін алғыс білдіреміз. Автокөлігіңізге сапалы қызмет көрсетуге әрдайым қуаныштымыз!

Қызметтер мен ұсыныстардың барынша ауқымды спектрін қамтамасыз ету үшін біз қызмет көрсету сапасын жақсартуға үздіксіз ұмтыламыз және клиенттердің қажеттіліктеріне сәйкес өз техникалық мүмкіндіктерімізді кеңейтеміз.



JAC Motors автокөлігін таңдағаныңыз үшін алғыс білдіреміз

Jinaghuai JAC M4 автокөлігін сатып алуыңызбен сізді шын жүректен құттықтаймыз. Сеніміңізге және ынтымақтастығыңызға рақмет. Бұл нұсқаулық JAC M4 автокөлігінің барлық модельдеріне қатысты. Кейбір керек-жарақтар мен жабдықтар сіздің автокөлігіңізде болмауы мүмкін. Автокөлікті пайдалану кезінде қосымша қауіпсіздікті және жайлылықты қамтамасыз ету үшін осы нұсқаулықты мұқият оқып шығыңыз.

JAC Motors мақұлдаған сервис орталықтарында автокөлігіңізді тез және тиімді жөндеуге және оған қызмет көрсетуге қажетті ресурстардың бәрі бар. Біз сөйлесуге әрдайым ашықпыз және сіздің сұрақтарыңызды, пікірлеріңізді немесе ұсыныстарыңызды тыңдауға дайынбыз.

JAC Automobile Group Corp., LTD. компаниясы осы нұсқаулыққа өзгертулер енгізу құқығын өзіне сақтап қалады. Осы нұсқаулықтағы ақпарат алдын ала хабарланбастан өзгертіле алады.

Сапаны және техникалық жабдықтауды үздіксіз жоғарылатудан бөлек, біздің компания автокөліктің сыртқы көрінісін, салонын және техникалық сипаттамаларын жақсартатын болады. Осы нұсқаулықта келтірілген иллюстрациялар, деректер және техникалық сипаттамалар нақты автокөлікке сәйкес келмеуі және олардың қателіктері мен олқылықтары болуы мүмкін. Түсіністік танытқаныңыз үшін рақмет! Осы нұсқаулық қабылдау және құқықтық талаптар үшін анықтамалық құжат ретінде қарастырылмауы тиіс.

Арнайы нұсқаулар

Осы нұсқаулық автокөліктің бір бөлігі болып есептеледі. Автокөлікті сатқан жағдайда бүкіл құжаттамасын жаңа иесіне беріңіз.

Көлік иелері туралы ақпарат	
Бірінші көлік иесі	Екінші көлік иесі
Атауы	Атауы
Мекенжайы	Мекенжайы
Телефон	Телефон
Пошта индексі	Пошта индексі
Сатып алынған күн	Сатып алынған күн

Осы нұсқаулықты оқуға кіріспес бұрын келесіні білу қажет:

Сіздің қауіпсіздігіңіз бен басқа адамдардың қауіпсіздігі бірінші кезектегі маңызға ие және жол қозғалысы қауіпсіздігі бойынша барлық талаптарды және ережелерді сақтау сіздің жауапкершілігіңіз болып табылады. Нұсқаулықта келесі белгілеулер қолданылады:



Ескерту

- Бұл нұсқауларды орындамау кісі өліміне алып келуі мүмкін. Барлық ескертулердің талаптарын сақтаңыз.



Ескертпе

- Бұл нұсқауларды орындамау автокөліктің немесе оның жабдықтарының зақымдануына алып келуі мүмкін. Барлық ескертпелердің талаптарын сақтаңыз.

Еске салу!

- Бұл сөзбен белгіленген ақпарат қоршаған ортаны қорғау бойынша маңызды нұсқаулар немесе еске салулар болып табылады.



Ол «істеуге тыйым салынады» немесе «жол бермеңіз» дегенді білдіреді.



Бұл конфигурацияның барлық модельдер үшін стандартты емес екенін білдіреді. Сіздің автокөлігіңіздің жинақтамасы JAC Motors компаниясының немесе дилерлердің ұсынған тізбесіне сәйкес келеді.

Осы нұсқаулықтағы алға, артқа, солға және оңға бағыттары автокөліктің алға қарай қозғалу бағытына қатысты көрсетілген.

Арнайы нұсқаулар

Қызмет көрсету бойынша кеңестер

JAC M4 техникалық қызмет көрсету бойынша талаптар төртінші тарауда мазмұндалған. Көлік иесі ретінде сіз өндіруші тарапынан қарастырылған техникалық қызмет көрсетудің дұрыс әдістерін білуге тиіссіз. Ауыр жағдайларда пайдаланғанда автокөлікке анағұрлым мұқият және сапалы қызмет көрсету қажет болады. Ауыр жағдайларда пайдалану кезіндегі техникалық қызмет көрсету бойынша мәліметтер де осы тарауда мазмұндалған. JAC компаниясының уәкілетті сервистік ұйымдарында іске қосылғаннан және мерзімді қызмет көрсетуден кейін қызмет көрсетуді орындамау, сондай-ақ кепілдік мерзімі ішінде кепілдік саясатына сәйкес автокөлікті пайдалану ережелерін сақтамау автомобиль кепілдігінің күшін жояды.

Жанар-жағармай материалдарын қолданған кездегі сақтық шаралары

Автокөлік әлі кепілдік мерзімінде болса да, өндірушінің кепілдігі сапасыз отынды немесе майлау материалдарын қолданудың нәтижесінде зақымдалған қозғалтқыштар мен беріліс қораптарына қолданылмайды. Тек сапалы отын мен майлау материалдарын ғана пайдаланыңыз.

Автокөлікті өз бетіңізше қайта жабдықтауға тыйым салынады

Өндірушінің кепілдігі қалпына келтірілген бөлшектерге қолданылмайды. Қалпына келтірілген бөлшектерді қолдану автокөліктің қауіпсіздігіне, ұзаққа төзімділігіне және басқа сипаттамаларына әсер етуі мүмкін. Автокөлікті қайта жабдықтауға қатаң түрде тыйым салынады. Алдыңғы және артқы бамперлерді, астыңғы молдингілерді, алдыңғы әйнекті, дөңгелек қалпақтары мен дискілерін және ауа қармауыштар панельдерін қалпына келтіруге, реттеуге және шешіп алуға рұқсат етілмейді. Бұл талапты сақтамау автокөліктің сипаттамаларына және қауіпсіздік жүйесінің жұмысына әсер етуі, сондай-ақ ЖКО-ға, автокөліктің өртенуіне немесе зақымдалуына алып келуі мүмкін. Өндіруші осы нұсқауларды сақтамаудың нәтижесінде туындаған кез келген салдар үшін жауапкершілік көтермейді.

ЖАС түпнұсқа бөлшектерін қолданыңыз

- **ЖАС түпнұсқа бөлшектері дегеніміз не?**

ЖАС түпнұсқа бөлшектері автокөліктің техникалық сипаттамаларына толықтай сәйкес келеді. Бұл бөлшектердің конструкциясы мен параметрлері оңтайлы қауіпсіздіктің кепілі болады.

- **Неліктен түпнұсқа бөлшектерді пайдалану қажет?**

Jianghuaі түпнұсқа бөлшектерін жасап шығару барысында өндіріске қатаң бақылау жүргізіледі және сапа тексерулері орындалады. ЖАС түпнұсқа бөлшектерін жасап шығару барысында өндіріске қатаң бақылау жүргізіледі және сапа тексерулері орындалады. Кепілдік бөлшектердің баламаларын, контрафактілік немесе контрабандалық бөлшектерді қолданудың нәтижесінде туындаған автокөлік ақаулықтарына қолданылмайды және біздің компаниямыз осы талапты сақтамаудан туындаған басқа түпнұсқа бөлшектердің кез келген зақымдануы үшін жауапкершілік көтермейді.

- **ЖАС түпнұсқа бөлшектерін дұрыс сәйкестендіріңіз және сатып алыңыз.**

Қызмет көрсету және қосалқы бөлшектер бойынша ақпарат

- **Қызмет көрсету бойынша ақпарат**

Қосымша ақпаратты ЖАС Motors ресми сайтынан табуға, мақұлданған сервис орталығынан немесе 5101 телефон нөмірі бойынша алуға болады. 4S сервис орталығы: ЖАС жеңіл автокөліктерінің бірінші деңгейлі мақұлданған дилерлік орталығы.

- **Қосалқы бөлшектер туралы ақпарат**

Ұйымдар: ЖАС жеңіл автокөліктерінің ресми дилерлері

ЖАС М4

автокөлігін сатып алуыңызбен

құттықтаймыз

Бүкіл қажетті ақпарат төменде тізіп көрсетілген тарауларда мазмұндалған

Мазмұны

1-тарау. Басқару.....	1
2-тарау. Қауіпсіздік.....	81
3-тарау. Автокөлікті сынап және қалыпты жүргізу.....	101
4-тарау. Автокөлікке техникалық қызмет көрсету.....	121
5-тарау. Апаттық жағдайлардағы әрекеттер.....	153
6-тарау. Техникалық сипаттамалар.....	173

Басқару

Салон 3

Салон элементтерінің орналасуы.....	3
Аспаптар тақтасы.....	4
Зарядтау жүйесінің бақылау шамы (қызыл).....	9

Оталдыру жүйесі кілтінің сипаттамасы және қолданылуы. 13

Кілттегі түймелер.....	13
Есіктердің құлыптары.....	16
Айдап әкетуге қарсы жүйе.....	19
Қозғалтқыш иммоилайзері жүйесі.....	21
Капот.....	21
Жүксалғыш бөлімнің есігі.....	22
Отын бағы аузының қақпағы.....	24

Бала бекіту құрылғылары.....	25
Әйнеккөтергіштер.....	26
Апаттық жарық сигналын беру жүйесінің ажыратқышы	27
Сол жақ астыңғы панельдегі ауыстырып қосқыштар блогы.....	27


Жарықтандыру аспаптары және көру мүмкіндігін жақсарту құралдары.....	28
Салон жарығы.....	28
Жарықтандыру аспаптары.....	29
Құрама ауыстырып қосқыш.....	34
Күнқағар қалқа.....	39
Артқы көрініс айналары.....	39

Басқару

Артқы тұрақ датчиктері жүйесі.....	42	Автокөлікті басқару.....	71
Қозғалыс және реттеу.....	48	Оталдыру жүйесінің құлпы.....	71
Алдыңғы орындықтар.....	48	Беріліс қорабы.....	74
Артқы орындықтар.....	50	Тежеу жүйесі.....	76
*Көпфункционалы руль.....	53	*Шиналардағы қысымды бақылау жүйесі.....	79
Рульді реттеу.....	55		
Дыбыс сигналы.....	55		
Ұсақ-түйек тартпасы.....	56		
Алдыңғы стақанқойғыш.....	56		
Артқы ұсақ-түйек бөлімі.....	57		
Қоректендіру розеткасы.....	57		
Шылымтұтатқыш.....	58		
*Сымсыз зарядтағыш.....	59		
*Төбедегі люк.....	60		
Желкөз.....	61		
Климаттық қондырғы және аудиожүйе.....	62		
Климаттық қондырғы.....	62		
Аудиожүйе.....	70		

Салон


Салон элементтерінің орналасуы



1. Руль астындағы жарық ауыстырып қосқышы
2. Аспаптар тақтасы
3. Көпфункционалы руль
4. Руль астындағы эйнектазартқыш ауыстырып қосқышы
5. МР5 блогы
6. Апаттық жарық сигналын беру жүйесінің ажыратқышы
7. Ұсақ-түйек тартпасы
8. Кондиционердің басқару панелі
9. Берілістерді ауыстыру інтірегі
10. Акселератор педалі
11. Тежегіш педалі
12. Ілінісу педалі
13. Капотты ашу тұтқасы
14. Астыңғы сол жақ ауыстырып қосқыштар блогы


Басқару

Аспаптар тақтасы



- | | |
|--|-------------------------------|
| 1. Тахометр | 4. Дисплей экраны |
| 2. Спидометр | 5. Отын деңгейінің көрсеткіші |
| 3. Салқындату сұйықтығы
температурасының көрсеткіші | |

Тахометр



Тахометр қозғалтқыштың иінді білігінің айналу жиілігін бір минуттағы айналымдар (айн/мин) санымен көрсетеді.

Қозғалтқыштың зақымдалуынан сақтану үшін ешқашан тахометр көрсеткісінің қызыл аймаққа өтуіне жол бермеңіз.

Автокөлікті сынап жүргізу кезінде жоғары жылдамдықпен қозғалудан сақтаныңыз.

Тахометрдің қызыл аймағының орналасуы қозғалтқыштың нақты моделіне байланысты.


Еске салу!

- Жоғарырақ берілістерге уақытылы ауыстырып қосу отын шығынын азайтуға және шу деңгейін төмендетуге мүмкіндік береді.

⚠ Ескертпе

- Қозғалтқыштың жоғары айналу жиілігі қозғалтқышқа елеулі зақым келтіруі мүмкін, оларға кепілдік қолданылмайды.


Спидометр



Спидометр бір сағаттағы километрлер санымен автокөліктің жылдамдығын көрсетеді (км/сағ).

Автокөлікті сынап жүргізу кезінде «Сынап жүргізу кезіндегі сақтық шаралары» бөліміндегі нұсқауларға назар аударыңыз.

Отын деңгейінің көрсеткіші




Отын деңгейінің көрсеткіші отын бағындағы отынның шамамен алынған мөлшерін көрсетеді. Автокөлік тегіс жол бетімен жүріп бара жатқан кезде көрсеткіш анағұрлым дәл болады, тежелу және жылдамдықты үдету кезінде, сондай-ақ бұрылыстарда немесе тегіс емес жолдарда көрсеткіштер шкала шегінде ауытқып отыруы мүмкін. Қозғалыс тұрақтанғаннан кейін көрсеткіштер қалпына келеді.

Көрсеткіш тек оталдыру жүйесі қосылып тұрғанда ғана жұмыс істейді. Егер төмен отын деңгейінің индикаторы жанса, алғашқы мүмкіндік болған сәтте қалыпты жұмысын қамтамасыз ету үшін автокөлікке отын құйып алуға кеңес беріледі. Отын құйғаннан кейін оталдыру жүйесі қосылып тұрса, көрсеткіш отынның жаңа мөлшерін көрсетеді.

⚠ Ескертпе

- Автокөлікті төмен отын деңгейімен пайдаланудан сақтаныңыз, себебі бұл шалыс тұтануға және каталиттік бейтараптандырғыштың зақымдануына алып келуі мүмкін.

Салқындату сұйықтығы температурасының көрсеткіші



Оталдыру жүйесі қосылып тұрған кезде көрсеткіш қозғалтқыштың салқындату сұйықтығының температурасын көрсетеді.

Қалыпты қозғалыс режимінде салқындату сұйықтығы температурасының көрсеткіштері шкаланың ортаңғы бөлігінде орналасуы тиіс. Егер көрсеткіш шкаланың жетінші сегментіне жетсе және бақылау шамы

жанса, қозғалтқыштың салқындату сұйықтығының температурасы қалыпты диапазон шегінен асып кеткен. Қауіпсіз жерге тоқтау және қозғалтқышты өшіріп қою, содан кейін салқындату сұйықтығының деңгейін және салқындату жүйесі сорғысының жетек белбеуін тексеру қажет. Салқындату жүйесінде ақаулық болған жағдайда JAC мақұлданған сервис орталығына хабарласыңыз.



Ескертпе

- Қозғалтқыш қызып кеткен жағдайда радиатордың қақпағын ашпаңыз. Ашатын болсаңыз, қозғалтқыштың салқындату сұйықтығы қысыммен атқылап шығады да, күйік шалуы мүмкін. Қозғалтқыш толық суымайынша радиатордың қақпағын ашпаңыз.

Еске салу!

- Қозғалысты бастағаннан кейін бірден салқындату сұйықтығының температурасы әлі төмен кезде қозғалтқыштың айналымдарын

жоғары мәндерге дейін көтеруге кеңес берілмейді.

Борттық компьютер

Борттық компьютердің дисплейінде көлікті жүргізумен байланысты ақпарат, соның ішінде сапардың ұзақтығы, жалпы жүрілген жол, орташа отын шығыны және т. с. с. көрсетіледі. Оталдыру жүйесін өшірген кезде бүкіл сақталған ақпарат (жалпы жүрілген жолдан өзге) нөлденеді. СК дисплейдің сыртқы түрі 3,5 дюймдік матрицалы СК дисплей



1. Сағат

24 сағаттық уақыт форматы

Егер құрал MP5 + GPS блогымен жабдықталған болса, дисплейдегі

Басқару

көрсеткіштер қосқаннан кейін автоматты түрде жаңартылып отырады.

2. Дисплей экраны

Ақпараттың (отынның орташа шығыны, жүріс қоры) көрсетілуі, ескерту белгілерінің мәзірі.


3. Жалпы жүрілген жол

Жүрілген жол диапазоны 0–9999,99 км. Жалпы жүрілген жолда қате болған жағдайда дисплейде Егг. таңбасы көрсетіледі.

4. Аралық жүрілген жол

Мәзірден сәйкес команданы таңдау арқылы аралық жүрілген жолды нөлдеуге болады. Іс-әрекет тәртібі: мәзірге кіріңіз – жүргізу туралы ақпаратты нөлдеу – аралық жүрілген жолды нөлдеу. Аспаптар тақтасының оталдыру жүйесін өшірген кезде аралық жүрілген жолдың мәнін нөлдеуге мүмкіндік бермейтін автоматты сақтау функциясы бар. Алайда аралық жүрілген жол аккумулятор батареясын ажыратқан кезде автоматты түрде нөлденеді.

СК дисплейдің баптаулары



1. △ түймесі

Мәзірдің алдыңғы экранына ауысу үшін осы түймені басып қалыңыз.


2. ▽ түймесі

Мәзірдің келесі экранына ауысу үшін осы түймені басып қалыңыз.

3. ОК түймесі

Растау, мәзірге кіру, мәзірдің немесе баптаулардың тармағын таңдау үшін ОК түймесін басып қалыңыз.

Борттық компьютер



1. Орташа отын шығыны

Соңғы нөлдеу сәтінен бастап есептеледі және л/100 км мәнімен көрсетіледі. Бұл функция көлікті жүргізу стилін қалаулы отын шығынына сәйкестеп бейімдеуге көмектеседі. Көрсеткіштер әр 5 секунд сайын жаңартылады.

Жүргізудің белгілі бір кезеңіндегі орташа отын шығынын есептемес бұрын мәзірден нөлдеу әрекетін орындаңыз және жадты тазалап алыңыз. Жадты тазартқаннан кейін алғашқы қозғалыстың алғашқы 100 метрінде «---

л/100 км» мәні көрсетіледі, содан кейін есептелген деректер шығарылады. Оталдыру жүйесін әрбір қосқан кезде соңғы өшіру кезінде қолданылған баптаулар қалпына келтіріледі. Аккумулятор батареясы ажыратылатын болса, отынның орташа шығыны нөлденеді.



2. Жүріс қоры

Отын бағындағы қазіргі қалдық отынмен жүріп өтуге болатын қашықтық көрсетіледі. Жүйе әр секунд сайын есептеу жүргізеді және көрсеткіштерді әр 10 с сайын жаңартып отырады.

Жүріс қорын есептеу ағымдағы отын шығынына сәйкес жүргізіледі, сондықтан әртүрлі жол жағдайларында және жүргізу жағдайларында дисплейдің көрсеткіштері әртүрлі болады және нақты жүріс қорына сәйкес болмауы мүмкін. Бұл деректер тек анықтамалық ақпарат ретінде көрсетіледі.



Ескертпе

- Жүріс қорында сіздің жүргізу стиліңізге байланысты айтарлықтай айырмашылық болуы мүмкін, ал көрсетіліп тұрған деректер нақты уақыт режимінде есептеледі. Отын шығыны мен шығарындыларды төмендету және жүріс қорын ұлғайту үшін үнемді жылдамдықты ұстап отыруға, қажетсіз шұғыл тежеу әрекетінен сақтануға кеңес беріледі.

Зарядтау жүйесінің бақылау шамы (қызыл)



Оталдыру жүйесін қосқан кезде зарядтау жүйесінің бақылау шамы

жанады және қозғалтқышты оталдырғаннан кейін сөнеді. Егер бұл шам қозғалтқыш жұмыс істеп тұрған кезде жанатын болса, бұл аккумулятор батареясын зарядтау жүйесінің ақаулығын көрсетеді. Радио, кондиционер, салонның ішкі жарығы және т. с. с. барлық қажетсіз электр құрылғыларын дереу өшіріңіз. Қозғалтқышты тоқтатып, оталдырған кезде аккумулятор батареясының заряды тезірек шығындалатынына ерекше назар аударыңыз. Тексерту үшін А JAC мақұлдаған сервис орталығына хабарласыңыз.

Май қысымының бақылау шамы (қызыл)



Май қысымының бақылау шамы май қысымы жеткіліксіз болған немесе қозғалтқышты майлау жүйесінде ақаулық болған жағдайда жанады. Қалыпты жағдайларда бұл шам оталдыру жүйесін қосқан кезде жанады және қозғалтқышты оталдырғаннан кейін сөнеді.

Егер шам оталдырғаннан кейін жанып тұрса немесе қозғалыс кезінде

Басқару

қосылатын болса, бұл майдың жеткіліксіз деңгейін немесе өзге ақаулықтарды білдіреді. Автокөлік қауіпсіздігі үшін дереу тегіс жерге тоқтау, кемінде 10 минут не одан көп уақыт күте тұру және майдың деңгейін тексеру қажет.

Егер май жеткіліксіз болса, аздап қосымша май құйыңыз да, қозғалтқышты оталдырыңыз. Егер бақылау шамы сөнбесе, қозғалтқышты өшіру және тексерту үшін JAC сервис орталығына хабарласу қажет.

Оталдыру жүйесін қосқан кезде шам 2 секундқа жанады.



Ескертпе

- Мотор майының бақылау шамы қосулы тұрғанда қозғалтқыштың жұмыс істеуі қозғалтқыштың зақымдануына алып келуі мүмкін.

Қозғалтқышты басқару жүйесінің ақаулығының бақылау шамы (сары)

ERC Бұл бақылау шамы автокөліктің диагностикалық жүйесінің бөлігі болып табылады. Ол қозғалтқыштың ақаулығы табылған жағдайда қосылады.

Алдыңғы тұман фараларының индикаторы (жасыл)

 Бұл индикатор алдыңғы тұман фараларын қосқан кезде жанады.

Артқы тұман шамдарының индикаторы (сары)

 Бұл индикатор артқы тұман шамдарын қосқан кезде жанады.

Габарит шамдарының индикаторы (жасыл)

 Бұл индикатор габарит шамдарын қосқан кезде жанады.

Бұрылыс көрсеткіштерінің индикаторы (жасыл)

◀ ➡ Жүріс жолағын ауыстыру немесе бұрылу үшін сол жақ не оң жақ бұрылыс көрсеткішін қосқан кезде аспаптар тақтасында сәйкес индикатор жыпылықтайтын болады.

Егер индикаторлар жыпылықтамаса, тым тез жыпылықтап тұрса немесе жұмыс істемесе, жүйеде ақаулық бар. Алғашқы мүмкіндік туындаған сәтте JAC мақұлданған сервис орталығына хабарласыңыз. Олай етпесеңіз, өзге көлік құралдарының жүргізушілері бұрылу немесе жолақты ауыстыру сигналдарын көрмейтін болады. Апаттық жарық сигналын беру жүйесінің ажыратқышын басқан кезде бұрылыс көрсеткіштері индикаторларының екеуі де бірге жыпылықтайды. Сонымен бірге барлық бұрылыс көрсеткіштері де жыпылықтайды.



Ескерту

- Егер бұл бақылау шамы жанып тұрса, автокөлікпен жүруге тыйым салынады, себебі бұл тежеу жүйесінде ақаудың бар екенін көрсетеді.
- Тежеу жүйесінде ақауы бар автокөлікті басқару қауіпті және ЖКО-ға және жарақаттану жағдайларына алып келуі мүмкін.

Тұрақ тежегішінің және тежеу жүйесі ақауының бақылау шамы (қызыл)

 Бұл шам оталдыру жүйесін қосқан кезде жанады және тұрақ тежегішін өшіргеннен кейін сөнеді; Егер тұрақ тежегіші өшірілмеген болса, жылдамдық 5 км/сағ мәнінен асқан кезде аспаптар тақтасы дыбыс сигналын береді.

Егер бақылау шамы басқа мән-жайларда жанған болса, жылдамдықты азайту және автокөлікті қауіпсіз жерге тоқтату, содан кейін мотор бөліміндегі бактағы тежегіш сұйықтығының деңгейін тексеру қажет.

Бұл шам тежегіш сұйықтығының деңгейі төмендеген жағдайда жанады. DOT4 спецификациялы тежегіш сұйықтығын тиісті деңгейге жеткізіп құйыңыз. Бұл ретте бақылау шамы сөнуі тиіс. Егер басқа ақаулықтар болмаса, барынша абайлап жүргізіп, тексерту үшін JAC мақұлданған сервис орталығына жетіп алу қажет. Егер осы бақылау шамы әрмен қарай жанып

Басқару

тұрса және ABS ақаулығының бақылау шамы жанса, автокөлікпен жүруге тыйым салынады. Автокөлікті жөндеуге JAC мақұлданған сервис орталығына алып бару үшін эвакуаторды немесе басқа тәсілдерді пайдаланыңыз.

Қауіпсіздік жастықтары жүйесінің бақылау шамы (қызыл)

 Қауіпсіздік жастықтары жүйесінің (SRS) бақылау шамы оталдыру жүйесін қосқан немесе қозғалтқышты оталдырған кезде жанады және 6 с бойы жанып тұрады. Бұл қауіпсіздік жастықтары жүйесінің дайын екенін және қалыпты жұмыстық күйде екенін білдіреді.

Қауіпсіздік жастықтары жүйесінің бақылау шамы (қызыл)

 Егер қауіпсіздік жастықтары жүйесінің (SRS) бақылау шамы

оталдыру жүйесін қосқан немесе қозғалтқышты оталдырған кезде жанбаса немесе қозғалыс кезінде жанатын болса немесе мезгіл-мезгілімен жыпылықтайтын болса, SRS жүйесінде ақаулық бар; JAC мақұлданған сервис орталығына жүгініңіз.



Ескерту

- Бұл бақылау шамының сигналдарын елемей қауіпсіздік жастықтары жүйесінде ақаулық болған жағдайда кісі өліміне алып келуі мүмкін.

ABS ақаулығының бақылау шамы (сары)



ABS бақылау шамы оталдыру жүйесін қосқан кезде жанады және 3 секунд бойы жанып тұрады. Бұл жүйенің дайын екенін және қалыпты жұмыстық күйде тұрғанын білдіреді.



Ескерту

- Егер ABS бақылау шамы жанып

тұра берсе немесе қозғалыс кезінде қосылатын болса, ABS жүйесі ақаулы болуы және тежелу кезінде дөңгелектердің бұғатталуына жол беруі мүмкін. Алғашқы мүмкіндік туындаған сәтте тексерту үшін JAC мақұлданған сервис орталығына хабарласыңыз.

Салқындату сұйықтығының жоғары температурасының бақылау шамы (қызыл)

 Егер бұл бақылау шамы қосылса, бұл салқындату сұйықтығының температурасы нормадан жоғары екенін білдіреді. Автокөлікті қауіпсіз жерге тоқтатыңыз. Қозғалтқышты өшіріңіз, капотты ашыңыз, салқындату сұйықтығының деңгейін және салқындату жүйесі сорғысының жетек белбеуін тексеріңіз. Егер салқындату жүйесі ақаулы болса, тексерту үшін JAC мақұлданған сервис орталығына хабарласыңыз.

Қозғалтқыштың пайдаланылған газдарының бақылау шамы (сары)



Бақылау шамы пайдаланылған газдардың күйін қадағалайтын автокөліктің диагностикалық жүйесінің бөлігі болып табылады. Бұл бақылау шамы пайдаланылған газдарды шығару жүйесінің компоненттерінде бұл газдардың уыттылығының көбеюіне алып келетін ақаулық болған жағдайда қосылады.

Шам оталдыру жүйесін қосқан кезде жанады және қозғалтқышты оталдырғаннан кейін сөнеді. Егер бұл шам қозғалыс кезінде жанатын, жыпылықтайтын немесе жұмыс істемейтін болса, пайдаланылған газдардың тазартылуын бақылау жүйесі ақаулы болуы немесе пайдаланылған газдардың уыттылығы нормадан асып кеткен болуы мүмкін. Бұл ретте автокөлік дұрыс жұмыс істей береді, алайда алғашқы мүмкіндік туындаған сәтте тексерту үшін JAC мақұлданған сервис орталығына хабарласыңыз. Автокөлікті мұндай

ақаулығымен ұзақ уақыт пайдалану пайдаланылған газдарды шығару жүйесінің бөлшектерінің зақымдануына және олардың уыттылығының көбеюіне алып келуі мүмкін.

Отынның төмен деңгейінің бақылау шамы (сары)



Бұл бақылау шамы бактағы қалған отынның мөлшері шамамен 7 литрді құрайтын кезде жанады. Мүмкіндігінше тездетіп отынды толықтырып құюға кеңес беріледі. Егер отынның төмен деңгейінің бақылау шамы жанып тұрса немесе отын деңгейінің көрсеткіштері «Е» белгісінен төмен болса, бұл қозғалтқыштың ақаулығына және каталиттік бейтараптандырғыштың зақымдануына алып келуі мүмкін.

Шиналардағы дұрыс емес қысымның индикаторы (сары)*

(!) Бұл индикатор шиналардағы қысым жоғары, төмен және температура жоғары болған жағдайда жанады.

Шинадағы қысым тез төмендеген жағдайда индикатор жыпылықтайды. Шиналарды тексерту үшін JAC мақұлданған сервис орталығына хабарласыңыз.

Круиз-контроль индикаторы (ақ, жасыл)*



Бұл индикатор рульдегі круиз-контроль түймесін басқан кезде круиз-контрольдің қосылуға дайын екенін растап жанады.

Техникалық қызмет көрсету туралы еске салу индикаторы (қызыл)



5000 км жүрілген жолдан немесе пайдаланудың 180 күнінен кейін (бірінші ТҚК 3000 км жолдан немесе 90 күннен кейін) техникалық қызмет көрсету уақыты келген болса, жүргізушіге автокөлікке техникалық қызмет көрсетуден өткізу туралы ескерту үшін кілт түріндегі индикатор жанады.

Басқару

Еске салу!

- Индикаторды құрама ауыстырып қосқыштағы нөлдеу түймесінің көмегімен өшіріп қоюға болады. Индикаторды өшіру үшін оталдыру жүйесінің кілтін LOCK күйіне бұраңыз, нөлдеу/баптау түймесін басып тұрыңыз және қоректендіруді 5 секундқа қосыңыз. Аспаптар тақтасы келесі 5000 км немесе 180 күн есептеуін бастайды, бұлар өткеннен кейін индикатор қайтадан жанады (бірінші ТҚК 3000 км жолдан немесе 90 күннен кейін).

Қозғалтқыш иммобилайзерінің индикаторы (сары)




Оталдыру жүйесінің кілті LOCK немесе ACC күйінде тұрған кезде бұл индикатор әр 5 секунд сайын жыпылықтайды. Егер оталдыру жүйесі қосулы тұрғанда индикатор өзін-өзі тексеруден кейін 2 секундтың ішінде сөнсе, бұл аутентификацияның сәтті өткенін және қозғалтқышты оталдыруға болатынын білдіреді. Егер иммоби-


лайзер индикаторы әр 0,5 с сайын жыпылықтап тұрса, бұл аутентификацияның бұзылғанын және қозғалтқышты оталдырудың бұғатталғанын білдіреді. JAC мақұлданған сервис орталығына хабарласыңыз.

Оталдыру жүйесі кілтінің сипаттамасы және қолданылуы

Кілттер



1. Механикалық кілтті жылжытып шығару түймесі
2. Жабу
3. Жүксалғыш бөлім есігінің құлпын ашу
4. Құлыпты ашу



1 түймесін басыңыз, механикалық кілт автоматты түрде жылжып шығады.

1 түймесін басыңыз да, кілтті қолмен қайырып жинаңыз.

1

2

3

4

5


6

Басқару

⚠ Ескертпе

- Кілтті тікелей түсетін күн сәулелерінен, жоғары температуралардан және жоғары ылғалдықтан қорғаңыз, себебі бұл кілттің электрондық компоненттерінің бұзылуына алып келуі мүмкін.
- Кілттің құлап түсуіне жол бермеңіз және оның үстіне ауыр заттар қоймаңыз.
- Кілтті жылжытып шығару түймесін баспастан қайырып жинауға тыйым салынады, себебі бұл кілттің зақымдануына алып келеді.
- Кілтке металл және басқа да қатты заттардың соғылуына жол бермеңіз, себебі бұл кілттің бұзылуына алып келеді.

Кілттің коды



Автокөлік жинақтамасына бірдей функциялары бар 2 кілт кіреді. 1 кілтті қосалқы пайдалану үшін қауіпсіз жерде сақтаңыз және оны автокөлік ішінде сақтамаңыз.

Сізге сондай-ақ коды бар пластик бирка беріледі. Бұл код кілттер жоғалған жағдайда жаңа кілтті жасату үшін қажет. Бұл бирканы сенімді жерде сақтау қажет.

Еске салу!

- Қауіпсіздік мақсатында тіпті автокөліктен аз уақытқа шығатын болсаңыз да, кілтті оталдыру жүйесінің құлпынан суырып, өзіңізбен бірге алып шығуға кеңес беріледі.

⚠ Ескерту

- Ешқашан кілтті және балаларды автокөлік ішінде қалдырмаңыз, себебі балалар қозғалтқышты оталдырып жіберуі немесе өзге басқару құрылғыларын іске қосып жіберуі және тіпті автокөлікпен орнынан қозғала бастауы мүмкін. Бұл балалардың және басқа адамдардың ауыр жарақаттарына алып келуі мүмкін.
- Автокөлік толық тоқтағанша кілтті оталдыру жүйесінің құлпынан шығармаңыз, шығарып алсаңыз, руль бағанының құлпы іске қосылып, руль бұғатталып қалады.

Қоректендіру элементін ауыстыру



Кілттің қоректендіру элементінің заряды отырған болса және индикатор жанбай тұрса, құлыптау немесе құлыпты ашу түймесін бірнеше рет басу қажет болуы мүмкін. Мүмкіндік болған сәтте қоректендіру элементін ауыстырыңыз.

Қоректендіру элементін ауыстыру бойынша нұсқаулар:

1. Кілттің қақпағын ажыратыңыз және таратқышты шешіп алыңыз.

2. Таратқыштың қақпағын абайлап ашыңыз, ескі қоректендіру элементін шығарып алыңыз да, жаңа элементті теріс контактісін жоғары қаратып салыңыз.

3. Таратқышты жабыңыз және оның герметикалық тығыз жабылғанына көз жеткізіңіз.

4. Таратқышты қашықтан басқару кілтінің пультіне салыңыз да, пульт кілтті жабыңыз.


5. Таратқыштың жұмысын тексеріңіз. Құлыптау немесе құлыпты ашу түймесін басыңыз. Егер жарықдиодты индикатор жанып тұрса, таратқыш дұрыс жұмыс істеп тұр.

⚠ Ескертпе

- Қоректендіру элементін ауыстыру кезінде баспа платаларға қолыңызды тигізбеңіз. Бұл денеңізден өтетін статикалық разрядтың кесірінен таратқыштың зақымдалуына алып келуі мүмкін.
- Қорғанышсыз қолдарыңызбен қоректендіру элементінің екі шықпасынан ұстамаңыз: бұл оның қызмет мерзімін қысқартады.
- Пайдаланылған қоректендіру элементтері қоршаған ортаға зиян келтіреді. Пайдаланылған қоректендіру элементтерін қайта өңдеу бойынша жергілікті заңдар мен нормаларды сақтаңыз. Оларды мамандандырылған қалдықтарды жинау пунктіне өткізіңіз; оларды тұрмыстық қалдықтармен бірге тастамаңыз.

Есік құлпы

Кілттің көмегімен алдыңғы есікті құлыптау және құлыпн ашу




Автокөлікті сыртынан құлыптау үшін кілтті сұғыңыз да, теріс бағытқа бұраңыз. Есікті ашу үшін кілтті оң бағытқа бұраңыз және есіктің тұтқасынан тартыңыз.

Еске салу!

- Автокөлікті қараусыз қалдыратын болсаңыз, есіктерін құлыптаңыз және кілттерін өзіңізбен бірге алыңыз.
- Автокөлікті кілтпен құлыптаған кезде автокөліктің айдап әкетуге қарсы жүйесі іске қосылады.

Кілтті қолданбастан есіктерді құлыптау және құлып ашу



Алдыңғы сол жақ есікті кілтсіз құлыптау: оталдыру жүйесінің кілтін LOCK күйіне бұраңыз, кілтті суырып алыңыз, есіктің ішкі тұтқасындағы құлыптау түймесін басыңыз, есіктің сыртқы тұтқасынан тартып ұстап тұрыңыз, есікті жабыңыз. Есік құлыпталады.

Алдыңғы оң жақ есікті және оң жақ ысырмалы есікті кілтсіз құлыптау: есіктің ішкі тұтқасындағы құлыптау


түймесін басыңыз, есікті жабыңыз, сонда ол құлыпталып қалады.

Еске салу!

- Мұндай құлыптау тәсілінде автокөліктің айдап әкетуге қарсы жүйесі қосылмайды.
- Бұл құлыптау тәсілін қолданған кезде кілттерді автокөлік ішінде қалдырып қоймаңыз.
- Есікті құлыптау түймесінің құлыпталмаған күйінде (суретте құлыпталмаған күй көрсетілген) ішкі жағынан тұтқасының көмегімен есіктің құлын ашуға, сондай-ақ тұтқаның көмегімен есікті сыртқы жағынан ашуға болады.
- Алдыңғы сол жақ есіктің құлыптау түймесі құлыпталған күйде тұрған кезде жүргізушіге есікті ашу үшін есіктің тұтқасынан тарту қажет. Осыдан кейін қалған екі есіктегі құлыптың түймесін көтеру және есікті ашу үшін тұтқадан тарту қажет.

Басқару

Ортаңғы ысырмалы есікті ашу және жабу




Тұтқадан тартыңыз да, жабу үшін есікті ысырыңыз.

Ескертпе


- Ысырмалы есікті жаппас бұрын оның ойығында адамдардың немесе бөтен заттардың жоқ екеніне көз жеткізіңіз, себебі бұл ауыр жарақаттарға немесе зақымдарға алып келуі мүмкін.

Есіктердің орталық құлпы жүйесінің түймелерін қолдану



Жүргізуші есігіндегі құлыптарды басқару түймелері барлық үш есіктің құлыптарын басқарады. 3 есікті құлыптау үшін түйменің оң жағын (1) басыңыз; 3 есіктің құлын ашу үшін түйменің сол жағын (2) басыңыз.

Есіктердің құлыптарын қашықтан басқару



Қашықтан басқару көмегімен құлыптау және құлыпты ашу

Кілттегі қашықтан басқару пультінің (КБП) көмегімен келесі әрекеттерді жасауға болады:

🔑 **Құлыптау:** кілт автокөліктен жол берілетін қашықтықта орналасқан кезде осы түймені бір рет басып қалыңыз. Барлық есіктер құлыпталады, бұрылыс көрсеткіштері бір рет жыпылықтайды

және айдап әкетуге қарсы жүйе іске қосылады.

🔑 **Құлыпты ашу:** кілт автокөліктен жол берілетін қашықтықта орналасқан кезде осы түймені бір рет басып қалыңыз. Барлық есіктер құлпы ашылады, бұрылыс көрсеткіштері екі рет жыпылықтайды және айдап әкетуге қарсы жүйе өшіріледі.

🔑 **Жүксалғыш бөлім есігінің құлын ашу:** жүксалғыш бөлім есігінің құлын ашу үшін осы түймені басыңыз, бұрылыс көрсеткіштері екі рет жыпылықтайды, қалған үш есік құлыптаулы күйінде қалады және тек жүксалғыш бөлімнің есігін ғана ашуға болады.

Басқару

Еске салу!

- Қашықтан басқару пультінің максималды жұмыс істеу қашықтығы нақты жағдайларға байланысты. Автокөліктің немесе кілттің айналасындағы кедергілер, қолайсыз ауа райы немесе радиокедергілер жұмыс істеу қашықтығын қысқартуы мүмкін.
- Егер есіктің құлпы ҚБП көмегімен ашылған болса және 30 секундтың ішінде бір де бір есік ашылмаса және қозғалтқыш оталмаса, автокөлік құлыптарының кездейсоқ ашылып кету қаупін болдырмау үшін есіктер қайта құлыпталады және күзетке қойылады.
- Егер кілт оталдыру жүйесінің құлпынан суырылмаған болса, ҚБП түймелері жұмыс істемейді және айдап әкетуге қарсы жүйе қосылмайды.

Еске салу!

- Егер жүргізушінің есігінен өзге 3 есіктің қандай да бірі толық жабылмаған болса, онда ҚБП-дағы

құлыптау түймесін басқан кезде бұрылыс көрсеткіштері жыпылықтамайды, алайда барлық 3 есік бір мезгілде құлыпталады; ал ҚБП-дағы құлыпты ашу түймесін басқан кезде бұрылыс көрсеткіштері екі рет жыпылықтайды және барлық 3 есіктің құлпы бір мезгілде ашылады;

- Егер жүргізушінің есігі толық жабылмаған болса, онда ҚБП-дағы құлыптау түймесін басқан кезде бұрылыс көрсеткіштері екі рет жыпылықтайды және қалған 3 есіктің құлыптары жұмыс істемейді. ҚБП көмегімен құлыптаған кезде бұрылыс көрсеткіштері жыпылықтамайды, қалған 3 есіктің құлыптары жұмыс істемейді және айдап әкетуге қарсы жүйе қосылмайды. Есіктерді тексеріңіз.
- Айдап әкету үшін қолданылатын технологиялардың үнемі жетілдіріліп отыруына байланысты ҚБП көмегімен құлыптағаннан кейін есіктің тұтқасын қолмен тартып көруге және есіктердің құлыпталғанына көз жеткізуге

кеңес беріледі.

Айдап әкетуге қарсы жүйе

Автокөлікті айдап әкетуден қорғаудың маңызы зор (әсіресе кейбір қалаларда). Автокөліктің айдап әкетуге қарсы көптеген функцияларының болуына қарамастан бір де бір қорғаныш құрылғы автокөлікті айдап әкетуден толық сақтандыра алмайды.

Сіздің автокөлігіңіз айдап әкетуге қарсы жүйемен жабдықталған.

Бұл жүйе есіктерді құлыптау үшін кілтті немесе ҚБП-ны қолданған кезде іске қосылады; жүйе есіктерді қолмен құлыптаған кезде қосылмайды.

Айдап әкетуге қарсы жүйені іске қосу

1. Оталдыру жүйесінің кілтін LOCK күйіне бұраңыз да, кілтті суырып алыңыз.

2. Есіктерді, терезелерді, капотты және жүксалғыш бөлімнің есігін жабыңыз. Барлық әйнектердің жабық екеніне көз жеткізіңіз, себебі жүйе тіпті

әйнектер түсірулі тұрғанда да іске қосыла алады.

3. Автокөлікті құлыптау үшін кілттің ҚБП-сын қолданыңыз немесе кілтті алдыңғы сол жақ есіктің құлпына салыңыз.

Еске салу!

- Есіктерді құлыптау үшін ҚБП қолданылған кезде барлық бұрылыс көрсеткіштері екі рет жыпылықтайды.
- Барлық есіктер құлыпталады.
- Айдап әкетуге қарсы жүйе іске қосылады.
- Бір мәрте дыбыс сигналы қосылады.

Айдап әкетуге қарсы жүйені өшіру

1. Жүргізуші есігінің құлпын кілттің көмегімен ашыңыз.
2. ҚБП-дағы құлыпты ашу түймесін басыңыз.

Еске салу!

- Барлық есіктердің құлпы ашылады.
- Барлық бұрылыс көрсеткіштері екі рет жыпылықтайды.
- Айдап әкетуге қарсы жүйе өшіріледі.

Егер механикалық кілт немесе қашықтан басқару кілті қолданылмастан бір есік немесе жүксалғыш бөлімнің есігі ашылатын болса, дыбыс сигналы қосылады және барлық бұрылыс көрсеткіштері жыпылықтай бастайды.

Күзеттік сигнал беру жүйесін қалай өшіруге болады

Егер күзеттік сигнал беру жүйесі іске қосылған болса, оны келесі тәсілдердің бірімен өшіруге болады:

1. Кілттің ҚБП-ның кез келген түймесін басыңыз.
2. Механикалық кілтті есіктің құлпын ашу/құлыптау үшін алдыңғы сол жақ есіктің құлпына сұғыңыз.

Қозғалтқыш иммобилайзері жүйесі

Қозғалтқыш иммобилайзері жүйесі ЕСМ блогы бар кілттің сымсыз аутентификациясын орындайды. Егер аутентификация сәтті өтсе, ЕСМ блогы оталдыру жүйесін қосуға және отынның берілуіне рұқсат береді. Егер аутентификациядан өтпесе, қозғалтқышты оталдыру бұғатталады. Бұл жүйе қозғалтқышты айдап әкетуге қарсы шифрлауды, сондай-ақ автокөліктің қорғанышы мен қауіпсіздігін қамтамасыз етеді.

Иммобилайзер жүйесін қосу

Оталдыру жүйесінің кілтін LOCK күйіне бұраңыз да, кілтті суырып алыңыз: жүйе іске қосылады және күзету режиміне ауысады, иммобилайзер индикаторы жыпылықтай бастайды.

Иммобилайзер жүйесін өшіру

1. Транспондері бар дұрыс кілтті қолданыңыз.


2. Кілтті оталдыру жүйесінің құлпына салыңыз, оталдыру жүйесінің кілтін ON күйіне бұраңыз.

3. Қозғалтқышты оталдырыңыз, бақылау шамы сөнеді.


Капот

Капотты ашу тұтқасы А бағанының қаптауышында орналасқан. Ашу және жабу келесі тәсілмен орындалады:

1. Капотты ашу тұтқасынан ұстап тартыңыз.



2. Капоттың алдыңғы бөлігіндегі саңылауға саусақтарыңызды сұғыңыз, ішкі тұтқаны бұғаттан шығарыңыз және капотты көтеріңіз.



3. Капоттың тіреуіш бағанын шығарып алыңыз және оның ұшын тіреуіш саңылауға салыңыз.

4. Капотты сәл көтеріңіз, тіреуіш бағанды саңылаудан босатып алыңыз және оны бекіткішке қыстырыңыз, капотты жай төмен түсіріңіз және шамамен 30 см биіктіктен оның жабық күйге еркін құлауына мүмкіндік беріңіз. Құлыпталғанына көз жеткізу үшін

капотты көтеріп көріңіз, құлыпталмаған болса, жоғарыда көрсетілген әрекеттерді қайталаңыз.

⚠ Ескерту

- Жол жүрмес бұрын капоттың құлыпталғанына көз жеткізіңіз, құлыпталмаған болса, капот қозғалыс кезінде ашылып кетіп, көру аймағын жауып қалуы мүмкін, бұл ЖКО-ға алып келеді.
- Капоттың түсіп кетіп, жаракат келтіруіне жол бермеу үшін мотор бөлімін тексеруге кіріспес бұрын тіреуіш бағанның саңылауға толық бекітілгеніне көз жеткізіңіз.
- Капот көтерулі күйде тұрған кезде автокөлікпен жүре бастаманыз, себебі капот көру аймағын көлегейлеп тұрады және құлап кетуі мүмкін, бұл зақымдарға алып келеді.
- Қозғалыс кезінде капотты ашу тұтқасынан тартпаңыз.


Жүксалғыш бөлімнің есігі

Жүксалғыш бөлімнің есігін ашу

1-тәсіл:

Автокөлік құлыптаулы тұрғанда және кілт автокөліктің сыртында болғанда кілттің ҚБП-сын автокөлік антенналарының жұмыс істеу аймағына орналастырыңыз және кілттегі құлыпты ашу түймесін басып қалыңыз: бұрылыс көрсеткіштері екі рет жыпылықтайды және айдап әкетуге қарсы жүйе қосылады. ⚡

Бас бармағыңызбен А түймесін басып тұрыңыз, қалған саусақтарыңызды жарықдиодты жолақтың үстіне қойыңыз және жүксалғыш бөлімнің есігін көтеріңіз.



1

2

3

4


5

6

Басқару

2-тәсіл:


Кілтті автокөлік антенналарының жұмыс істеу аймағына орналастырыңыз, кілттегі 1 жүксалғыш бөлім есігінің құлпын ашу түймесін бір рет басыңыз. Бас бармағыңызбен А түймесін басып тұрыңыз, қалған саусақтарыңызды жарықдиодты жолақтың үстіне қойыңыз және жүксалғыш бөлімнің есігін көтеріңіз.



3-тәсіл:

Жүргізуші есігіндегі құлыптарды басқару түймесін басыңыз.  барлық 4 есік құлыпталады.

 түймесін басыңыз: барлық 4 есіктің құлпы ашылады. Бас бармағыңызбен А түймесін басып тұрыңыз, қалған саусақтарыңызды жарықдиодты жолақтың үстіне қойыңыз және жүксалғыш бөлімнің есігін көтеріңіз.



Еске салу!


- Жүксалғыш бөлімнің есігін жаппай тұрып жүксалғыш бөлімнің есігінің жабылу аймағынан қолдарыңызды

және басқа дене мүшелерін қауіпсіз қашықтыққа алыңыз.

Ескерту

- Жүксалғыш бөлімнің есігі ашық күйде жүрген кезде пайдаланылған газдар салонға кіреді және елеулі жарақаттарға алып келеді, себебі пайдаланылған газдар әдетте улы келеді.
- Ашық тұрған жүксалғыш бөлімнің есігі артқы көріністі келегейлеп тұрады, бұл соқтығысуға, автокөліктің немесе басқа мүліктің зақымдануына және ЖКО-ға алып келуі мүмкін.
- Жүксалғыш бөлімнің есігін жабу үшін артқы әйнектен баспаңыз; бұдан артқы әйнек шытынап кетуі және ықтимал жарақаттар келтіруі мүмкін.
- Әрбір жолы жабылғанын тексеру үшін жүксалғыш бөлімнің есігін сәл көтеріп көріңіз, әйтпесе жүксалғыш бөлімнің есігі қозғалыс кезінде ашылып кетуі мүмкін.

Автокөлікті электрмен қоректендіру ажыратылған кездегі жүксалғыш бөлімнің есігін апаттық ашу



1. Артқы орындықтарды жинаңыз, салон жағындағы жүксалғыш бөлімнің есігінің құлпын ашу механизмінің қақпағын шешіп алыңыз.
2. Ашу механизмінің иінітірегін жылжытыңыз да, жүксалғыш бөлімнің есігін ашыңыз.

1

2

3

4

5


6

Басқару

Отын багы аузының қақпағы


Отын багының құятын аузы автокөлік шанағының артқы сол жақ панелінде орналасқан.

Отын багы аузының қақпағын ашу



Отын құю аузының қақпағын ашу үшін алдыңғы панельдің астыңғы сол жағындағы тұтқаны көтеріңіз; люк автоматты түрде ашылады.

Ашу үшін отын құю аузының қақпағын теріс бағытқа бұраңыз.




Отын багы аузының қақпағын жабу

Отын құю аузының қақпағын теріс бағытқа сырт еткен дыбыс естілгенше бұраңыз да, люкті жабыңыз.

⚠ Ескертпе

- Егер отын құю аузының қақпағын мұз катудың себебінен ашу қиын болса, қақпақты сәл соққылай немесе ырғай отырып, мұзын сындыруға болады. Босатып шығару үшін қақпақтың астынан құралдармен іліп тартуға тыйым салынады. Қажет болса, мақұлданған мұз еріткішті (алайда радиаторға арналған салқындату сұйықтығын емес) қақпақтың айналасына бүркіңіз немесе автокөлікті жылырақ жерге кіргізіп қойыңыз.

Құлыпты іштен ашудан бұғаттау



Ысырмалы есік құлыпты іштен ашудан бұғаттау функциясымен жабдықталған, ол жолаушыларға (әсіресе балаларға) есікті тұтқасынан тартып ашуға мүмкіндік бермейді. Есіктерді автокөліктің ішкі жағынан кездейсоқ ашып жіберу жарақаттарға алып келуі мүмкін. Артқы орындықтарда балалар отырған кезде құлыпты бұғаттау функциясын пайдалануға кеңес беріледі.

Құлыпты іштен ашудан бұғаттау функциясын қосу

Құлыпты іштен ашудан бұғаттау функциясын қосу үшін артқы есіктің қырындағы шағын иінтіректі үстіңгі күйге ауыстыру қажет. Иінтіректің мұндай күйінде есікті тек сыртқы тұтқаның көмегімен ғана ашуға болады.

Құлыпты іштен ашудан бұғаттау функциясын өшіру

Құлыпты іштен ашудан бұғаттау функциясын өшіру үшін артқы есіктің қырындағы шағын иінтіректі астыңғы күйге ауыстырыңыз.

Еске салу!

- Құлыпты іштен ашудан бұғаттау функциясы іске қосылған болса, есіктің ішкі тұтқасын күшпен тартпаңыз: тұтқаны зақымдап алуыңыз мүмкін.

⚠ Ескерту

- Есіктерді құлыпталмаған күйде қалдыру өте қауіпті. Жол жүруді бастамас бұрын (әсіресе баламен) барлық есіктердің жабық және құлыптаулы екеніне және қозғалыс кезінде абайсызда ашылып кетпейтініне көз жеткізіңіз.
- Жабық есіктер мен тағылған қауіпсіздік белбеулері ЖКО жағдайында жолаушылардың автокөліктен ұшып шығуының алдын ала алады.
- Жазатайым жағдайлардан сақтану үшін есікті ашпас бұрын мұның қауіпсіз екеніне көз жеткізіңіз.

Басқару

Әйнеккөтергіштер

Электр әйнеккөтергіштер оталдыру жүйесі қосулы тұрған кезде жұмыс істейді.

Бас ауыстырып қосқыш жүргізуші есігінің панелінде орналасқан; алдыңғы оң жақ әйнеккөтергішті алдыңғы жолаушы жағындағы есіктің панеліндегі ауыстырып қосқыштың көмегімен басқаруға болады.

Алдыңғы сол жақ әйнеккөтергіштің ауыстырып қосқышында бір рет тұрту арқылы түсіру функциясы қолжетімді. Егер түймені бір рет толық басып, қайта жіберсеңіз, әйнек тез түсіріледі.

Әйнектің түсірілуін тоқтату үшін түймені тағы бір рет басыңыз.




Ескерту

- Бас ауыстырып қосқыш пен көмекші ауыстырып қосқышты бірге баспаңыз, басқан жағдайда әйнек тоқтап қалады және оны ашуға да, жабуға да мүмкін болмайды.

Қысып қалудан жарақат алмау үшін әйнекті жапқан кезде абай

болыңыз.

Ауыстырып қосқыштардың бас блогы




1. Алдыңғы сол жақ әйнеккөтергіштің ауыстырып қосқышы
2. Алдыңғы оң жақ әйнеккөтергіштің ауыстырып қосқышы

Алдыңғы жолаушы жақтағы әйнеккөтергіштің ауыстырып қосқышы

Алдыңғы жолаушы жақтағы есіктің панелінде алдыңғы оң жақ әйнеккөтергіштің бөлек ауыстырып

қосқышы бар. Көтеру және түсіру үшін ауыстырып қосқышты басып не көтеріп ұстап тұру қажет.



Ашу: ауыстырып қосқышты төмен басыңыз.

Жабу: ауыстырып қосқышты жоғары көтеріңіз.




Ескертпе

- Тіпті аз уақытқа автокөлікті қараусыз қалдырмақшы болсаңыз да, міндетті түрде айнектерді жабыңыз, кілтті суырып алыңыз және есіктерді жабыңыз.
Қысып калудан жарақат алмау үшін

айнекті жапқан кезде абай болыңыз.

Апаттық жарық сигналын беру жүйесінің ажыратқышы



Апаттық жарық сигналын беру жүйесінің ажыратқышында жоғарыда көрсетілгендей үшбұрыш түріндегі таңба бар.

Апаттық жарық сигналын беру жүйесін тіпті оталдыру жүйесі өшірулі тұрған кезде де қосуға болады. Апаттық жарық

сигналын беру жүйесін келесі жағдайларда қосып қойыңыз:

1. ЖКО.
2. Кептеліс.
3. Автокөлік ақаулы немесе қауіпсіз емес күйде.
4. Жаңбыр, қар жауып тұрғанда, тұман кезінде немесе өзге де көру мүмкіндігі нашар жағдайларда көлік жүргізу.




Ескерту

- Апаттық жарық сигналын беру жүйесі қосулы тұрған кезде бұрылыс көрсеткіштері басымдыққа ие; жарық сигналын беру жүйесі бұрылыс көрсеткішін өшіргеннен кейін жұмысын жалғастырады.

Басқару

Сол жақ астыңғы панельдегі ауыстырып қосқыштар блогы




1. Фаралар түзеткішінің реттегіші. Реттегішті 0-ден 6-ға дейінгі күйлердің арасында бұраған кезде таяу жарық фараларының жарық шоғының биіктігі жоғары мәннен сәйкесінше төмен мәнге дейін өзгереді. Бұл функция негізінен автокөлікке жүк артудың әртүрлі нұсқаларына арналған.
2. Жарықтандыру айқындығының реттегіші. Реттегішті бұрай отырып, салондағы жарықтың айқындығын

өзгертуге болады. Реттеу тек жарық қосылып тұрғанда ғана жұмыс істейді.

Жарықтандыру аспаптары және көру мүмкіндігін жақсарту құралдары

Салон жарығы

Салон жарығының алдыңғы плафоны



1. Кітап оқуға арналған сол жак/оң жак шамның ажыратқышы
2. Төбе плафонының ажыратқышы
3. Төбедегі люктің ауыстырып қосқышы
4. Көзілдірікке арналған футляр

Салон жарығының және кітап оқуға арналған шамның алдыңғы плафоны

Төбе плафоны жарығының сәулесі түнгі уақытта кітап оқуға мүмкіндік береді; жүргізушіге және алдыңғы жолаушыға бөлек плафондар қарастырылған.

Төбе плафоны ажыратқышының сол жак/ортаңғы/оң жак күйі: суретте көрсетілгендей, сол жак – OFF, ортаңғы – DOOR, оң жак – ON.

ON (Қос.) – плафон қосулы және қолмен өшірілмейінше жанып тұра береді.


DOOR (Есік) – плафон қандай да бір есік (жүксалғыш бөлімнің есігінен басқа) ашылған кезде қосылады және есік жабылғаннан кейін өшеді.

OFF (Өшір.) – плафон толықтай өшірулі және есікті ашқан кезде жанбайды.

1 ауыстырып қосқыштар төбедегі басқару панеліндегі сол және оң жақтарда орналасқан, олардың функциялары бірдей және бөлек-бөлек қолданыла алады.

Төбедегі люктің жылжу бағыты люк ауыстырып қосқышын жылжыту бағытына сәйкес келеді (егер люк бар болса).

Салон жарығының артқы плафоны



ON (Қос.) – жарық тұрақты жанып тұрады.

OFF (Өшір.) – жарық өшірілі.

1

2

3

4

5


6

Басқару

Есіктердің плафондары

Алдыңғы есіктердің астыңғы бөлігінде орналасқан.


Есіктің сәйкес плафоны есікті ашқан кезде жанады және есік жабылған кезде өшеді.




Ортаңғы ысырмалы есіктің басқышының жарықтандыру шамы

Артқы оң жақ есіктің басқышында орналасқан.


Есікті ашқан кезде қосылады және есік жабылған кезде өшеді.



Жарықтандыру аспаптары




1. Бұрылыс қайталағыштары көрсеткіштерінің
2. Блок-фаралар
3. Алдыңғы тұман фаралары



1. Үстіңгі стоп-сигнал
2. Артқы құрама шам
3. Артқы тұман шамы

Блок-фаралар



1. Алдыңғы габарит шамы
2. Алдыңғы бұрылыс көрсеткіші
3. Таяу жарық
4. Шалғай жарық

Таяу жарық

Жолды жақын қашықтықта жарықтандырады және, мысалы, жақсы жарықтандырылған қала жағдайларында қосымша қауіпсіздік үшін қолданылады.

Шалғай жарық

Жолды үлкен қашықтықта жарықтандыру үшін немесе көру мүмкіндігі нашар жағдайларда қолданылады. Қарсы бағыттағы немесе бағыттас көлікке жақындаған кезде шалғай жарықтан кешіктірмей таяу жарыққа ауыстырып қосыңыз.

Алдыңғы бұрылыс көрсеткіші

Ол бұрылған немесе жолақты ауыстырған кезде қолданылады.


⚠ Ескертпе

- Блок-фараның артқы қақпағын немесе шамның патронын ұзақ уақытқа шешіп қоймаңыз: ішіне шаң-тозаң, ылғал және батпақ жиналып қалуы және фараның жұмысын нашарлатуы мүмкін. Күйіп кеткен шамды шешіп алыңыз да, бірден орнына жаңа шам орнатыңыз, патронды және артқы қақпақты орындарына орнатыңыз.
- Блок-фаралар ішінара басқа компоненттермен жабылған. Галоген шамдарды мотор бөлімінен ауыстыруға болады, алайда шамдарды бүкіл блок-фараны шешіп алу арқылы ауыстыруға кеңес беріледі.
- Ауыстырған кезде шамды әйнегінен емес, пластмасса түпшесінен ұстаңыз.
- Шешіп алу кезінде шамды сілкімеңіз және бұрамаңыз.
- Орнатқаннан кейін блок-фаралардың күйін реттеңіз; бұны JAC мақұлданған сервис орталығында жасауға болады.


Электрлік фаралар түзеткіші

Таяу жарық шамдарының жарық шоғының биіктігін салоннан реттеуге болады. Фаралар түзеткішінің реттегіші рульдің сол жағында алдыңғы панельдегі ауыстырып қосқыштар блогында орналасқан.

Фараларды түзеу автокөлікке жүк артудың әртүрлі жағдайларына сәйкес орындалады. Реттегішті шкаладағы кіші мәннен үлкен мәнге қарай бұраған кезде жарық шоғының биіктігі біртіндеп азаяды.




Алдыңғы тұман фаралары



Бұл фаралар көру мүмкіндігі нашар жағдайларда (мысалы, тұман кезінде) қолданылады, олар сіздің автокөлігіңіздің және жол қозғалысының басқа қатысушыларының қосымша қауіпсіздігі үшін анағұрлым бағытталған және күшті жарықты қамтамасыз етеді.

Бұрылыс көрсеткіштерінің қайталағыштары




Бұрылыс көрсеткіштерінің сигналдарын автокөліктің қапталында орналасқан жүргізушілер мен жаяу жүргіншілерге көруге мүмкіндік береді.

Еске салу!

- Суық немесе ылғал ауа райында фаралардың іші буланып кетуі мүмкін; бұл фара шашыратқышы мен сыртқы ауа температураларының айырмашылығына байланысты орын алады. Булану фараларды қосқаннан кейін біртіндеп жойылады, алайда шашыратқыштың жиектерінде қалып қоюы мүмкін.
- Артқы жүріс шамдары мен бұрылыс көрсеткіштері де булануы мүмкін. Булану жарықтандыру аспаптарының қызмет ету мерзіміне әсер етпейді.

Артқы құрама шам



1. Артқы габарит шамы
2. Стоп-сигнал / артқы габарит шамы
3. Артқы бұрылыс көрсеткіші
4. Артқы жүріс шамы

Стоп-сигналдар

Автокөліктің артында орналасқан өзге жүргізушілерге немесе жаяу жүргіншілерге ескерту үшін қолданылады.

Басқару

⚠ Ескертпе

- Жеке қауіпсіздігіңіз және басқа адамдардың қауіпсіздігі үшін жол жүрер алдында әрдайым автокөлігіңіздің стоп-сигналдарын тексеріп отырыңыз. Келеңсіз оқиғаларға жол бермеу үшін қандай да бір зақым немесе ақаулық анықталған болса, оны түзеңіз.

Артқы бұрылыс көрсеткіші

Автокөліктің артқы жағында орналасқан басқа жүргізушілер мен жаяу жүргіншілерге қозғалыс бағытының өзгертілуі туралы сигналдар беру үшін қолданылады.


⚠ Ескертпе

- Автокөліктің артқы жағындағы басқа жүргізушілерге немесе жаяу жүргіншілерге өзіңіздің ниетіңіз туралы хабар беру және ЖКО-дан сақтану үшін бұрылыс көрсеткіштерін бұрылысқа дейін 50–100 метр бұрын қосыңыз.

Артқы габарит шамы

Қас қарайған кезде немесе көру мүмкіндігі нашар жағдайларда қолданылады.

Артқы жүріс шамдары




Сіздің артыңызда орналасқан басқа жүргізушілер мен жаяу жүргіншілерге автокөлігіңіздің артқы жүріспен қозғалатынын хабарлау үшін қолданылады.

⚠ Ескертпе

- Қажетсіз соқтығысуларға немесе борпылдақ жол жабынына батып


қалуға жол бермеу үшін артқы жүріспен қозғалысты бастамас бұрын автокөліктен түсуге және автокөліктің артындағы жолдың күйін тексеруге кеңес беріледі.

Үстіңгі стоп-сигнал



Қосымша стоп-сигнал ретінде қолданылады.


Артқы тұман шамы



Ол көру мүмкіндігі нашар жағдайларда артқы жақта орналасқан басқа жүргізушілерге немесе жаяу жүргіншілерге сіздің автокөлігіңіздің көрінуін жақсарту үшін қолданылады. Бұл жолдардағы қауіпсіздікті арттыруға және ЖКО-дан сақтануға мүмкіндік береді.

Құрама ауыстырып қосқыш


Бұрылыс көрсеткіштерін ауыстырып қосқыш



Бұрылыс көрсеткіштері тек оталдыру жүйесі қосылып тұрғанда ғана жұмыс істейді. Сол жақ бұрылыс көрсеткішін қосу үшін жарықты басқару иінтірегінің төмен басыңыз; оң жақ бұрылыс көрсеткішін қосу үшін иінтіректі жоғары қарай көтеріңіз. Аспаптар тақтасында сәйкес индикатор жыпылықтай бастайды. Бұрылу әрекетін аяқтағаннан кейін руль орнына

қайтып оралған кезде жарықты басқару иінтірегі автоматты түрде бастапқы күйіне қайтып оралады және бұрылыс көрсеткіштері сөнеді.

Фаралар ауыстырып қосқышы



Жарықты басқару үшін бұрылыс көрсеткіштері иінтірегінің ұшындағы цилиндр пішінді ауыстырып қосқыш қолданылады. Габарит шамдарын, нөмір белгісінің жарығын, аспаптар мен консольдың жарығын қосу үшін ауыстырып қосқышты габарит шамдарының күйіне $\Rightarrow \text{DCC} \Leftarrow$ бұраңыз.


Басқару

Жарықты өшіру үшін ауыстырып қосқышты  күйіне бұраңыз.

Еске салу!


- Егер фаралар ауыстырып қосқышы OFF (Өшір.) күйінде тұрмаса, кілтті оталдыру жүйесінен суырып алған кезде габарит шамдары жанып тұра береді.
- Аккумулятор зарядының отыруынан және қозғалтқышты оталдыру кезіндегі бұзылулардан сақтану үшін жол жүруді бастамас бұрын фаралар ауыстырып қосқышының OFF (Өшір.) күйінде тұрғанын тексеріп алуға кеңес беріледі.

Фаралардың шалғай жарығының ажыратқышы




Бұрылыс көрсеткіштерінің иінтірегін сырт еткен дыбыс естілгенше (жүргізушіден) алға қарай итеріңіз. Фаралардың шалғай жарығы қосылады және аспаптар тақтасында сәйкес индикатор жанады. Таяу жарыққа қайтадан ауыстыру үшін иінтіректі артқа қарай тартыңыз.

Фаралардың шалғай жарығымен сигнал беру




Фараларды жыпылықтату үшін иінтіректі жеңіл артқа тартып, қайта жіберіңіз, осы кезде шалғай жарык қосылып, қайта өшеді. Фаралар тіпті фаралар ауыстырып қосқышы OFF (Өшір.) күйінде тұрса да жыпылықтайды. Егер басқару иінтірегін жүргізушіге қарай тартып ұстап тұрсаңыз, шалғай жарык иінтіректі босатпайынша қосылып тұрады.

Алдыңғы тұман фараларының ажыратқышы




Жарықты басқару иінтірегінде орналасқан. Иінтіректің ұшындағы цилиндрлі ауыстырып қосқыш  не  күйіне бұралған кезде алдыңғы тұман фараларын қосу үшін иінтіректегі сақиналы ажыратқышты  күйінен  күйіне бұрауға болады. Бұл ретте аспаптар тақтасында сәйкес индикатор жанады. Тұман фараларын өшіру үшін сақиналы ажыратқышты OFF (Өшір.) күйіне бұраңыз.

Артқы тұман шамының ажыратқышы



Жарықты басқару иінтірегінде орналасқан. Иінтіректің ұшындағы цилиндрлі ауыстырып қосқыш  не  күйіне бұралған кезде артқы тұман шамын қосу үшін иінтіректегі сақиналы ажыратқышты  күйінен  күйіне бұрауға болады. Бұл ретте аспаптар тақтасында сәйкес индикатор жанады. Артқы тұман шамын өшіру үшін жоғарыда көрсетілген әрекеттерді қайталаңыз немесе цилиндрлі ауыстырып қосқышты OFF (Өшір.) күйіне ауыстырыңыз.

Алдыңғы әйнектазартқыш



Алдыңғы әйнектің әйнектазартқышы мен жуғышты оталдыру жүйесі қосулы тұрғанда ғана жұмыс істейді. Басқару иінтірегіннің 5 күйі бар:
MIST: қысқа мерзімді қосылу; OFF: өшіру; INT: үзік режим; LO: төмен жылдамдықпен жұмыс істеу режимі; HI: жоғары жылдамдықпен жұмыс істеу режимі.

Басқару

Әйнектазартқыштың қысқа мерзімді қосылуы

Иінтіректі өшірулі күйінен сәл жоғары қарай итеріңіз: әйнектазартқыш қысқа мерзімді қосылу режиміне өтеді және иінтіректі ұстап тұрған кезіңізде жоғары жылдамдықпен жұмыс істейді. Бұл режимде алдыңғы әйнекті тез тазалап алуға болады.

Үзік режим

Иінтіректі төмен INT күйіне қойыңыз; әйнектазартқыштың жұмыс істеу интервалын иінтіректегі сақиналы реттегішті бұрау арқылы реттеуге болады.

Төмен жылдамдықпен жұмыс істеу режимі

Иінтіректі төмен LOW күйіне қойыңыз: әйнектазартқыш төмен жылдамдықпен жұмыс істейді.


Жоғары жылдамдықпен жұмыс істеу режимі

Иінтіректі төмен HIGH күйіне қойыңыз: әйнектазартқыш жоғары жылдамдықпен жұмыс істейді.

Алдыңғы әйнектазартқышты өшіру


Әйнектазартқышты өшіру үшін иінтіректі OFF күйіне қойыңыз.

Алдыңғы әйнектазартқыштың интервалын реттеу



Әйнектазартқышты басқару иінтірегі INT күйінде тұрған кезде әйнектазартқыш әртүрлі жылдамдықпен үздіксіз жұмыс істей алады. Егер сақиналы реттегішті көрсеткімен көрсетілген бағытқа қарай бұрасаңыз, әйнектазартқыштың жұмыс істеу жылдамдығы кемиді (қосылулардың арасындағы интервал ұлғаяды).

Артқы әйнектазартқыш




Артқы әйнектазартқышты қосу

Әйнектазартқыштарды басқару иінтірегінің ұшындағы А тұтқасын оң бағытқа ON (Қос.) күйіне бұраңыз.

Артқы әйнектазартқышты өшіру

Әйнектазартқыштарды басқару иінтірегінiң ұшындағы А тұтқасын теріс бағытқа OFF (Өшір.) күйіне бұраңыз.


Әйнекжуғыштар



Алдыңғы әйнекжуғыш

Әйнектазартқышты басқару иінтірегін өзіңізге қарай тартыңыз: иінтіректі босатпайынша жуғыш су бүркіді, ал әйнектазартқыш төмен жылдамдықпен жұмыс істейді.

Иінтіректі жіберіңіз: әйнектазартқыш тағы 3 рет қосылады да, тоқтайды.



Артқы әйнекжуғыш

Әйнектазартқышты басқару иінтірегін өзіңізден сыртқа қарай итеріңіз: иінтіректі босатпайынша жуғыш су бүркіді, ал әйнектазартқыш төмен жылдамдықпен жұмыс істейді. Иінтіректі жіберіңіз: әйнектазартқыш тағы бір рет қосылады да, тоқтайды.

Еске салу!

- Қыстыгүні немесе аязды ауа райында әйнектазартқышты қоспас бұрын оның щеткаларының алдыңғы әйнекке жабысып қатып қалмағанына көз жеткізіңіз.


! Ескертпе

- Жуғыш әрбір қосқан кезде 15 секундтан артық жұмыс істемейді. Әйнекжуғыш бағында сұйықтық болмаса, әйнекжуғышты қосуға тыйым салынады.
- Төмен температураларда әйнектазартқыш щеткаларының алдыңғы әйнекке жабысып қатып қалмағанын тексеріп алу қажет; щеткалары жабысып қатып қалған әйнектазартқышты қосудың салдарынан оның электрқозғалтқышы бұзылуы мүмкін.
- Алдыңғы әйнекте мұздың немесе басқа кедергілердің болуына байланысты әйнектазартқыштың тіреліп қалуы әйнектазартқыш электрқозғалтқышының бұзылуына алып келуі мүмкін. Мұндай жағдайда

әйнектазартқыштың еркін қозғалысын қамтамасыз ету үшін дереу тоқтаңыз, оталдыру жүйесін өшіріңіз, автокөліктен түсіңіз де, алдыңғы әйнекті тазалап алыңыз.

- Алдыңғы әйнек құрғақ кезде әйнектазартқышты қолданбаңыз: бұл сызаттардың пайда болуына және әйнектің мерзімінен бұрын тозуына алып келуі мүмкін.

Күнқағар қалқа



Күнқағар қалқалар жүргізушінің және алдыңғы жолаушының алдына

орнатылған және алдынан және бүйірден түскен күн сәулесінен қорғанышты қамтамасыз етеді.

Күнқағар қалқаны қажетті күйге түсіру үшін күнқағар қалқаның артқы жиегін төмен қарай қайырыңыз. Қолдану қажет болмаған кезде күнқағар қалқаны бастапқы күйіне қайырыңыз.

Бүйірден түскен күн сәулесінен қорғану үшін күнқағар қалқаны бүйірлік бекіткішінен ажыратып алыңыз да, есікке қарай бұрыңыз.

Күнқағар қалқа түсірулі тұрған кезде қалқадағы қақпақты ашып, косметикалық айнаны қолдануға болады.


Жүргізушінің күнқағар қалқасында қалқа көтерулі тұрған күйде рұқсаттама құжаттар мен түбіртектерді сақтауға арналған таспабау қарастырылған.

Алдыңғы жолаушының күнқағар қалқасында қауіпсіздік жастығының логотипі және тиісті нұсқаулар бар.

Артқы көрініс айнасы

Қолмен күңгірттелетін ішкі артқы көрініс айнасы

Орындықты көлікті жүргізуге қолайлы күйге келтіріп реттеп алыңыз. Артқы көрініс айнасын автокөліктің артындағы аймақты көре алатындай етіп реттеңіз. Айнаның ортаңғы бөлігінен ұстаңыз да, айнаны қажетті бағытқа қарай бұрыңыз. Қажетті күйін таба алмай жатсаңыз, айнаның түбіріндегі топсаны реттеңіз, содан кейін айнаны реттеңіз.



1

2

3

4

5

6

Басқару

Күндізгі қалыпты күй 1: күнгірттенуді басқару иінтірегінің ұшы алдыңғы әйнекке қарай бағытталған.

Түнгі уақыттағы күнгірттеу күйі 2: күнгірттенуді басқару иінтірегінің ұшы артқы көрініс айнасына қарай бағытталған.




Ескертпе

- Қозғалыс кезінде автокөліктің артындағы аймақтың нашар көрінуі соқтығысуға, автокөліктің немесе басқа мүліктің зақымдануына алып келуі, сондай-ақ жаракаттар келтіруі мүмкін.

Электржетекті сыртқы артқы көрініс айналары

Сыртқы айналарды реттеу электржетегінің ауыстырып қосқышы алдыңғы есіктің қаптауышында орналасқан.



Сыртқы артқы көрініс айналарын реттеу

Сол жақ артқы көрініс айнасының күйін реттеу үшін ауыстырып қосқышты 2 солға қайырыңыз, түймені 1 төрт бағыттың біріне қарай басыңыз. Оң жақ артқы көрініс айнасының күйін реттеу үшін ауыстырып қосқышты 2 оңға қарай қайырыңыз. Екі айнаның да реттеуін бұғаттау үшін ауыстырып қосқышты 2 ортаңғы күйге қойыңыз.

Еске салу!

- Артқы көрініс айналарын реттеу үшін оталдыру жүйесінің кілті ACC не ON күйінде тұруы тиіс.
- Реттеу электржетегі істемей тұрған кезде айнаны айна элементінің жиегінен саусағыңызбен басу арқылы реттеуге болады.

*Сыртқы артқы көрініс айналарының жылытқышы

Жылытқышы қосулы тұрған кезде артқы көрініс айнасының бетінен ұстамаңыз.


⚠ Ескертпе

- Көру аймағын ұлғайту және автокөліктің айналасындағы объектілер мен басқа көлік құралдарын көріп отыру үшін міндетті түрде артқы көрініс айналарын реттеп алыңыз және көлікті жүргізу барысында оларды пайдаланыңыз.
- Өз автокөлігіңіз бен басқа объектілердің арасындағы қашықтықты дұрыс бағаламау соқтығысуға және автокөлігіңіз бен басқа мүліктің зақымдануына алып келуі, сондай-ақ жарақаттар келтіруі мүмкін. Артқы көрініс айнасына дұрыс қызмет көрсетпеуден ол бүлінуі мүмкін.
- Айнаның бетіне қатқан мұзды қырмаңыз. Егер мұз немесе басқа заттар айнаның қозғалысына

кедергі келтіретін болса, айнаны реттеуге тыйым салынады.

Сыртқы артқы көрініс айналарын қолмен жинау

Жинау үшін артқы көрініс айнасын есікке қарай қайырып итеріңіз. Шектеулі кеңістікте тұраққа қойған кезде айналарды жинап қоюға кеңес беріледі.




⚠ Ескертпе

- Сфералық айна (дөнес айна) көру бұрышын үлкейтеді, алайда мұндай айнадағы объектілер шынайы жағдаймен салыстырғанда кішірек және алысырақ орналасқан болып көрінеді. ЖКО-дан сақтану үшін қозғалыс жолағын ауыстырған кезде артта келе жатқан көлік құралдарына дейінгі қашықтықты дұрыс бағалаңыз. Қауіпті!
- Артыңызда келе жатқан автокөліктерге дейінгі қашықтықты бағалау үшін мүмкіндігінше ішкі артқы көрініс айнасын қолданыңыз.
- Сыртқы артқы көрініс айнасын қайырып ашқан кезде абай болыңыз, жарақат алып қалмау үшін айна мен оның негізінің арасына саусақтарыңызды қоймаңыз. Қауіпті!

⚠ Ескерту

- Асфералық айна (дөңес айна) көру бұрышын үлкейтуге мүмкіндік береді. Мұндай айнада заттар кішірек және алысырақ тұрған болып көрінеді.
- Егер автокөлігіңіз мұндай айналармен жабдықталған болса, ЖКО-дан сақтану үшін қозғалыс жолағын ауыстырған кезде басқа көлік құралдарына дейінгі қашықтықты мұқият бағалау қажет!
- Артыңызда келе жатқан автокөліктерге дейінгі қашықтықты бағалау үшін мүмкіндігінше ішкі артқы көрініс айнасын қолданыңыз. Сыртқы артқы көрініс айнасын қайырып ашқан кезде абай болыңыз, жарақат алып қалмау үшін айна мен оның негізінің арасына саусақтарыңызды қоймаңыз.

Артқы тұрақ датчиктері жүйесі



Оталдыру жүйесі қосулы және артқа жүру берілісі таңдалған болса, бұл жүйе өзін-өзі тексереді. Егер зуммер бір сигнал берсе, жүйе дұрыс жұмыс істеп тұр. Егер жүйе екі сигнал берсе, жүйеде ақаулық бар, тексерту үшін JAC мақұлданған сервис орталығына хабарласыңыз. Өзін-өзі тексерудің нәтижелері:

Өзін-өзі тексерудің нәтижесі	Дыбыстық ескерту
Қалыпты күй	Бір сигнал беріледі
Жүйенің ақаулығы	Екі сигнал беріледі

Кедергі белгілі бір қашықтықта орналасқанда жүйе іске қосылады; кедергіге дейінгі қашықтыққа байланысты зуммер әртүрлі жиіліктермен дыбыс сигналдарын береді. Төмендегі кестені қараңыз.

Кедергіге дейінгі қашықтық	Зуммер сигналы	Аймақ
1,0–1,50 м	әр 1/2 секунд сайын	Қауіпсіз
0,60–1,0 м	әр 1/4 секунд сайын	Ескерту
0,3–0,6 м	әр 1/8 секунд сайын	Қауіпті
0–0,30 м	үздіксіз сигнал	Қауіпті

Артқы жүріспен жүру

Артқы жүріспен жүрген кезде тұрақ датчиктерінің жүйесі өзінің жұмыс аймағында кедергілердің бар-жоғын қадағалайды және кедергі анықталған кезде зуммерді қосады. Автокөлік пен кедергінің арасындағы қашықтық азайған сайын зуммер сигналдарының арасындағы интервалдар қысқарады. Қашықтық 0,30 м шамасынан кем болған кезде зуммер үздіксіз дыбыс шығара бастайды. Үздіксіз сигнал қосылған кезде артқы жүріспен қозғалуды тоқтату қажет.

- Тұрақ датчиктерінің көзден таса аймақтары бар. Автокөліктің артындағы балаларды және жануарларды мұқият қадағалап отырыңыз, себебі жүйе шағын объектілерді барлық уақытта бірдей анықтауға қабілетті емес, бұл жазатайым жағдай қаупін жоғарылатады.
- Артқы тұрақ датчиктері жүйесінің болуы жүргізушіні автокөліктің айналасындағы мән-жайды бақылауда ұстау жауапкершілігінен босатпайды. Артқы жүріспен қозғалғанда және басқа маневрлер кезінде жүргізуші барынша мұқият болуы тиіс. Айналадағы мән-жайы үнемі қадағалап отырыңыз.
- Артқы жүріспен қозғалған кезде бұған дейін ескерту берілген кейбір аласа кедергілер байқау аймағынан шығып қалуы мүмкін, мұндайда ескерту өшіп қалады. Сондай-ақ жүйе кейде шынжырлар, тіркеменің тіркеу құрылғысы, тік бағандар, қоршаулар және т. б. секілді кейбір объектілерді анықтауға қабілетсіз болады. Бұл соқтығысуларға және жазатайым жағдайларға алып келуі мүмкін.

⚠ Ескертпе


- Егер датчиктерінің бетін басқа заттар (қар, су, шаң, балшық және т. с. с.) жауып тұрса, жүйе жұмыс істемей қалуы мүмкін.
- Автокөлік орманда, тегіс емес, киыршық тасты, ирелең жолдарда және ылдиларда қозғалған кезде жүйенің жұмысында қателер пайда болуы мүмкін.
- Жүйе жұмысындағы қателер жүйенің байқау аймағында күшті кедергілер (флуоресценттік жарық көздері, автокөліктердің дыбыс сигналдары, металл шуы және т. с. с.) болған кезде пайда болуы мүмкін.
- Датчиктердің бетінен баспаңыз және сызбаңыз, себебі бұл қорғаныш қабаттың бүлінуіне алып келуі мүмкін.
- Тұрақ датчиктерінің жүйесі датчиктердің сигналын жұтатын матамен немесе кеуек материалмен жабылған заттарды байқамауы мүмкін.
- Қажет болса, датчиктердің беттерін жұмсақ ысқышпен және таза сумен тазалап отырыңыз.
- Датчиктерді орнатқаннан кейін бампердің биіктігін өзгерту олардың жұмысына әсер етуі мүмкін.

Жүйенің жұмысы

Жүйе жұмыс істемей қалуы мүмкін жағдайлар


Артқы жүріспен жүрген кезде тұрақ датчиктерінің жүйесі төмендегі жағдайларда ескертулер бермеуі немесе жалған ескертулер беруі мүмкін екеніне назар аударыңыз:

Жүйе кедергілерді байқай алмайды




Жүйе датчиктері болат сым, кабельдер және қоршау торы секілді торлы объектілерді анықтай алмайды.


Басқару




Жүйе датчиктері тастар немесе ағаш кесінділері секілді аласа объектілерді анықтай алмайды.



Жүйе датчиктері шассіі әлдеқайда биік автокөліктерді анықтай алмайды.




Жүйе датчиктері ультрадыбыстық толқындарды жұтатын объектілерді, мысалы, жұмсақ қарды, мақтаны және кеуек материалдарды анықтай алмайды.




Жүйе датчиктері пішіні ерекше кейбір кедергілерді анықтай алмайды:

1. бағандар;
2. аласа ағаштар;
3. велосипедтер;
4. үшкір бұрыштары бар заттар;
5. жиектастар;
6. картонмен жабылған заттар.

Ықтимал жалған ескертулер




Егер датчиктің бетін мұз жауып тұрса, жалған ескертулер пайда болуы мүмкін.




Автокөлік тік беткейде тұрған кезде жалған ескертулер пайда болуы мүмкін.



Егер автокөлікке жоғары жиілікті радиожабдық немесе антенна орнатылған болса немесе автокөлік осындай объектілердің жанында орналасса, жалған ескертулер пайда болуы мүмкін.



Егер датчиктің жанында күшті дыбыс көзі, мысалы, дыбыс сигналы, қозғалтқыш немесе түтін шығаратын мұржа орналасса, жалған ескертулер пайда болуы мүмкін.



Қар немесе жаңбыр жауып тұрған кезде көлік жүргізсеңіз, жалған ескертулер пайда болуы мүмкін. Егер автокөлік кедергіге жақындап келе жатса, алайда ескерту іске қосылмай тұрса, бұл автокөлік ыстық немесе суық ауа райында ұзақ уақыт тұрақта тұрған жағдайда орын алуы мүмкін. Егер жалған ескертулер жоғарыда айтылған себептердің бірінен туындамаған болса, тексерту және жөндеу үшін ЖАС мақұлданған сервис орталығына хабарласыңыз.

⚠ Ескертпе


- Бірнеше кедергі болған жағдайда тек ең жақын орналасқан кедергі байқалады. Автокөліктің қозғалысы кезінде автокөліктің келесі жағындағы датчиктің кедергілер туралы хабарламаларына назар аударыңыз.
- Жоғары қысымды су арынын, мысалы, жуғыш пистолетті тікелей датчиктерге бағыттамаңыз, датчиктердің беттеріне қысым түсірмеңіз немесе соққылар тигізбеңіз, себебі бұл оларды бұзуы мүмкін.

Артқы көрініс камерасы*

Артқы көрініс камерасы оталдыру жүйесі қосулы болған және артқа жүру берілісі таңдалған жағдайда қосылады. Автокөліктің артындағы аймақтың кескіні MP5 блогының дисплейіне шығарылады. Артқа жүру берілісін өшірген кезде камера өшеді, MP5 дисплейі бұған дейінгі режиміне қайтып оралады.

Артқы көрініс камерасынан алынған кескіндегі көмекші сызықтар

Артқы жүріспен жүрген кезде кедергілерді байқау үшін кескінді мұқият қадағалаңыз. Көмекші сызықтар төмендегідей тәртіппен көрсетіледі:



Объектіге дейінгі қашықтық	Көмекші сызық	Аймақ
3 м	Ашық түсті тұтас сызық	Бастапқы ескерту
2 м	Күнгірт түсті тұтас сызық	Ескерту
1 м	Қара түсті тұтас сызық	Максималды ескерту
0,5 м	Қара түсті үзік сызық	Қауіп

⚠ Ескерту

- Артқы тұрақ датчиктері жүйесінің болуы жүргізушіні автокөліктің айналасындағы мән-жайды бақылауда ұстау жауапкершілігінен босатпайды. Артқы жүріспен қозғалғанда және басқа маневрлер кезінде жүргізуші барынша мұқият болуы тиіс. Айналадағы мән-жайы үнемі қадағалап отырыңыз.
- Кейбір аласа кедергілер артқы жүріспен жүрген кезде ерекше мұқият болуды қажет етеді. Егер жағдайлар мүмкіндік берсе, автокөліктен түсіңіз де, автокөліктің артында балалардың

жоқ екеніне көз жеткізіңіз. Камераны судан, қардан, мұздан және т. с. с. жүйелі түрде тазалап отырыңыз.

- Камера артқы нөмір белгісінің астында орналасқан.
- Камераның шолу бұрышы шектеулі және ол артқы бампердің бұрыштарының жанында немесе оның астында орналасқан объектілерді көрсете алмайды. Кескіндерде қозғалыс бағытына немесе жол жағдайларына байланысты айырмашылық болуы мүмкін. Экранда көрсетіліп тұрған қашықтықтың нақты қашықтықтан айырмашылығы болады.

⚠ Ескертпе


- Артқы көрініс камерасының жүйесі көмекші жүйе болып табылады; жүргізуші автокөліктің артындағы мән-жайды мұқият қадағалап отыруы және қозғалған кезде абай болуы тиіс.
- Егер камераның бетін шаң-тозаң немесе балшық жауып тұрса, бұл экранда көрсетіліп тұрған

кескіннің сапасына әсер етеді, камераны жүйелі түрде тазалап отырыңыз.

- Камераның бетін қатты заттармен қырмаңыз; әйтпесе кескіннің сапасы нашарлайды. Камераны шаң-тозаңнан тазалау үшін суға малынған жұмсақ ысықш немесе жұмсақ мата қолданыңыз.
- Түнгі уақытта немесе жарық әлсіз болғанда камерада берілетін кескін ауытқымалы болуы мүмкін; жүргізуші автокөліктің артындағы мән-жайды мұқият қадағалап отыруы және қозғалған кезде абай болуы тиіс.

Қозғалыс және реттеу

Алдыңғы орындықтар




Орындықты бұғаттан босату үшін алдыңғы орындық жастығының астындағы иінтіректі жоғары көтеріп ұстап тұрыңыз.

Орындықты қажетті күйге жылжытып алып, иінтіректі жіберіңіз; содан кейін бекітілгенін тексеру үшін орындықты жылжытуға әрекет жасап көріңіз.

⚠ Ескертпе

- Орындықты көлікті жүргізу кезінде реттейтін болсаңыз, автокөлікті басқара алмай қалуыңыз мүмкін. Орындықтың кенеттен жылжып кетуі сізді шошытып немесе жаңылдырып жіберуі мүмкін, сондай-ақ абайсызда педальды басып қоюыңызға түрткі болады. Реттеуді автокөлік қозғалыссыз тұрған кезде орынданңыз.

Арқалықты реттеу



Орындық арқалығының көлбеу бұрышын қолмен реттеуге арналған иінтірек орындықтың сыртқы бүйір жағында орналасқан.


Орындық арқалығын реттеу тәртібі

- Орындық арқалығын қажетті күйге реттеу үшін иінтіректі жоғары қарай тартыңыз.
- Иінтіректі жіберіңіз және орындық арқалығының бекітілгенін тексеру үшін оны артқа қозғауға әрекет жасап көріңіз.
- Орындық арқалығын бұғаттан шығару үшін иінтіректі жоғары қарай тартыңыз.

⚠ Ескерту

- Орындық арқалығының көлбеу бұрышын автокөліктің қозғалыс кезінде реттемеңіз.

Орындық бассүйегішінің биіктігін реттеу




Орындықтың биіктігін реттеуге арналған иінтірек орындықтың сыртқы бүйір жағында орналасқан.


Биіктікті реттеу тәртібі

Орындықты қажетті биіктікке реттеу үшін иінтіректі жоғары немесе төмен жылжытыңыз.

Орындықты реттеу



Бассүйегіштің биіктігін ол мүмкіндігінше бастың жоғарғы бөлігіне жақын орналасатындай етіп реттеңіз; мұндай күй автокөлік соқтығысқан кезде мойын жарақатының ықтималдығын төмендете алады.



Жоғары: бассүйегішті жоғары қарай тартыңыз.

Төмен: бұғаттан шығару түймесін басыңыз және бір мезгілде бассүйегішті төмен қарай басыңыз.

Бассүйегішті шешіп алу үшін оны ең жоғарғы күйге жылжытыңыз, содан кейін бұғаттан шығару түймесін басыңыз да, бассүйегішті бағыттауыш төлкелерден шығарып алыңыз. Жол жүрер алдында бассүйегішті орнына орнатыңыз және оны дұрыс қалыпқа реттеңіз.

1

2

3


4

5

6


Басқару

Артқы орындықтар Екінші қатар орындықтары- ның арқалығын реттеу




Орындық арқалығының көлбеу бұрышын қолмен реттеуге арналған иінтірек орындықтың сыртқы бүйір жағында орналасқан.

Екінші қатар орындықтарының бұрылу бұрышын реттеу




Орындықты 180° шегінде бұруға арналған иінтірек орындықтың сыртқы бүйір жағында орналасқан.

Екінші қатар орындықтарының бойлық күйін реттеу



Орындықты ілгері-кейін реттеуге арналған иінтірек орындықтың сыртқы бүйір жағында орналасқан.


Үшінші қатар орындықтары



1. Арқалықтың көлбеу бұрышын реттеу иінтірегі
Арқалықты реттеу
Орындық арқалығын жартылай еңкейтуге арналған иінтірек орындық арқалығының үстіңгі бөлігінде орналасқан.


⚠ Ескертпе

- Орындық арқалығын бекіткен кезде қауіпсіздік белбеуінің орындық арқалығына қысылып қалуына жол бермеңіз; бұдан қауіпсіздік белбеуі зақымдалуы мүмкін.




1. Бүйірлік бассүйегіштерді толықтай түсіріңіз және ортаңғы бассүйегішті шешіп алыңыз.

Ортаңғы орындықты аспалы күйге жылжыту бойынша нұсқаулар




2. Көлбеу бұрышты реттеу иінтірегін 1 тартыңыз және орындық арқалығын көлденең күйге шалқайтыңыз.


Басқару



3. Құлыпты өзектен ажырату үшін орындық негізіндегі бұғаттан шығару бауынан тартыңыз.




4. Орындықты шетке қарай бұрыңыз және ілмекті 3 төбедегі тұтқаға іліңіз.



5. Ортаңғы бассүйегішті орындық арқалығына салыңыз.

*Көпфункционалы руль



Мультимедиа жүйесін басқару түймелері

1. Қоңырауды аяқтау түймесі
Телефон функциясы тек Bluetooth арқылы телефонды жалғау жүйесімен және микрофонмен жабдықталған модельдерде ғана қолжетімді. Бұл түйме Bluetooth арқылы жалғанған телефондағы қоңырауды аяқтау/болдырмау үшін қолданылады.
2. Қоңырауды бастау/қабылдау түймесі Бұл түйме тек Bluetooth арқылы

телефонды жалғау жүйесімен және микрофонмен жабдықталған модельдерде ғана қолжетімді. Bluetooth арқылы мультимедиа жүйесіне жалғанған телефон бойынша қоңырауға жауап беру үшін түймені басыңыз.

3. SRC (Дыбыс көзі)


Дыбыс көзін таңдау үшін төмен қарай басыңыз.

Бұған дейін бапталған радиостанцияға немесе CD/MP3 трегіне өту үшін жоғары бұрыңыз.

Келесі бапталған радиостанцияға немесе CD/MP3 трегіне өту үшін төмен бұрыңыз.

4. Дыбыс деңгейін ұлғайту
5. Дыбыс деңгейін азайту

Круз-контроль жүйесінің түймелері*



1. SET/-
2. RES/+
3. Круз-контрольді қосу түймесі
4. Круз-контрольді өшіру түймесі.

Жүйе берілген жылдамдық туралы ақпаратты сақтауға және 40–160 км/сағ диапазонында автокөліктің қозғалыс жылдамдығын ұстап отыруға мүмкіндік береді. Берілген жылдамдық пен нақты жылдамдықтың арасында мардымсыз айырмашылық болуы мүмкін.

Басқару

Егер ағымдағы жол жағдайларында тұрақты жылдамдықты ұстап отыру мүмкін емес болса, круиз-контрольді қолданбаңыз. Круиз-контроль тек 2-ші және одан жоғары берілістерде ғана қолжетімді. «Бақылау шамдары мен индикаторлар» бөліміндегі круиз-контроль жүйесіндегі индикаторлардың сипаттамасын қараңыз.

Қосылуы:

Рульдегі  түймесін басыңыз, осы кезде аспаптар тақтасында круиз-контроль индикаторы  (ақ түсті) жанады. Жылдамдықты қажетті мәнге дейін (40 км/сағ мәнінен жоғары) көбейтіңіз де, SET/- түймесін басыңыз: ағымдағы жылдамдық жадқа сақталады да, жүйе берілген жылдамдықты ұстап отырады. Бұл ретте аспаптар тақтасында  индикаторы (жасыл түсті) жанады. Осыдан кейін газ педалін жіберуге болады. Жүргізуші акселератор педалін басу арқылы жылдамдықты ұлғайта алады, алайда педальды жібергеннен кейін бұған дейін сақталған жылдамдық қалпына келтіріледі.

Егер круиз-контроль режимі қосулы тұрғанда оталдыру жүйесін өшіріп-

қоссаңыз, бұл режим қосылған күйінде қалады.

Круиз-контрольдің берілген жылдамдығын арттыру үшін келесі әрекеттердің бірін орындаңыз:

1. RES/+ түймесін басып тұрыңыз: автокөліктің жылдамдығы біртіндеп ұлғая бастайды; қажетті жылдамдыққа жеткен кезде түймені жіберіңіз.
2. RES/+ түймесін бірнеше рет басып қалыңыз; әр басқан сайын круиз-контрольдің жылдамдығы 2,0 немесе 1,6 км/сағ мәніне көбейе түседі.

Круиз-контрольдің берілген жылдамдығын азайту үшін келесі әрекеттердің бірін орындаңыз:

1. SET/- түймесін басып тұрыңыз: автокөліктің жылдамдығы біртіндеп азая бастайды; қажетті жылдамдыққа жеткен кезде түймені жіберіңіз.
2. SET/- түймесін бірнеше рет басып қалыңыз; әр басқан сайын круиз-контрольдің жылдамдығы 2,0 немесе 1,6 км/сағ мәніне азая түседі.

Круиз-контрольді өшіру үшін келесі әрекеттердің бірін орындаңыз:

1. Тежегіш педалін басыңыз.

2. Рульдегі круиз-контрольді өшіру түймесін 2 басыңыз.

Жоғарыда келтірілген әрекеттердің кез келгені круиз-контрольді өшіреді (аспаптар тақтасындағы индикатор сөнеді), алайда жүйе белсенді күйінде қалады.


Круиз-контрольдің жұмысын қайта жалғастыру үшін келесі әрекеттердің бірін орындаңыз:

1. Акселератор педалін баспастан, RES/+ түймесін басып қалыңыз.
2. Берілген жылдамдықтан асатын жылдамдыққа дейін үдеу үшін акселератор педалін басыңыз, педальды жіберіңіз: жылдамдық бұған дейін белгіленген мәнге қайтып оралады.

Круиз-контрольдің жадын тазалау:

Круиз-контрольдің жады круиз-контрольді өшіру түймесін басқан кезде немесе оталдыру жүйесін өшірген кезде тазартылады (аспаптар тақтасындағы индикатор сөнеді). Осыдан кейін круиз-контрольдің жұмысын қайта қалпына келтіру үшін жылдамдықты қайтадан баптау қажет болады.

Рульді реттеу



Рульді реттеуге арналған әрекеттер тәртібі:

1. Кілтті оталдыру жүйесінің құлпына салыңыз және рульді бұғаттан шығарыңыз.
2. Жүргізуші орындығын қажетті күйге реттеп алыңыз.
3. Руль бағанының астыңғы жағындағы руль бағанын бұғаттау интірегін түсіріңіз.

4. Рульді қажетті күйге келтіріп көтеріңіз немесе түсіріңіз және барлық индикаторлар мен бақылау шамдарының көрініп тұрғанына көз жеткізіңіз.

5. Руль бағанын бұғаттау үшін бұғаттау интірегін көтеріңіз.

6. Сенімді бекітілгеніне көз жеткізу үшін рульді жоғары-төмен жылжытып көріңіз.

⚠ Ескерту

- Рульдің немесе орындықтың дұрыс реттелмеуінен ауыр жарақаттар келуі мүмкін!
- Рульді реттегеннен кейін әрбір жолы бұғаттау интірегін тірелгенше жоғары көтеріңіз. Бұл қозғалыс кезінде руль бағанының күйі кездейсоқ өзгеріп кетпейтінінің кепілі болады.
- Рульді қозғалыс кезінде реттемеңіз: бұдан автокөлікті басқарудан айырылып қалуыңыз және ауыр жарақаттар келтірілуі немесе тіпті кісі өлімі орын алуы мүмкін!

Дыбыс сигналы




Дыбыс сигналын қосу үшін рульдегі дыбыс сигналының түймесін басыңыз. Дыбыс сигналының ақаусыз екенін жүйелі түрде тексеріп отырыңыз.

⚠ Ескертпе

- Дыбыс сигналы түймесінің үстінен соққыламаңыз және оны үшкір заттармен баспаңыз.

Ұсақ-түйек тартпасы




Ұсақ-түйек тартпасын ашу үшін жәшіктің тұтқасынан тартыңыз. Жәшікті жабу үшін қапакты алға қарай итеріңіз.



Ескерту

- Қозғалыс кезінде ұсақ-түйек тартпасы жабық тұруы тиіс. Жабық болмаса, шұғыл тежеу немесе ЖКО жағдайында оның ішіндегі заттар ұшып шығуы мүмкін, бұдан жарақаттар келеді.
- Ұсақ-түйек тартпасына көзілдірік және оттықтар секілді сынғыш және жарылу қаупі бар заттар салмаңыз, себебі қозғалыс кезінде заттар бір-біріне соғылуы мүмкін және ұсақ-түйек тартпасының ішіндегі температура да жоғарылауы мүмкін. Ұсақ-түйек тартпасының максималды жүккөтергіштігі 150 Н құрайды.

Алдыңғы стақанқойғыш




Саптыаяқтарды, сусындарды, мобильді телефондарды, кілттерді және өзге де ұсақ заттарды сақтау үшін қолданылады.

⚠ Ескерту

- Стақанқойғышты пайдаланған кезде ерекше абай болыңыз. Ыстық сұйықтық төгіліп кетсе, денеңізді күйдіруі мүмкін. Сондай-ақ ыстық сұйықтық есіктерді ашқан немесе жапқан кезде есіктердегі стақанқойғыштардан төгіліп кетуі мүмкін. Есіктердің стақанқойғыштарына тек қақпағы жабылған стакандар ғана қойыңыз.
- Стақанқойғыштарға тек жұмсақ материалдан жасалған стакандар ғана қойыңыз; қатты материалдан жасалған стакандар ЖКО кезінде жарақат келтіруі мүмкін.

Артқы ұсақ-түйек бөлімі



Жүргізушіге және алдыңғы жолаушыға арналған ұсақ-түйек бөлімі тұрақ тежегіші иінгірегінің оң жағында орналасқан.


⚠ Ескерту

- Ұсақ-түйек бөліміне өткір заттар салуға болмайды; салатын болсаңыз, бөлімнің ішкі беттерінде сызаттар немесе басқа да зақымдар пайда болуы мүмкін.

Қоректендіру розеткасы

Сіздің автокөлігіңізде екі қоректендіру розеткасы (біреуі алдыңғы панельде, екіншісі артқы орындықтар қатарының оң жақ панелінде) және зарядтауға арналған USB-ағытпалар бар.


Артқы орындықтар қатарының оң жақ панеліндегі қоректендіру розеткасы



2-ші және 3-ші қатар орындықтарындағы жолаушыларға арналған; розетканы пайдаланар алдында қақпағын көтеріңіз.

Басқару

Алдыңғы панельдегі зарядтауға арналған USB-ағытпа



Алдыңғы панельдегі зарядтауға арналған USB-интерфейс әртүрлі құрылғыларды зарядтау кабелінің көмегімен тікелей зарядтауға мүмкіндік береді. Зарядтау тогы зарядтау құрылғысына байланысты автоматты түрде реттеледі, максималды мәні 2,4 А. Қолданылмайтын болса, міндетті түрде қоректендіру розеткасының қақпағын жабыңыз. Қоректендіру розеткасы оталдыру жүйесінің кілті ACC (қосымша жабдық), ON (кос.) немесе

START (оталдыру) күйінде тұрған кезде жұмыс істейді.

⚠ Ескерту


- Розеткаға саусақтарыңызды немесе бөтен заттарды сұқпаңыз; токтың соғуынан сақтану үшін розетканы ылғал қолдарыңызбен ұстауға тыйым салынады.

⚠ Ескертпе

- Розетканы тек қозғалтқыш жұмыс істеп тұрғанда ғана қолдануға болады; қолданып болғаннан кейін қоректендіру штекерін суырып алыңыз. Қозғалтқыш жұмыс істемей тұрған кезде ұзақ зарядтау аккумулятор батареясының шектен тыс разрядталуына алып келеді. Тек 12 В және 10 А мәндерінен аспайтын сипаттамалары бар құрылғыларды ғана қолдануға рұқсат етіледі.
- Қолданылмайтын кезде розетканың қақпағын жауып қойыңыз.
- Кейбір электр жабдықтарын жалғау аудиожүйенің

динамиктерінен шыртылдаған дыбыстар шығаратын, автокөлікті қолдану кезінде басқа электр жүйесінің немесе жабдықтың істен шығуына алып келетін электр кедергілерін тудыруы мүмкін.

Шылымтұтатқыш



Шылымтұтатқыш алдыңғы панельде және ортаңғы орындықтар қатарының сол жақ бүйірлік панелінде орналасқан.


Шылымтұтатқыштың қолданылуы

1. Шылымтұтатқышты түймесін басыңыз.
2. Түйме автоматты түрде бастапқы қалыпқа келгенше күте тұрыңыз, содан кейін шылымтұтатқышты суырып алыңыз.
3. Сигаретті қыздырғыш спиральға тигізіп тұтатып алыңыз (темені шегу денсаулыққа қауіпті).
4. Шылымтұтатқышты қайтадан ұяшығына салыңыз.

! Ескерту

- Шылымтұтатқышты пайдаланған кезде сақ болыңыз! Кездейсоқ қосып қалудан немесе ұқыпсыз пайдаланудан күйікке шалдығуыңыз мүмкін.
- Қыздырылып жатқан кезде шылымтұтатқышты баспаңыз, себебі бұл оның шектен тыс қызуына алып келуі мүмкін.
- Егер шылымтұтатқыш 30 секунд-тың ішінде автоматты түрде атылып шықпаса, шектен тыс қызуына және күйіп кетуіне жол бермеу үшін оны қолмен шығарып алыңыз.

***Мобильді телефондарды сымсыз зарядтағыш**



Сымсыз зарядтау функциясы бар телефонды зарядтау аймағына қойыңыз. Зарядтау автоматты түрде басталады.

Сымсыз зарядтаудың күйін көрсету

Индикатор	Нәтиже	Дисплей
Зарядтау индикаторы	Үздіксіз көк түспен жанып тұр	Күту режимі
	Көк түспен жыпылықтап тұр	Қалыпты зарядтау
	Қызыл түспен тез жыпылықтап тұр	Зарядтағыштың ақаулығы


⚠ Ескертпе

- Зарядтау аймағына металл заттарды, мысалы, тиындарды қоюға тыйым салынады, себебі бұл зарядтау жүйесінің бұзылуына алып келеді. Егер индикатор қызыл түспен жыпылықтап тұрса, зарядтау аймағынан бөтен заттарды, мысалы, металл заттарды алып тастаңыз.
- Барлық мобильді телефондар бірдей сымсыз зарядтау функциясымен жабдықталмаған. Мұндай функциясы жоқ мобильді телефондарды сымсыз зарядтау үшін сымсыз зарядтау модулі қажет.
- Тек ресми сертификатталған (Qi стандартына сәйкес келетін) зарядтау модульдерін ғана сатып алыңыз.
- Жүйе бір мезгілде тек бір ғана құрылғының (мысалы, мобильді телефонның) сымсыз зарядталуын қолдайды.

*Төбедегі люк


Люк ауыстырып қосқышы

Алдыңғы төбелік басқару панелінде төбедегі шамдармен салон жарығын басқару ауыстырып қосқыштары және төбе люгінің ауыстырып қосқышы орналасқан.



1. Жабу (ауыстырып қосқышты алға қарай басыңыз)
2. Ашу (ауыстырып қосқышты артқа қарай басыңыз)

Төбедегі климаттық қондырғыны басқару панеліндегі люкті басқару түймелері



1. Люкті ашу үшін OPEN (Ашу) жағын басыңыз.
2. Люкті жабу үшін CLOSE (Жабу) жағын басыңыз. Негізгі әрекеттер:
 1. Бір рет басу арқылы басқару: төбедегі люкті басқару түймесін басып қалыңыз.
 2. Кез келген күйге жылжыту: сәйкес люкті басқару түймесін басып тұрыңыз. Түймені жіберген кезде жабылу тоқтатылады, алайда люк толық ашылмайынша ашылу тоқтатылмайды.

3. Қысып қалудан қорғаныш: егер қозғалысы кезінде люк кедергіге ұшыраса, ол автоматты түрде бастапқы қалыпқа қайтып оралады. 4. Қашықтан жабу: қозғалтқыш өшіп тұрғанда кілттегі басқару түймесін басып тұрыңыз, люк автоматты түрде жабылады.

Еске салу!

- Люкті түймелердің көмегімен ашу және жабу оталдыру жүйесі қосылып тұрған кезде ғана жұмыс істейді.


⚠ Ескерту

- Люктен басыңызды, қолдарыңызды немесе басқа дене мүшелеріңізді шығармаңыз. Бұл өте қауіпті.

⚠ Ескертпе

- Судың автокөлік ішіне кіруін және салонды бүлдіруін болдырмау үшін жуғаннан немесе жаңбырдан кейін люкті қолданар алдында автокөліктің төбесіндегі суды сүртіп алыңыз.

Люктің күнқағар қалқасы




Төбедегі люкті қолмен ашуға және жабуға болады.

Люкті ашқан кезде күнқағар қалқа автоматты түрде ашылады, алайда оны қолмен жабу қажет.

⚠ Ескертпе

- Қалқаны бұруға болмайды. Зақымдап алмау үшін қалқаны жоғары қарай көтермеңіз.

Желкөз



M4-m1181b

Желкөзді жабар алдында бекіткішті толықтай қысыңыз.

Жаңбырлы ауа райында немесе ашық аспан астында тұраққа қояр алдында желкөзді жабуды ұмытпаңыз. Толық жабылғанын тексеру үшін жапқаннан кейін желкөздің әйнегін алақаныңызбен ысырып көріңіз.

Климаттық қондырғы және аудиожүйе

Климаттық қондырғы

Кондиционерді дұрыс пайдалану салон ішінде құрғақ ауаны және жайлы жағдайларды қамтамасыз етеді, сондай-ақ көріністі жақсарту үшін әйнектердің булануын кетіруге мүмкіндік береді.

Климаттық қондырғы жұмыс істеуі үшін қозғалтқыш жұмыс істеп тұруы тиіс, себебі климаттық қондырғының компрессоры қозғалтқыштың қуатын және отынның энергиясын тұтынады, ал жылытқыш қозғалтқыштың артық жылуын қолданады.

Жылыту кезінде салқындату сұйықтығы жеткілікті жоғары температураға жеткеннен кейін ғана желдеткіш салыстырмалы түрде жоғары жылдамдықпен айналады (булануды кетіру режимін қоспағанда).

Егер сыртқы ауаның ылғалдығы мен температурасы салондағымен салыстырғанда жоғары болса, онда салқындату кезінде буландырғыштан

жерге сулы конденсат тамшылап тұрады – бұл қалыпты жағдай.

Кондиционер қосулы болса, автокөлік ішінде темекі шегуге қатаң тыйым салынады. Бір жағынан жабық үй-жайларда темекі шегу зиян; екінші жағынан түтін бөлшектері буландырғышқа барып жабысады да, оның біртүрлі иісін тек буландырғышты ауыстыру арқылы ғана кетіруге болады. Егер кондиционер ұзақ уақыт бойы қолданылмай тұрса, буландырғышқа отырған шөгінділердің әсерінен біртүрлі иіс пайда болуы мүмкін. Кондиционерді тіпті қыста да кемінде айына бір рет қосып отырыңыз, желдеткіштің максималды жылдамдығы режимін кемінде 5 минутқа таңдаңыз да, барлық терезелерді ашып қойыңыз.

Ескертпе

- Салқындату агентін құюды JAC мақұлданған сервис орталығының мамандары мақұлданған салқындату агентін қолдана отырып орындауы тиіс.
- Климаттық қондырғының компоненттеріне техникалық қызмет көрсетуді JAC мақұлданған

Ескертпе

сервис орталығында мамандар орындауы тиіс.

- Жылыту немесе салқындату қуатының төмендеуіне жол бермеу үшін, сондай-ақ әйнектердің булануын болдырмау үшін алдыңғы әйнектің алдындағы ауа қармауыштың бетін мұз, қар немесе жапырақтар басып қалмағанын тексеріңіз.
- Автокөлік салонындағы ауа артқы бүйір терезелердің жанындағы желдету саңылаулары арқылы шығады. Желдету саңылауларын жаппаңыз (мысалы, киіммен), себебі бұл желдетуді нашарлатады.
- Климаттық қондырғы терезелер жабық тұрған кезде анағұрлым тиімді жұмыс істейді. Алайда тұрақта тұрған кезінде автокөлік салоны тікелей түскен күн сәулелерінен қатты қызып кеткен болса, салқындату әсерін күшейту үшін аз уақытқа терезелерді ашып алуға кеңес беріледі.
- Компрессордың нақты бір басқару алгоритмі бар, сондықтан салқындату сұйықтығы 120 °C-тан жоғары қызған кезде немесе 0-ден

 Ескертпе

4 °C-қа дейінгі төмен температурада компрессорды басқарудың мұндай өшірілуі қалыпты құбылыс болып табылады және ақаулықты білдірмейді.

- Егер автокөлік балшығы мен құмы көп жолдарда жиі қолданылатын болса, оны уақытылы қарап тексеріңіз және жуыңыз; астыңғы бөліктегі балшық пен құм компрессордың муфтасына кіруі және оның сыналанып қалуына алып келуі мүмкін.
- Балалардың ауа дефлекторларына ұсақ заттарды, мысалы, тиындарды немесе қағаз қиықтарын салмауын қадағалаңыз, себебі бұл қажетсіз шудың пайда болуына алып келуі мүмкін.

 Ескерту

- Жол қозғалысының қауіпсіздігі үшін автокөлік әйнектерінде мұздың, қардың немесе буланудың болмауын қадағалау аса маңызды. Сондықтан жылытудың және желдетудің барлық режимдерімен,

1

2

3

4

5

6

Ескерту

әйнектердің булануын және бетіне мұз қатуын кетіруге арналған әрекеттермен және салқындату режимімен танысып алыңыз.

- Салондағы ауаны салқындату үшін аз уақытқа салондағы ауаны рециркуляция режимін қосып қоюға болады. Бұл режимді ұзақ уақыт бойы қолданбаңыз, себебі лас ауа шаршаңқылыққа және зейіннің төмендеуіне, сондай-ақ әйнектердің булануына алып келеді, нәтижесінде ЖКО орын алу қаупі ұлғаяды.
- Әйнектерде булану белгілері пайда болған сәтте дереу ауаны рециркуляция режимін өшіріңіз. Рециркуляция режимінде автокөлік салонына таза ауа кірмейді. Салқындатуды өшіргеннен кейін көп ұзамай әйнектер қайтадан буланады және көру аймағы кішірейеді: бұл ЖКО-ға алып келуі мүмкін!
- Автокөлік гаражда немесе ауа айналымы нашар орындарда


**Ескерту**

тұрған кезде лас ауаны жұту салдарынан улану қаупін болдырмау үшін ауаны рециркуляция режимін қосу қажет.

- Салондағы лас ауа жүргізушінің тез шаршауына алып келеді, оны алаңдатады, сондай-ақ жол-көлік оқиғаларына және жарақат алу жағдайларына ұшыратады.
- Желдеткішті ұзақ уақытқа өшірілген күйде қалдырмаңыз және ауаны рециркуляция режимін ұзақ уақыт бойы қолданбаңыз, әйтпесе салонға таза ауа кірмейді.
- Қажет емес кезде ауаны рециркуляция режимін өшіріңіз.

Басқару


Климаттық қондырғының желдету дефлекторларының орналасуы



1. Алдыңғы әйнекті жылытуға/булануын кетіруге арналған дефлектор
2. Әйнектерге ауа үрлейтін бүйірлік дефлекторлар
3. Жүргізушінің және жолаушының бүйірлік дефлекторлары
4. Ортаңғы дефлектор
5. Аяқтарға ауа үрлеу дефлекторы

Климаттық қондырғыны басқару панелі (жинақтамасы жоғары деңгейлі модельдер)*

Түймелердің көмегімен сәйкес функцияларды қосуға және өшіруге болады. Температураны реттеу үшін бұралатын реттегіш қолданылады. Функцияны қосқан кезде түймелердегі индикаторлар жанады. Жинақтамасы жоғары деңгейлі модельдер салонның артқы бөлігіндегі климаттық қондырғымен жабдықталады, оны климаттық қондырғыны басқаратын алдыңғы панельдегі REAR түймесінің көмегімен немесе климаттық қондырғыны басқаратын төбе панелінің көмегімен басқаруға болады. Салонның артқы бөлігіндегі климаттық қондырғы жинақтамасы төмен деңгейлі модельдерге орнатылмайды.



1. Ауаны бетке үрлеу режимі.
2. Бетке/аяқтарға үрлеу режимі.
3. Ауаны аяқтарға үрлеу режимі.
4. Ауаны аяқтарға /әйнектерге үрлеу режимі.
5. Артқы әйнек жылытқышының түймесі: артқы әйнектің және сыртқы артқы көрініс айналарының жылытқышын қосу үшін қолданылады.
6. Алдыңғы әйнектерге мұз қатуды/булануын кетіру режимінің түймесі.
7. Желдеткіш жылдамдығын көбейту: бұл түймені басқан кезде, егер өшірулі болса, кондиционер қосылады және өшірер алдында таңдалған желдеткіш

жылдамдығы қалпына келтіріледі. Кондиционер қосулы тұрғанда желдеткіштің жылдамдығын 1 бөлікке көбейту үшін түймені басып қалыңыз, осы кезде сәйкесінше жылдамдық индикаторларының күйі өзгереді. Максималды мән: 5 бөлік. Түймені басып тұрыңыз, желдеткіштің жылдамдығы максималды мәнге (5 бөлік) жеткенше секундына 1 бөлікке өзгере бастайды.

8. REAR (жинақтамасы жоғары деңгейлі модель): түймені басыңыз, индикатор жанады және салонның артқы бөлігіндегі климаттық қондырғы өшірер алдында таңдалған режиммен қосылады. Түймені тағы бір рет басыңыз, индикатор сөнеді және салонның артқы бөлігіндегі климаттық қондырғы өшеді.

9. TEMP: температураны көбейту үшін реттегішті оң бағытқа бұраңыз және керісінше.

10. OFF: желдеткішті және климаттық қондырғының барлық функцияларын өшіру.

11. Желдеткіш жылдамдығын азайту: бұл түймені басқан кезде, егер өшірулі болса, кондиционер қосылады және

Басқару

өшірер алдында тандалған желдеткіш жылдамдығы қалпына келтіріледі. Кондиционер қосулы тұрғанда желдеткіштің жылдамдығын 1 бөлікке азайту үшін түймені басып қалыңыз, осы кезде сәйкесінше жылдамдық индикаторларының күйі өзгереді. Минималды мән: 1 бөлік. Түймені басып тұрыңыз, желдеткіштің жылдамдығы минималды мәнге (1 бөлік) жеткенше секундына 1 бөлікке өзгере бастайды.

12. A/C: кондиционер компрессорын қосу/өшіру.

13. Ауаны рециркуляциялау: түймені басыңыз, индикатор жанады және рециркуляция режимі қосылады. Өшіру үшін түймені тағы бір рет басыңыз.

A/C түймесі (кондиционер компрессорының ажыратқышы)

Бұл түйме кондиционер компрессорын қосу және өшіру үшін қолданылады. Түймені басыңыз, индикатор жанады және кондиционер компрессоры салқындатуды бастайды. Компрессорды өшіру үшін түймені тағы бір рет басыңыз. Ыстық ауа райында ішіндегі ыстық ауаны шығару үшін терезелерді

аз уақытқа ашып алыңыз, содан кейін жабыңыз. Бұл салондағы ауаны тезірек салқындатуға және жүйе жұмысының тиімділігін арттыруға көмектеседі.

Егер кондиционер қосылмай тұрса, бұл келесі себептерге байланысты болуы мүмкін:

1. Түйме ақаулы.
2. Қозғалтқыш өшіп тұр.
3. Желдеткіш өшірілді.
4. Сыртқы ауа температурасы 4 °C-тан төмен.
5. Қозғалтқыштың салқындату сұйықтығының температурасы жоғары.
6. Климаттық қондырғының сақтандырғышы күйіп кеткен.
7. Өзге ақаулықтар. Климаттық қондырғыны тексерту үшін JAC мақұлданған сервис орталығына хабарласыңыз.

 Рециркуляция режимі: егер сырттағы ауада жағымсыз иістер немесе қауіпті заттар болса, бұл режим сыртқы ауа ағынының автокөлік ішіне келуін бұғаттау үшін қолданылады. Бұл режимде әйнектер буланып кетуі мүмкін. Мұндай жағдайда

рециркуляция режимін өшіріңіз де, булануды кетіру режимін қосыңыз.

Ескертпе

- Сырттан ауа беру режимінде автокөлік жоғары жылдамдықпен жүрген кезде салонға жел кіруі мүмкін. Егер сырттан ауа ағынының келуі қажет болмаса, рециркуляция режиміне ауыстырыңыз. Рециркуляция режимін ұзақ уақыт бойы қолданудан сақтаныңыз, себебі автокөлік ішіндегі ауаның сапасы біртіндеп төмендейді.

 Ауаны бетке үрлеу: ауа алдыңғы панельдегі алдыңғы дефлекторлар арқылы беріледі.

 Ауаны бетке және аяқтарға үрлеу: ауа алдыңғы панельдегі алдыңғы дефлекторлар және еденге жақын орнатылған дефлекторлар арқылы беріледі.

 Ауаны аяқтарға үрлеу: ауа еденге жақын орнатылған дефлекторлар арқылы беріледі; ауа автокөліктің артқы бөлігіне өте алуы үшін алдыңғы

орындықтардың астыңғы бөлігінде кедергілердің болмауын қадағалаңыз.

 Ауаны аяқтарға және әйнектерге үрлеу: ауа еденге жақын орнатылған дефлекторлар арқылы және булануды кетіру үшін ішінара алдыңғы және бүйір әйнектерге беріледі.

Булануды және қыраулануды кетіру

 Булану: ауа сыртқы дефлекторлар арқылы алдыңғы және бүйір әйнектерге беріледі. Кондиционерді булануды кетіру режимінде қосу қажет. Температура неғұрлым төмен болса, соғұрлым желдеткіштің жылдамдығы көбірек және булануды кетіру тиімділігі жоғарырақ болады.

 Қыраулану: ауа сыртқы дефлекторлар арқылы алдыңғы және бүйір әйнектерге беріледі. Температура реттегішін максималды мәнге қоюға, кондиционерді өшіруге және рециркуляция режимін қосуға кеңес беріледі.

Ескертпе

- Булануды және қыраулануды барынша тиімді кетіру үшін автоматты түрде сырттан ауа беру

режимі және кондиционер қосылады. Ерекше жағдайлар бар болса, циркуляция режимін қосу және кондиционерді өшіру үшін сәйкес түймелерді басыңыз.

Артқы әйнектің және сыртқы артқы көрініс айналарының жылытқышы

Сіздің автокөлігіңіз артқы әйнекті жылыту функциясымен жабдықталған, ол булануды немесе қыраулануды кетіру үшін қолданылады. Жылыту үшін қыздыру элементтері қолданылады. Бұл функцияны қоспас бұрын артқы әйнекті қардан барынша тазалап алыңыз.

 Артқы әйнектің булануы мен қыраулануын кетіру: жылытқышты қосу/өшіру үшін түймені басыңыз. Функцияны қосқан кезде түймедегі индикатор жанады. Бұл функция тек қозғалтқыш жұмыс істеп тұрған кезде ғана істейді және 20 минуттан кейін автоматты түрде өшеді. Түймесін тағы бір рет басу арқылы оны қолмен қайтадан қосуға болады.

Ескертпе

- Артқы әйнектің ішкі бетін тазалау үшін үшкір құралдарды


пайдалануға тыйым салынады. Мұның салдарынан қыздырғыш сым зақымдалуы мүмкін. Мұндай әрекеттердің нәтижесінде туындаған зақымдарды жөндеу кепілдік арқылы қамтылмайды. Қыздырғыш элементтерге рұқсаттама құжаттарды, жабысқыш таспаны, жапсырмаларды және басқа да осыған ұқсас заттарды жабыстырмаңыз.

- Терезелердегі нашар көрініс жол-көлік оқиғалары мен жарақат алу қаупін жоғарылатады. Булануды және қыраулануды кетіру функциясын дұрыс қолдану бойынша нұсқаулармен міндетті түрде танысып шығыңыз.

Климаттық қондырғыны басқару панелі (жинақтамасы төмен деңгейлі модельдер)

Жинақтамасы төмен деңгейлі модельдерде климаттық қондырғыны басқаратын алдыңғы панельде булануды кетіру режимі және REAR түймелері жоқ, яғни салонның артқы бөлігінің климаттық қондырғысы жоқ.

Климаттық қондырғыны басқаратын артқы панель*



1. Үстіңгі желдеткішті салқындату режимінде қосу/өшіру.
2. Үстіңгі желдеткіштің жылдамдығын ұлғайту түймесі (1–4 күйлері).
3. Үстіңгі желдеткіштің жылдамдығын азайту түймесі (4–1 күйлері).
4. Үстіңгі желдеткішті жылыту режимінде қосу/өшіру.

Климаттық қондырғыны басқаратын артқы панель

COOL түймені басыңыз, индикатор жанады, СК дисплей қосылады, үстіңгі желдеткіш салқындату режимінде қосылады; СК дисплейде қар ұлпасының таңбасы пайда болады, ауаны бетке үрлеу режимі таңдалады.

▲ Желдеткіш жылдамдығын ұлғайту: түймені басыңыз, артқы желдеткіштің жылдамдығы жылыту немесе салқындату режимінің қосылып тұрғанына не тұрмағанына қарамастан көбейеді.

▼ Желдеткіш жылдамдығын азайту: түймені басыңыз, артқы желдеткіштің жылдамдығы жылыту немесе салқындату режимінің қосылып тұрғанына не тұрмағанына қарамастан азаяды.

HEAT түймені басыңыз, индикатор жанады, СК дисплей қосылады, артқы желдеткіш жылыту режимінде қосылады; СК дисплейде күннің таңбасы пайда болады, салонның артқы бөлігін жылыту үшін ауаны аяқтарға үрлеу режимі таңдалады.

Дефлекторларды реттеу

Ауа ағынының бағыты әр дефлектордың ортасында орналасқан тұтқаның көмегімен реттеледі. Дефлекторды жабу немесе ашу үшін дефлектордың астындағы бұралатын реттегішті қолданыңыз.

Еске салу!

- Салонның алдыңғы панеліне JAC компаниясы мақұлдамаған қаптамаларды қолдану жүйенің жұмысына әсер етуі мүмкін.

Салонның ауа сүзгісі

Сіздің автокөлігіңіз салон ауа сүзгісімен жабдықталған, ол алдыңғы панельдің астында орналасқан. Ұсақ-түйек тартпасын шешіп алыңыз, содан кейін ауа сүзгісін тексеріңіз және ауыстырыңыз.

Ауа сүзгісі автокөлікке келіп кіретін ауаның құрамында болатын өсімдік тозаңдары мен шаңның көп бөлігін ұстап қалады. Қозғалтқыштың ауа сүзгісі секілді бұл сүзгі де жүйелі түрде ауыстырып отыруды қажет етеді.

Ауыстыру тәртібі

1. Ұсақ-түйек тартпасын шешіп алыңыз.
2. Ескі сүзгіні шешіп алыңыз.
3. Шешіп алуға кері тәртіппен жаңа ауа сүзгісін салыңыз, содан кейін ұсақ-түйек тартпасын орнына орнатыңыз.
4. Ауа сүзгісін қайсысының бұрын орын алатынына қарай 5000 км жол жүрген сайын немесе жарты жылда бір рет ауыстырып отыруға кеңес беріледі.

Қоршаған ортаны қорғау

1. Жылытқыш қозғалтқыштың артық жылуын пайдаланады, сондықтан жылыту функциясын қолдану отын мен электр энергиясын шығындап жарытпайды.

2. Салқындату функциясын пайдалану қозғалтқыштың қуатын төмендетеді және отын шығынын көбейтеді, сондықтан егер мүмкін болса, белгілі бір температураға жеткізу үшін кондиционерді қолданбастан сырттан ауа беру режимін қолдануға кеңес беріледі.

Еске салу!

- Жылыту немесе салқындату қуатының төмендеуіне жол бермеу үшін, сондай-ақ әйнектердің булануын болдырмау үшін алдыңғы әйнектің алдындағы ауа қармауыштардың бетін мұз, қар немесе жапырақтар басып қалмағанын тексеріңіз.
- Егер жылыту жүйесі жұмыс істемей тұрса, ол электрмен қоректендіруді басқару жүйесі арқылы уақытша өшірілген болуы мүмкін. Электр энергиясын өндіру және тұтыну арасында тепе-теңдік қалпына келген сәтте жылыту жүйесінің жұмысы қайта жалғастырылады.

Аудиожүйе

ЈАС М4 аудиожүйесін қолдану бойынша егжей-тегжейлі нұсқауларды аудиожүйенің пайдаланушыға арналған нұсқаулығынан қараңыз.


Антенна

АМ-FM антеннасы төбенің артқы бөлігінде орналасқан; антеннаның зақымдалмағанына және дұрыс жалғанғанына көз жеткізіңіз, олай болмаса, радиосигналдарды қабылдау қиындайды.

Автокөлікті басқару

Оталдыру жүйесінің құлпы

Оталдыру жүйесі құлпының күйлері мен функциялары



Оталдыру жүйесінің құлпы руль бағанының астында орналасқан. Оталдыру жүйесі құлпының 4 күйі бар:

LOCK

Кілтті тек осы күйде ғана сұғуға және суырып алуға болады. Автокөлікті құлыптау үшін кілтті теріс бағытқа бұраңыз; кілтті LOCK күйінде суырып

алыңыз. Бұғатталып қалғанша рульді бұрай беріңіз. Бұл айдап әкету қаупін азайтады.

ACC

Кілт ACC күйінде тұрған кезде электрмен қоректендіру аудиожүйеге және шылымтұтатқышқа беріледі. Аккумулятор батареясының разрядталуынан сақтану үшін электр жабдықтарын қозғалтқыш өшіп тұрған кезде қолдануға кеңес берілмейді.

ON

Кілт ON күйінде тұрған кезде аспаптар тақтасында өзін-өзі тексеру бақылау шамдары жанады; осы кезде барлық құрылғылар мен компоненттер күту режимінде тұрады. Автокөліктің қозғалысы кезінде де кілт осы күйде тұрады.

Егер қозғалтқыш оталып тұрмаса, кілтті ұзақ уақыт бойы осы күйде қалдырмаңыз; бұл аккумулятор батареясы зарядының отыруына алып келеді.

START

Бұл күй тек қозғалтқышты оталдыру үшін ғана қолданылады.

Кілтті START күйіне бұраңыз да, қозғалтқышты оталдырыңыз, қозғалтқыш оталғаннан кейін кілтті жіберіңіз, ол автоматты түрде ON күйіне қайтып оралады.

Еске салу!

- Егер кілтті LOCK күйіне бұрау мүмкін болмаса, рульді бұғаттау іске қосылған болуы мүмкін; рульді жеңіл бұрай отырып, кілтті бұрау қажет.

1

2

3

4

5

6

Қозғалтқышты оталдыру

Механикалық беріліс қорабы (МБҚ) бар автокөлікте қозғалтқышты оталдырмас бұрын берілістерді ауыстыру иінтірегін бейтарап күйге қойып алу қажет. Сондай-ақ ілінісу педалін басуға кеңес беріледі.

Қозғалтқышты оталдырғаннан кейін кілтті жіберіңіз: ол автоматты түрде START күйінен ON күйіне қайтып оралады. Стартер мен қозғалтқыштың бір мезгілде жұмыс істеуіне жол бермеңіз.

Оталдырғаннан кейін аз уақытқа қозғалтқыштың күштірек шуы естіліп тұрады, себебі клапандардың саңылауы реттелуі үшін гидравликалық қысым қалыптасуы тиіс – бұл қалыпты жағдай. Қозғалтқыштың бос жүріспен ұзақ жұмыс істеуінен сақтаныңыз, алғашқы мүмкіндік туындаған сәтте қозғалысты бастаңыз.

Қозғалтқыш жұмыстық температураға дейін қызбайынша қозғалтқыштың жоғары айналымдарынан және жылдамдықты күрт үдетуден сақтаныңыз.

Каталиттік бейтараптандырғышы бар автокөліктерде қозғалтқышты басқа автокөлікпен сүйреу арқылы оталдыру қашықтығы 50 метрден аспауы тиіс; асып кеткен жағдайда тұтанбай қалған отын каталиттік бейтараптандырғышқа келіп құйылуы және оны зақымдауы мүмкін.

Автокөлікті сүйреу арқылы оталдыруға әрекет жасамас бұрын мүмкін болса, оталдыру үшін өзге автокөліктің аккумулятор батареясын қолданып көріңіз. «Қозғалтқышты сыртқы қорек көзінен оталдыру» бөлімін қараңыз.



Ескертпе

- Радиатор желдеткіші қозғалтқыш тоқтатылғаннан кейін (тіпті оталдыру жүйесі өшірілгеннен кейін де) біршама уақыт, алайда 10 минуттан ұзақ емес жұмыс істеп тұруы мүмкін.



Ескерту

- Жабық үй-жайларда немесе нашар желдетілетін жерлерде

қозғалтқышты	оталдырмаңыз;
қозғалтқыштың	пайдаланылған
газдарының	құрамындағы
тұншықтырғыш	газдың иісі
болмайды және ол ауыр улануға	
немесе тіпті кісі өліміне алып келуі	
мүмкін.	

Механикалық беріліс қорабы бар автокөлік

1. Қозғалтқышты оталдырмас бұрын тұрақ тежегішінің қосылып тұрғанына, ал беріліс қорабының иінтірегін бейтарап күйде тұрғанына көз жеткізіңіз.
2. Ілінісу педалін толық басыңыз.
3. Ілінісу педалінің толық басылғанына көз жеткізіңіз, оталдыру жүйесінің кілтін START күйіне бұраңыз және қозғалтқышты оталғанша (10 секундтан ұзақ емес) ұстап тұрыңыз.
4. Оталдырғаннан кейін автоматты түрде START күйінен ON күйіне қайтып оралуы үшін кілтті бірден жіберіңіз. Стартер мен қозғалтқыштың бір мезгілде жұмыс істеуіне жол бермеңіз.

⚠ Ескертпе

- Қозғалтқышты автокөлікті сүйреу немесе итеру арқылы оталдыруға тыйым салынады.
- Қозғалтқышта шала тұтану, қуатының төмендеу немесе штаттан тыс жұмыс істеу белгілері байқалған жағдайда дереу жылдамдықты азайтыңыз және тексерту үшін жақын жердегі JAC мақұлданған сервис орталығына хабарласыңыз.
- Кілтті ұзақ уақыт бойы START күйінде ұстап тұруға тыйым салынады.
- Автокөлікпен түтін шығатын мұржа деңгейінен жоғары суға кірген жағдайда судың мұржаға кіруіне және каталиттік бейтараптандырғышты зақымдауына жол бермеу үшін судан төмендетілген беріліспен шығыңыз.

⚠ Ескерту

- Қозғалтқыш тоқтатылғаннан кейін түтін шығаратын мұржа ұзақ

⚠ Ескерту

- уақыт бойы ыстық күйінде болады және тұтану қаупі бар. Құрғақ жапырақтары, шөбі немесе басқа да жеңіл тұтанғыш материалдары бар жерлерге автокөлікті тұраққа қоюға немесе оны ұзақ уақытқа бос жүріспен тоқтатып қоюға қатаң түрде тыйым салынады.
- Автокөліктің түтін шығару жүйесі жоғары температураларға дейін қызады. Суымайынша түтін шығатын түтіктен ұстамаңыз, әйтпесе күйік шалу қаупі бар. Түтін шығару түтігіне, каталиттік бейтараптандырғышқа немесе жылудан қорғағыш экранға қосымша қорғаныш немесе коррозиядан қорғайтын материалдар орнатпаңыз.
 - Қозғалтқыштың пайдаланылған газдары тіпті пайдаланылған газдардың уыттылығы бойынша ұлттық стандарттарға сай болса да, қоршаған орта үшін зиянды және қауіпті. Автокөліктің ішінде пайдаланылған газдардың иісін сезген сайын терезелерді ашыңыз.


⚠ Ескерту

- Төтенше жағдайларда судың тереңдігі 200 мм мәнінен аспайтын болса, автокөлікпен су басқан жолдармен жүруге жол беріледі. Бұл ретте қозғалыс жылдамдығы 10 км/сағ мәнінен кем болуы тиіс. Судың түтін шығару жүйесіне кіруіне және қозғалтқышты зақымдауына жол бермеу үшін төмендетілген беріліспен қозғалыңыз.
- Суы терең аймақтармен жүруден сақтану қажет. Егер сумен жүріп бара жатқан кезде автокөлік өшіп қалса, қозғалтқышын зақымдап алмау үшін оны қайтадан оталдыруға тыйым салынады.
- Қозғалтқышты төмен температураларда оталдырған кезде автокөлік шанағында діріл пайда болуы мүмкін. Қозғалтқышты оталдырар алдында ілінісу педалін басуға, содан кейін ілінісуді зақымдап алмау үшін педалды баяу жіберуге кеңес беріледі.


Басқару

Беріліс қорабы

Бес сатылы механикалық беріліс қорабы (МБҚ)



Алты сатылы механикалық беріліс қорабы (МБҚ)



Берілістердің орналасуы МБҚ берілістерді ауыстыру иінірегінде көрсетілген.

1. Автокөлік жүріп бара жатқан кезде артқа жүру берілісін қосуға тыйым салынады: бұл беріліс қорабын зақымдайды.

2. Берілісті төмендеткен кезде көршілес төменірек беріліске ауыстырып қосыңыз және қозғалтқыштың айналу жиілігі тым жоғары кезде берілісті төмендетпеңіз. Автокөліктің тым жоғары жылдамдығында немесе қозғалтқыштың тым жоғары айналу жиілігінде төмендетілген беріліске ауыстыру ілінісудің және беріліс қорабының елеулі ақауларына алып келуі мүмкін.

3. Артқа жүру берілісін (R) автокөлік толық тоқтағаннан кейін ғана қосуға болады, әйтпесе беріліс қорабы зақымдалуы мүмкін.

4. Суық ауа райында берілістерді ауыстыру иінірегінiң қозғалысы біршама қатаюы мүмкін, алайда бұл беріліс қорабын зақымдамайды. Беріліс қорабындағы май жұмыс температурасына дейін қызғаннан кейін берілістерді ауыстырып қосу қалпына келеді.

5. Егер қозғалыссыз тұрған автокөлікте 1-ші немесе артқы берілісті (R) қоса алмай жатсаңыз, бейтарап беріліске (3-ші және 4-ші берілістердің арасындағы ортаңғы күй) ауыстыруға әрекет жасаңыз, ілінісу педальін жіберіңіз, қайтадан басыңыз және 1-ші немесе R берілісіне ауыстырыңыз.

6. Беріліс қорабының иінірегін шынтақтаяныш ретінде пайдаланбаңыз: бұл берілістерді ауыстыру ашасының мерзімінен бұрын тозуына алып келуі мүмкін.

⚠ Ескертпе

- 5-ші берілістен 4-ші беріліске ауыстырып қосқан кезде абайсызда 2-ші беріліске қосып қоюдан сақтаныңыз: бұл қозғалтқыштың тым жоғары айналу жиілігіне (тахометрдің қызыл түсті аймағы) және қозғалтқыштың зақымдалуына алып келуі мүмкін.
- Беріліс қорабын дұрыс ауыстырып қоспау салдарынан автокөлікті басқара алмай қалуыңыз мүмкін, бұл ЖКО-ға және ауыр жарақаттарға алып келеді. Беріліс қорабын ауыстырып қосқан кезде жылдамдықты көбейтпеңіз. Қозғалтқыш жұмыс істеп және бірінші беріліс қосылып тұрғанда ілінісу педальін жіберген кезде автокөлік қозғала бастайды.
- Қозғалтқыш жоғары айналымдармен

(5000 айн/мин мәнінен жоғары) жұмыс істеп тұрған кезде төмен беріліске (әсіресе бірден 2 беріліске) ауыстырып қосуға тыйым салынады, себебі бұл қозғалтқыштың және беріліс қорабының зақымдануына алып келеді.

- Ілінісудің мерзімінен бұрын тозуына және зақымдалуына жол бермеу үшін қозғалыс кезінде ілінісу педалін баспаңыз; ілінісуді өрге көтерілгенде немесе бағдаршамда аялдаған кезде автокөлікті ұстап тұру үшін пайдаланбаңыз.


Автоматтық беріліс қорабы

Оталдыру жүйесінің кілті ON күйінде тұрса, аспаптар тақтасындағы беріліс индикаторы берілістерді ауыстыру иінтірегінің күйін көрсетеді.

Берілістерді ауыстыру иінтірегі бұғаттау механизмімен жабдықталған. Иінтіректі P күйінен жылжытқан кезде тежегіш педалін басыңыз және бір мезгілде иінтіректегі бұғаттан шығару түймесін басыңыз.

Берілістерді ауыстыру иінтірегін (P/R/N/D) ілгері-кейін бағытта жылжытыңыз. Тек D күйінен ғана иінтіректі M күйіне қарай жылжытуға болады. M күйінде жоғары немесе төмен беріліске қолмен ауыстырып

қосу үшін берілістерді ауыстыру иінтірегін алға (+) немесе артқа (-) аз уақытқа ысыруға болады.



P: тұрақ күйі

R: артқа жүру берілісі

N: бейтарап беріліс

D: алға жүру берілісі

M (+/-): қолмен ауыстыру режимі

Тұрақ күйі (P)

Тұрақта тұрғанда немесе қозғалтқышты оталдырған кезде автокөлікті қозғалыссыз күйде ұстап тұру үшін қолданылады. Автокөлік толық тоқтамайынша P күйін таңдамаңыз.

Артқа жүру берілісі (R)

Бұл беріліс автокөліктің артқы жүріспен қозғалуы үшін қолданылады. Иінтіректі бұл күйге қояр алдында автокөлікті толықтай тоқтатып алу қажет.

Бейтарап беріліс (N)

Берілістерді ауыстыру иінтірегі N күйінде тұрған кезде қозғалтқышты оталдыруға болады. Автокөліктің қозғалысы кезінде бейтарап берілісті қолдануға кеңес берілмейді.

Алға жүру берілісі (D)

Бұл беріліс кәдімгі қозғалыс үшін қолданылады. Барынша үнемділікті және қуатты қамтамасыз ету үшін беріліс қорабы қозғалтқыштың жүктемесіне және автокөліктің жылдамдығына байланысты берілістерді автоматты түрде ауыстырып қосады.

Қолмен ауыстыру режимі (M)

Қолмен ауыстыру режимінде берілістерді тез ауыстырып қосу үшін қозғалтқыштың айналу жиілігінің жол берілетін диапазонында иінтіректі алға және артқа қозғаңыз.

⚠ Ескертпе

- Қолмен ауыстыру режимінде 6 берілісті таңдауға болады.
- Автокөлік қолмен ауыстыру режимінде тоқтатылған кезде автоматты түрде бірінші беріліс таңдалады.
- Ылдиға қарай қозғалған кезде қолмен ауыстыру режиміне ауысыңыз, берілістерді ауыстыру иінтірегін артқа ысырыңыз да, сәйкес төмен берілісті таңдаңыз.
- Ылди неғұрлым тік болған сайын қозғалтқышпен тежелудің тиімділігін арттыру үшін беріліс соғұрлым төмен болуы тиіс. Таулы немесе ой-қырлы жерлермен жүрген кезде берілістерді ауыстыру иінтірегін N күйіне ауыстырмаңыз және еркін жүріспен жүрмеңіз.

Ауыстырып қосуды бұғаттау


Қауіпсіздік мақсатында автоматтық беріліс қорабының жүйесі берілістерді ауыстырып қосудан бұғаттау жүйесімен жабдықталған. Егер тежегіш педалі басылмаған болса, берілістерді

ауыстыруды бұғаттау жүйесі иінтіректі Р күйінен R күйіне жылжытуға мүмкіндік бермейді.

Берілісті ауыстырып қосу үшін тежегіш педалін толық басыңыз және иінтіректің алдыңғы жағындағы бұғаттау түймесін басыңыз.

Тежеу жүйесі

Жұмыстық тежеу жүйесі



Тежеу жүйесі компоненттерінің ақаусыздығы автокөліктің қауіпсіздігі үшін шешуші маңызға ие. Техникалық қызмет көрсету стандарттарын қатаң сақтаңыз және JAC мақұлданған сервис

орталығында жүйелі тексерулер жүргізіп тұрыңыз.

Сіздің автокөлігіңіз қосарлы тежеу контурымен жабдықталған, бұл әр екі дөңгелектің бөлек контуры бар екенін білдіреді. Бір контур істен шыққан жағдайда екінші контур бәрібір тежеу күшін тудырады, алайда тиімді тежелу үшін тежегіш педалін басу күшін көбейту қажет; қалыпты күймен салыстырғанда педальдың жүрісі үлкейеді және тежеу жолы ұзарады.

Тежеу жүйесінде ақаулық болған жағдайда қауіпсіздік мақсатында қозғалтқышпен тежелуді іске қосу үшін дереу төменірек беріліске ауыстырып қосыңыз, мүмкіндігінше тезірек тоқтаңыз және жол үстінде көмек алу үшін JAC мақұлданған сервис орталығына хабарласыңыз.


⚠ Ескертпе

- Тежеу контурында ақаулық болған жағдайда тежегіш педаліне көбірек күшпен басуға тура келеді және тежеу жолы ұзарады.
- Егер тежегіш педалінің жүрісі үлкейсе, бұл тежеу жүйесін жөндеу қажет болуы мүмкін екенін білдіреді.
- Тежеу жүйесін тексерту үшін кідірместен JAC мақұлданған сервис орталығына хабарласыңыз.
- Су басқан аймақтардан жүріп өткеннен, автокөлікті жуғаннан кейін немесе тежегішке жоғары жүктеме түсірген ұзақ ылдидан түскеннен кейін тежеу тиімділігінің уақытша төмендеуі байқалуы мүмкін. Бұл тежеу жүйесі компоненттерінің су болуына және қызып кетуіне байланысты болуы мүмкін.
- Ылдиға қарай түскен кезде тежегіш қызып кеткен және тежеу қабілетін жоғалтқан жағдайда қозғалтқышпен қосымша тежелу үшін төменірек беріліске ауыстырып қосыңыз.

Еске салу!

- Қозғалыс кезінде тежегіш педалін сәл басып отырмаңыз, әйтпесе бұл тежегіш компоненттерінің тозуын тездетеді және оларды қыздырып жібереді, бұл тежеу жолының ұзаруына және қауіпсіздіктің төмендеуіне алып келеді.

Тұрақ тежегіші



Тұрақ тежегішінің иінтірегі алдыңғы орындықтардың арасында орналасқан.

Тұрақ тежегішін қоспас бұрын тежегіш педалін басыңыз. Тұрақ тежегіші қосулы тұрғанда, егер оталдыру жүйесі қосулы болса, тұрақ тежегішінің және тежеу жүйесінің ақаулығының бақылау шамы жанады.

Иінтіректі түсіру үшін тежегіш педалін басыңыз және иінтіректегі түйме бұғаттан шыққанша иінтіректі сәл жоғары қарай тартыңыз. Түймені басыңыз және иінтіректі төмен түсіріңіз. Осы кезде аспаптар

Басқару

тақтасындағы тұрақ тежегішінің бақылау шамы сөнеді.

Еске салу!

- Тұрақ тежегіші қосулы тұрған күйде қозғалысты бастамаңыз, әйтпесе тежеу жүйесі қызып кетеді және оның компоненттері мерзімінен бұрын тозады немесе зақымдалады.
- Жол жүрер алдында тұрақ тежегіші иінтірегінің толық түсіріліп тұрғанына, ал тұрақ тежегіші және тежеу жүйесі ақаулығының бақылау шамы өшіп тұрғанына көз жеткізіңіз.

Тұраққа қойған кезде

1. Барлық терезелердің жабылғанына көз жеткізіңіз.
2. Жарықтандыру аспаптарын өшіріңіз.
3. Бағалы заттарды өзіңізбен бірге алыңыз.
4. Кілт немесе ҚБП көмегімен есіктерді құлыптаңыз және жүксалғыш бөлімнің есігін тексеріңіз.
5. Автокөлікті қураған жапырақтардың, биік шөптің немесе басқа жеңіл тұтанатын материалдардың үстіне қалдырмаңыз; қозғалыс кезінде каталиттік бейтараптандырғыш жоғары температураларға дейін қызады, бұл мұндай материалдардың өртенуіне алып келуі мүмкін.
6. Егер автокөлік беткейге алдыңғы бөлігі жоғары қаратылып тұраққа қойылған болса, дөңгелектерін жол жиегіне қарсы жаққа қарай бұрыңыз.
7. Егер автокөлік беткейге алдыңғы бөлігі төмен қаратылып тұраққа қойылған болса, дөңгелектерін жол жиегіне қарай бұрыңыз және артқа жүру берілісін қосыңыз.


8. Жол жүрер алдында тұрақ тежегіші иінтірегінің толық түсірілгеніне көз жеткізіңіз; түсірілмеген болса, артқы тежегіштер қызып кетуі мүмкін.

⚠ Ескертпе

- Қозғалыс кезінде тұрақ тежегішінің иінтірегін апаттық жағдайда қосу тек артқы дөңгелектерде ғана тежеу күшін тудырады. Бұл автокөліктің бүйірге сырғуына алып келуі мүмкін; қозғалыс кезінде абай болыңыз.
- Қозғалтқышты қорғау және отын шығынын төмендету үшін тұраққа қойған кезде акселератор педалін басуға кеңес берілмейді.

*Шиналардағы қысымды бақылау жүйесі

Шиналардағы қысымды бақылау жүйесі (TPMS) шиналардағы ауаның қысымын және температурасын бақылайды және бұл параметрлер берілген диапазон шегінен шығатын болса, ескертулер береді. Ескертулер аспаптар тақтасындағы және MP5 блогының дисплейіндегі индикаторлардың көмегімен беріледі. Бұл жүргізушіге шиналардың күйін нақты уақыт режимінде қадағалауға және шиналардың ақауынан туындайтын ЖКО катерін төмендетуге мүмкіндік береді және сол арқылы қозғалыс қауіпсіздігін арттырады.



Шиналардағы қысым MP5 блогының дисплейінде көрсетіледі; толығырақ «Бас мәзір: шиналардағы қысымды бақылау» бөлімінен қараңыз. Жоғары қысым, төмен қысым, жоғары температура және ауаның тез жылыстауы секілді шиналардағы қысыммен байланысты проблемалар болған жағдайда MP5 блогының экранына автоматты түрде шиналардағы қысым туралы ақпараты бар экран шығарылады. Толығырақ ақпаратты көпфункционалы мультимедиа жүйесінің нұсқаулықтарынан қараңыз.

⚠ Ескертпе

- TPMS жүйесі жүргізушіге шиналардағы қысымды бақылауда ұстауға көмектеседі, алайда жүргізуші бұрынғыша шиналарда тиісті қысымды ұстап отыру үшін жауапкершілік көтереді.
- JAC M4 автокөлігінің шиналарындағы стандартты қысым 300 кПа құрайды. Шиналардағы қысымды мезгіл-мезгілімен тексеріп отырыңыз және оны 300 + 10 кПа деңгейінде ұстаңыз.

⚠ Ескерту

- Шиналардағы әртүрлі қысым немесе тым төмен қысым шиналарды істен шығаруы және автокөлікті басқара алмай қалуыңыз мүмкін, бұл ықтимал кісі өліміне душар ететін ЖКО-ға алып келеді.
- Егер қозғалыс кезінде шиналардағы қысымның бақылау шамы жанса, қауіпсіздік мақсатында мүмкіндігінше тезірек жол жиегіне тоқтаңыз (кілт бұрылудан немесе

шұғыл тежеуден сақтаныңыз) және барлық шиналарды тексеріп шығыңыз.

- Шиналардағы қысымның айырмашылығы немесе шиналардағы жеткіліксіз қысым шиналардың тозу жылдамдығын сөзсіз үдетеді, бұл автокөліктің тұрақтылығын төмендетеді және тежеу жолын ұзартады.
- Шиналардағы жеткіліксіз қысым қозғалыс кезінде шиналардың деформациялануының артуына алып келеді және шиналардың температурасы тез жоғарылайды; бұл жағдайда шина дөңгелек дискісінен ажырап немесе тіпті жарылып кетуі мүмкін.
- Шиналар жоғары жылдамдықпен жүрген кезде немесе шектен тыс жүк артылған жағдайда тез қызып кетуі мүмкін; бұл шинаның жарылуына немесе автокөлікті басқара алмай қалуға алып келуі мүмкін.
- Шиналарды жөндеген кезде шиналардағы қысым датчиктерін зақымдап алмау үшін абай болыңыз.

 Ескертпе

- Егер TRMS жүйесінің бақылау шамы үздіксіз жанып немесе жыпылықтап тұрса, ақауларды алғашқы мүмкіндік болған сәтте жөндеңіз.
- TPMS жүйесі шиналардағы қысымды бақылаудың көмекші құралы болып табылады. Жүйенің радиосигналдарына дәл осындай жиіліктегі электр-магнитті кедергілер әсер етуі мүмкін. Егер кедергілер ұзақ уақыт бойы жалғаса берсе, жүйе ақаулығының бақылау шамы жанады.
- Автокөлік күшті электр-магнитті кедергілері бар аймақтан шыққан кезде бақылау шамы қалыпты күйіне қайтып оралады.
- Тегіс емес жолмен жүргенде немесе бұрылыстарда әр шинаға әртүрлі жүктеме әсер етеді. Осы кезде шиналардағы қысым тым жоғары немесе тым төмен болып кетуі мүмкін. Мұндай жағдайларда жүйе мезгіл-мезгілімен ескертулер беріп отыруы мүмкін. Тегіс және түзу жолмен жүрген кезде шиналардағы ауаның қысымы

қалпына келгеннен кейін ескерту автоматты түрде өшеді.

- Қосалқы дөңгелекте TPMS датчигі жок; қосалқы дөңгелекті орнатқан жағдайда ақаулықтың бақылау шамы үнемі жанып тұрады.
- Шиналардағы ауаның қысымын жүйелі түрде қадағалап отырыңыз; шиналарға тым жоғары немесе тым төмен қысымы бар кезде ауа үрлемеңіз.

Қауіпсіздік

Қауіпсіздік белбеулері.....	82	SRS жүйесінің компоненттері мен функциялары.....	93
Қауіпсіздік белбеулерінің жұмыс істеу принципі.....	82	SRS жүйесінің жұмыс істеу принципі.....	94
Дұрыс отыру.....	84	SRS жүйесіне техникалық қызмет көрсету.....	97
Алдыңғы орындықтардың үш нүктелі қауіпсіздік белбеулері.....	86	Бала бекіту құрылғыларын орнату.....	97
Екінші қатар орындықтарының үш нүктелі қауіпсіздік белбеулері.....	87	Бала бекіту құрылғылары.....	97
Артқы орындықтардың ортаңғы қауіпсіздік белбеуі.....	88		
Қауіпсіздік белбеулерінің алдын ала кергіштері.....	88		
Балаларды және жүкті әйелдерді қорғау.....	89		
Бала бекіту құрылғылары мен жүкті әйелдерге арналған құралдар.....	89		
Қауіпсіздік жастықтары.....	91		
Қауіпсіздік жастықтарының орналасуы.....	91		

Қауіпсіздік

Қауіпсіздік белбеулері

Жол-көлік оқиғасы жағдайында жарақаттардан қорғану үшін қозғалыс кезінде жүргізушілер мен барлық жолаушылар қауіпсіздік белбеулерін тағып отыруы тиіс.

Қауіпсіздік белбеулерін дұрыс тағу және қолдану ЖКО немесе шұғыл тежеу жағдайында елеулі жарақаттар немесе кісі өлімі ықтималдығын төмендете алады.




Ескерту


- Бір қауіпсіздік белбеуі тек бір адамға ғана арналған. Екі жолаушыға (соның ішінде балаларға) бір қауіпсіздік белбеуін тағуға тыйым салынады: бұл ЖКО жағдайында жарақат алу қаупін арттырады.

Қауіпсіздік белбеулерінің жұмыс істеу принципі


Қандай да бір заттың үстінде немесе қандай да бір заттың ішінде отырған кезіңізде сіздің жылдамдығыңыз осы заттың жылдамдығымен бірдей болады.



Мысал ретінде автокөлікті қарастырайық: егер автокөлікті жай ғана дөңгелектермен жабдықталған орындық деп елестетсек, мұндай орындықтар шұғыл тоқтап қалған кезде орындықтарда отырған жолаушылар қозғалуын жалғастырады.



Адам қандай да бір зат оны тоқтатқанша алға қарай қозғала береді. Шынайы жағдайда мұндай зат әйнек, алдыңғы панель немесе қауіпсіздік белбеуі болуы мүмкін.



Егер қауіпсіздік белбеуін дұрыс тағатын болсаңыз, өз қозғалу жылдамдығыңызды автокөлікпен бірге түсіретін боласыз. Сізге қозғалысты тоқтатуға көбірек уақыт пен қашықтық болады, ал негізгі күш денеңіздің ең берік сүйектеріне әсер етеді. Қауіпсіздік белбеуінің маңызды болатыны сондықтан.

Қауіпсіздік белбеулеріне қатысты сақтық шаралары

Қауіпсіздік белбеулері жүйесінің конструкциясын бөлшектеуге және өзгертуге тыйым салынады. Қауіпсіздік белбеулеріне техникалық қызмет

көрсету жүргізіңіз және оларды ақаусыз күйде ұстаңыз, олардың дұрыс емес қолданылуына және зақымдалуына жол бермеңіз.

Қауіпсіздік белбеулерінің құлыптарына бөтен заттардың кіруіне жол бермеңіз. Мұндай жағдайда белбеудің тоғасы құлыпта сенімді бекітілмейді және ажырап кетуі мүмкін. Егер бөтен заттар ақаулық тудырса, JAC мақұлданған сервис орталығына хабарласыңыз.

⚠ Ескертпе

- Орындықты кейін шегіндіргенде және орындық арқалығының шалқаюын реттеген кезде қауіпсіздік белбеуінің және оның тоғасының қысылып қалуына жол бермеңіз.

Қауіпсіздік белбеулерін жүйелі түрде тексеріп отырыңыз

Қауіпсіздік белбеулерінде тозу белгілерінің және зақымдардың болмауын жүйелі түрде тексеріп отырыңыз. Егер қауіпсіздік белбеулері жүйесінің қандай да бір бөлшегі зақымдалған болса, оны мүмкіндігінше тезірек ауыстыру қажет.

Қауіпсіздік белбеуі таза және құрғақ болуы тиіс

Қауіпсіздік белбеуі әрдайым таза және құрғақ болуы тиіс. Ластанған жағдайда оны жұмсақ сабын ерітіндісімен немесе жылы сумен тазалаңыз. Ағартқыш құралдар, бояғыштар, агрессивті жуғыш құралдар немесе абразивті құралдар қолданбаңыз, себебі олар қауіпсіздік белбеуінің матасын зақымдайды немесе босатады.

Қауіпсіздік белбеуін ауыстыру

ЖКО жағдайында бүкіл қауіпсіздік белбеуі торабын және сәйкес компоненттерді ауыстыру қажет. Оларды тіпті көзге көрінетін зақымдары болмаса да ауыстыру қажет. Егер сізде қауіпсіздік белбеулері туралы қосымша сұрақтар туындаса, JAC мақұлданған сервис орталығына хабарласыңыз.

Қауіпсіздік

Дұрыс отыру

Мәні

Қауіпсіздік жастықтарының және қауіпсіздік белбеулерінің көмегімен тиімді қорғану үшін жүргізуші мен жолаушының дұрыс отыруы шешуші маңызға ие. Жүргізушінің және алдыңғы жолаушының орындығын жүргізушінің бойына және дене бітіміне сәйкес реттеуге болады. Дұрыс отыру келесіні қамтамасыз етеді:

1. Автокөлікті ыңғайлы, тиімді және қауіпсіз басқару.
2. Көлік жүргізу кезінде шаршауды азайту үшін дененің тиімді ұсталып тұруы.
3. Соқтығысқан жағдайда қауіпсіздік белбеулері мен қауіпсіздік жастықтарының анағұрлым тиімді жұмысы.



ЖКО жағдайында жарақат алу ықтималдығын азайту және

максималды қорғанышты қамтамасыз ету үшін автокөліктің қозғалысы кезінде барлық жолаушылар, егер олар алдыңғы орындықтарға отырса, отырған қалыпта болуы және түзу отыруы тиіс.

Артқы және алдыңғы орындықтарда жолаушы жатқан күйде болса, қауіпсіздік белбеуі жұмыс істемейді мүмкін.


⚠ Ескертпе

- Орындықтың арқалығын тым көп шалқайту немесе қозғалыс кезінде жату қауіпті. Жолаушының дене бітімі арық болса, денеге тығыз тимей тұрған қауіпсіздік белбеуі жеткілікті қорғанышты қамтамасыз ете алмауы мүмкін.
- Күшті соқтығысу жағдайында мойын және дененің басқа бөліктері жарақат алуы мүмкін.
- Белбеудің тек бел тармағын ғана қолдану да жеткілікті қорғанышты қамтамасыз етпейді. Соқтығысқан кезде бел тармағы жоғары ығысып кетуі мүмкін және қауіпсіздік белбеуінің күші жамбасқа емес,

күрсак қуысына әсер ететін болады, бұл елеулі ішкі жарақаттарға алып келеді. Көлікті жүргізу кезінде қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін орындықтың арқалығын тік күйге қойыңыз және қауіпсіздік белбеуін дұрыс қолданыңыз.

Жүргізушінің дұрыс отыруы


Жүргізушінің дұрыс отыруы қауіпсіз жүргізу үшін шешуші маңызға ие. Қауіпсіздікті қамтамасыз ету және жарақат алу қаупін төмендету үшін жүргізушіге келесі әрекеттерді орындауға кеңес беріледі:



1. Рульді реттеп алыңыз: руль мен кеуденің арақашықтығы 25 см шамасынан көп болуы тиіс.
2. Жүргізушінің орындығын реттеңіз: бұл жүргізушіге акселератор және тежегіш педальдарын тиімді қолдануға мүмкіндік береді.
3. Бассүйегішті реттеңіз: ол биіктігі бойынша дұрыс реттелген болуы тиіс.
4. Орындықтың арқалығы тік орналасуы, ал жүргізушінің арқасы орындық арқалығына тығыз жанасып тұруы тиіс.
5. Қауіпсіздік белбеуін дұрыс тағыңыз.

Алдыңғы жолаушының дұрыс отыруы

Жарақат алу қаупін төмендету үшін қауіпсіздік мақсатында алдыңғы жолаушыға келесі реттеулерді орындауға кеңес беріледі:




1. Алдыңғы жолаушының кеудесі мен алдыңғы панельдің арақашықтығы 25 см шамасынан кем болуы тиіс.
2. Орындықтың арқалығы тік орналасуы, ал жүргізушінің арқасы орындық арқалығына тығыз жанасып тұруы тиіс.
3. Бассүйегішті басыңызға жанасып тұратындай етіп реттеңіз.
4. Қауіпсіздік белбеуін дұрыс тағыңыз.

Қауіпсіздік

Алдыңғы орындықтардың үш нүктелі қауіпсіздік белбеулері

Барлық орындықтар үш нүктелі қауіпсіздік белбеулерімен жабдықталған. Төменде қауіпсіздік белбеулерін дұрыс қолдану бойынша нұсқаулар келтірілген.

Үш нүктелі қауіпсіздік белбеуін тағу




Қауіпсіздік белбеуін тағу үшін қауіпсіздік белбеуін инерциялық шарғысынан тартып шығарыңыз және қауіпсіздік белбеуі құлыпқа бекітілуі

үшін белбеудің тоғасын сырт еткен дыбыс шыққанша құлыпқа сұғыңыз.

Сандарыңызды тығыз орап тұруы үшін қауіпсіздік белбеуінің қажетті ұзындығын қолмен реттеніз. Алға қарай баяу еңкейген кезде қауіпсіздік белбеуі сізге еркін қозғалуға мүмкіндік бере отырып алға созылады. Шұғыл тежелген немесе соқтығысқан жағдайда қауіпсіздік белбеулері бұғатталады.


Үш нүктелі қауіпсіздік белбеуін реттеу



Белбеу мүмкіндігінше беліңізде емес, сандарыңыздың үстінде орналасуы тиіс. Егер қауіпсіздік белбеуі тым жоғары орналасса, соқтығысқан немесе шұғыл тежелген жағдайда қауіпсіздік белбеуінің астынан сығылып шығып кетесіз, бұл жаракат алу ықтималдығын жоғарылатады. Белбеуді қолыңыздың үстінен тақпаңыз. Қолдарыңыздың екеуі де қауіпсіздік белбеуінің үстінде орналасуы тиіс.


Қауіпсіздік белбеуін есік жақтан қолыңыздың астымен өткізіп тақпаңыз.

Үш нүктелі қауіпсіздік белбеуін ағыту



Қауіпсіздік белбеуін ағыту үшін құлыптағы түймені басыңыз. Осы кезде белбеу автоматты түрде шарғының ішіне тартылады. Егер белбеу тартылып оралмаса, оның шиыршықталып қалмағанын тексеріңіз және әрекетті қайталаңыз.

Қауіпсіздік белбеуін биіктігі бойынша реттеу



Қауіпсіздік белбеуінің биіктігін өз дене бітіміңізге сәйкес биіктік реттегішінің көмегімен реттеуге болады.

Екінші қатар орындықтарының үш нүктелі қауіпсіздік белбеулері


Екінші қатардың шеткі орындықтары үш нүктелі қауіпсіздік белбеулерімен жабдықталған. Олар алдыңғы орындықтардың белбеулері секілді тағылады, реттеледі және ағытылады.

⚠ Ескертпе

- Екінші қатардағы қауіпсіздік белбеуін қолданған кезде белбеудің тоғасын әрдайым дұрыс құлыпқа салыңыз.


Қауіпсіздік

Артқы орындықтардың ортаңғы қауіпсіздік белбеуі



Тағу үшін белбеудің металл тоғасын құлыпқа сырт еткен дыбыс естілгенше сұғу керек. Белбеудің дұрыс тағылғанын және шиыршықталмағанын тексеріңіз. Қауіпсіздік белбеуін ағыту үшін құлыптағы түймені басыңыз.

Қауіпсіздік белбеулерінің алдын ала кергіштері



Сіздің автокөлігіңіз жүргізушінің және алдыңғы жолаушының қауіпсіздік белбеулерінің алдын ала кергіштерімен жабдықталған. Алдын ала кергіштер белгілі бір күшпен бетпе-бет соқтығысу кезінде жүргізушінің және алдыңғы жолаушының қосымша қауіпсіздігін қамтамасыз етеді. Қауіпсіздік жастықтары мен қауіпсіздік белбеулерінің алдын ала кергіштері бір мезгілде іске қосылуы мүмкін. Автокөлік кілт тоқтап қалғанда немесе жолаушы алға бірден иілгенде

қауіпсіздік белбеуінің инерциялық шарғысы бұғатталады. Кейбір бетпе-бет соқтығысулар кезінде қауіпсіздік белбеулерінің алдын ала кергіштері іске қосылуы және жолаушыларға әсер ететін инерция күшін азайту үшін белбеудің керілуін көбейтуі мүмкін.

Ескертпе

- Егер қауіпсіздік белбеуінің алдын ала кергіші соқтығысу кезінде іске қосылған болса, қауіпсіздік белбеуін ауыстырыңыз.
- Жұмыс істеу принципі: газ генераторындағы заряд тұтанған кезде түтікшедегі ауа қысымы ұлғаяды және белбеудің шарғысын айналдыратын түтікшедегі шарлар редуктордың тегершіктерінің айналасында қозғалып жүреді. Іске қосылғаннан кейін шарлар сфералы ыдысқа бұрылады.

Балаларды және жүкті әйелдерді қорғау

Бала бекіту құрылғылары мен жүкті әйелдерге арналған құралдар
Нәрестелерді және сәби жасындағы балаларды қорғау



Кейбір елдерде нәрестелер мен сәби жасындағы балаларға бала бекіту құрылғыларын қолдану міндетті болып табылады.

Мұндай заңнамалық талаптардың бар-жоғына қарамастан салмағы 18 кг шамасынан кем нәрестелерді және балаларды тасымалдаған кезде бала бекіту құрылғыларын қолдануға қадала кеңес беріледі.

Қауіпсіздік жастықтары ЖКО жағдайында ересектерді қорғауға арналған, сонымен бірге олар балалар үшін қауіпті. Бала бекіту құрылғысын алдыңғы жолаушының орындығына орнатуға тыйым салынады. Орнатылған жағдайда қауіпсіздік жастығы ашылған кезде оның соққысы баланы жарақаттауы немесе тіпті мерт қылуы мүмкін.

Бала бекіту құрылғысын сатып алған кезде оның балаға, автокөлігіңіздің орындығына және белбеулеріне сәйкес келетініне көз жеткізіңіз. Өрдайым бала бекіту құрылғылары өндірушісінің нұсқауларын сақтаңыз.

Автокөлік бала бекіту құрылғыларын орнатуға арналған халықаралық стандарттарға сай келетін ISOFIX бекітпелерімен жабдықталған.

Жоғары жастағы балаларды қорғау



Бойы немесе салмағы бала бекіту құрылғыларын пайдалануға мүмкіндік бермейтін жоғары жастағы балаларға артқы орындықтарға отыруға және үш нүктелі қауіпсіздік белбеулерін пайдалануға кеңес беріледі. Қауіпсіздік белбеулері мүмкіндігінше төмен сандардың үстінде орналасуы тиіс. Қауіпсіздік белбеуінің күйін жүйелі түрде тексеріп отырыңыз.

Қауіпсіздік

Балалар көп жағдайда орнында қозғалып отырады, бұл қауіпсіздік белбеуінің шиыршықталуына немесе сырғып кетуіне алып келеді. Егер бала бекіту құрылғысы қолданылатын болса, соқтығысу жағдайында балаларды барынша қорғауды қамтамасыз ету үшін оны артқы орындықтарға орнатуға кеңес беріледі.


13 жастан асқан балалар алдыңғы орындықтарға отыра алады, бұл ретте олар үш нүктелі қауіпсіздік белбеуін тағып отыруы, ал орындық барынша артқа жылжытылған болуы тиіс.

13 жасқа дейінгі балалар артқы орындықтарда отыруы және қауіпсіздік белбеуін тағып отыруы тиіс; оларды алдыңғы орындыққа отырғызбаңыз. Бала бекіту құрылғысын автокөліктің алдыңғы орындығына арқасын алға қаратып орнатуға тыйым салынады.

Науқас адамдарды қорғау

Науқас адамдарды тасымалдаған кезде қауіпсіздік белбеуін қолдану қажет. Қажет болса, дәрігермен кеңесіңіз.

Жүкті әйелдерді қорғау




Жүкті әйелдер дәрігердің нақты нұсқауларын орындауы тиіс. Оларға үш нүктелі қауіпсіздік белбеуін қолдануға кеңес беріледі. Белбеудің бел тармағы барынша ыңғайлы түрде мүмкіндігінше төмен орналасуы тиіс.

Анасына да, ұрығына да зиян келтіру қаупін төмендету үшін жүкті әйелдерге рульден немесе алдыңғы панельден алыс орналасу және орындықтың арқалығын тік күйге қойып алу қажет.

Қауіпсіздік жастықтары

Қауіпсіздік жастықтарының орналасуы



1. Жүргізушінің алдыңғы қауіпсіздік жастығы
2. Алдыңғы жолаушының алдыңғы қауіпсіздік жастығы

⚠ Ескертпе

- Егер соқтығысу кезінде қауіпсіздік белбеуі тағылмаған болса (тіпті қауіпсіздік жастықтары болған жағдайда да), бұл елеулі жарақаттарға немесе кісі өліміне алып келуі мүмкін. Қауіпсіздік белбеуін дұрыс пайдалану жолаушылардың бір-біріне және салон элементтеріне соғылу ықтималдығын төмендетуге көмектеседі. Қауіпсіздік жастығы қауіпсіздік белбеуін ауыстыруға емес, қосымша қорғаныш құралы ретінде қолдануға арналған.
- Жүргізушінің және алдыңғы жолаушының алдыңғы қауіпсіздік жастықтары орташа және жоғары күшпен бетпе-бет соқтығысу немесе жанап өтетін бетпе-бет соқтығысу кезінде қорғауға арналған. Олар автокөлік аударылғанда, артқы жақтан соқтығысқанда, төмен жылдамдықпен бетпе-бет соқтығысқанда және бүйірден соқтығысулардың көбінде іске қосылмайды. Қауіпсіздік белбеулерін тақпаған

жолаушылар бетпе-бет соқтығысу кезінде әлдеқайда елеулі жарақаттар алуы мүмкін.

- Автокөліктің қауіпсіздік жастықтарымен жабдықталғанына не жабдықталмағанына қарамастан автокөлік ішіндегі барлық адамдар қауіпсіздік белбеулерін дұрыс тағып отыруы тиіс.
- Жүргізушінің немесе алдыңғы жолаушының қауіпсіздік жастығының қақпағы зақымдалған жағдайда қауіпсіздік жастығы дұрыс іске қосылмауы мүмкін. Сізге рульдегі қауіпсіздік жастығы модулін, алдыңғы жолаушының қауіпсіздік жастығының модулін және алдыңғы панельді ауыстыру қажет болуы мүмкін. Қауіпсіздік жастығының қақпағын ашпаңыз және оның зақымдалуына жол бермеңіз.

Қауіпсіздік



⚠ Ескертпе

- Алдыңғы қауіпсіздік жастықтары секундқа жетпейтін уақытта үлкен күшпен ашылады. Егер адам ашылып жатқан қауіпсіздік жастығына тым жақын орналасса (мысалы, алға еңкейсе), елеулі жарақат алуы мүмкін. Соқтығысу сәтінде қауіпсіздік белбеулері қауіпсіздік жастықтарының ашылуына қажет кеңістікті қамтамасыз етіп, жолаушының денесін ұстап қалады. Тіпті автокөлік қауіпсіздік жастықтарымен жабдықталған болса да, әрдайым қауіпсіздік белбеулерін тағу қажет. Жүргізуші қауіпсіздік жастығынан барынша алыс, алайда өзіне автокөлікті басқару жайлы болатындай орналасуы тиіс. Алдыңғы жолаушылардың есікке сүйеніп ұйықтауына рұқсат бермеңіз.
- Рульге немесе қауіпсіздік жастықтарының басқа қақпақтарының жанына ешқандай зат қоймаңыз. Бүйірлік қауіпсіздік жастықтарының шығатын

саңылауларын орындықтардың тысқаптарымен жаппаңыз.

- Қауіпсіздік жастықтары ашылған сәтте ауаға шаң шашырайды. Бұл шаң демікпемен немесе басқа респираторлық аурулармен ауыратын адамдардың тыныс алуымен байланысты проблемалар тудыруы мүмкін. Осыдан сақтану үшін барлық жолаушыларға мүмкіндігінше тездетіп автокөліктен шығу қажет. Егер сіздің тыныс алуыңызбен байланысты проблемалар туындаса, алайда қауіпсіздік жастықтары іске қосылғаннан кейін автокөліктен шыға алмайтын болсаңыз, таза ауа кіргізу үшін терезелерді немесе есіктерді ашыңыз. Егер қауіпсіздік жастықтары іске қосылғаннан кейін сізде тыныс алумен байланысты проблемалар туындаса, медициналық көмекке жүгініңіз.

Алдыңғы қауіпсіздік жастықтары



Сіздің автокөлігіңіз қауіпсіздік жастықтары жүйесімен (SRS) жабдықталған. Рульдегі дыбыс сигналы қақпағының ортасында және жолаушы жақтағы алдыңғы панельде SRS AIRBAG деген жазулар бар. SRS жүйесі соқтығысу кезінде қауіпсіздік белбеулері қамтамасыз ететін қорғанышқа қосымша жүргізушінің және алдыңғы жолаушының қорғалуын қамтамасыз етеді.

⚠ Ескертпе

- Алдыңғы жолаушы орындығының күнқағар қалқасындағы SRS жүйесінің нұсқауларын оқып шығыңыз.

⚠ Ескерту

- Қауіпсіздік жастығы қауіпсіздік белбеуін ауыстыруға емес, қосымша қорғаныш құралы ретінде қолдануға арналған. Автокөліктің қауіпсіздік жастықтарымен жабдықталғанына не жабдықталмағанына қарамастан автокөлік ішіндегі барлық адамдар қауіпсіздік белбеулерін тағып

отыруы тиіс.

- Алдыңғы қауіпсіздік жастықтары күшті бетпе-бет соқтығысу кезінде үрленеді, алайда бүйірден, артқы жақтан соқтығысқанда немесе автокөлік аударылғанда ашылмайды. Қауіпсіздік жастықтарын тек бір рет пайдалануға болады, іске қосылғаннан кейін олар ауыстырылуы тиіс.

SRS жүйесінің компоненттері мен функциялары

SRS жүйесі келесі компоненттерден тұрады:

- Қауіпсіздік жастықтары (жүргізушінің / алдыңғы жолаушының)
- Қауіпсіздік белбеулерінің алдын ала кергіштері
- SRS жүйесінің басқару компоненттері
- SRS бақылау шамы

Оталдыру жүйесі қосылу тұрғанда SRS жүйесінің басқару блогы қауіпсіздік жастықтарының іске қосылу қажеттігін анықтау үшін алдыңғы жақтан

соқтығысудың бар-жоғын үздіксіз қадағалайды және соқтығысудың күшін бағалайды.

Оталдыру жүйесінің кілтін ON күйіне бұраңыз, SRS қауіпсіздік жастықтарының бақылау шамы 5 секундтан кейін немесе қозғалтқышты оталдырғаннан кейін сөнеді.

Еске салу!

- Егер қауіпсіздік жастықтарының бақылау шамы қозғалтқышты оталдырғаннан кейін де жанып тұрса немесе қозғалыс кезінде қайтадан жанатын болса, қауіпсіздік жастықтары жүйесі ақаулы. Тексерту және қызмет көрсету үшін жақын жердегі JAC мақұлдаған сервис орталығына хабарласыңыз.

SRS жүйесінің басқару блогы жеткілікті күшпен бетпе-бет соқтығысуды анықтаған кезде қауіпсіздік жастықтары автоматты түрде ашылады. Толықтай үрленген қауіпсіздік жастығы және дұрыс тағылған қауіпсіздік белбеулері жолаушылар мен жүргізушінің қозғалысын баяулата және басқа

Қауіпсіздік

келтірілетін жарақатты жеңілдете алады.

Толық ашылғаннан кейін жүргізушінің көру аймағын қамтамасыз етіп, қауіпсіздік жастықтарының ауасы бірден шығып кетеді.



SRS жүйесінің жұмыс істеу принципі

Егер айтарлықтай күшті бетпе-бет соқтығысу орын алса, SRS жүйесі автокөліктің күрт баяулағанын анықтайды, қауіпсіздік жастықтарын дереу ашады және үрлейді, сондай-ақ қауіпсіздік белбеулерінің алдын ала кергіштерін іске қосады.

Соқтығысқан кезде қауіпсіздік белбеулері дененің астыңғы және үстінгі бөліктерін тұрақтандыруға көмектеседі, ал қауіпсіздік жастығы соққы энергиясын жұтып, басты және кеудені қорғайды.

Ашылғаннан кейін қауіпсіздік жастығының ауасы жүргізушінің көру аймағын көлегейлеу үшін және автокөлікті басқаруға кедергі келтірмеу үшін лезде (шамамен 0,1 секундтан кейін) шығып кетеді.

SRS жүйесі іске қосылған кезде кішігірім жарылыс орын алады, сондықтан ауада түтінге ұқсас ұнтақтың тозаңы пайда болады – бұл қалыпты құбылыс. Теріңіздің тітіркенуіне жол бермеу үшін қауіпсіздік жастығына тигеннен кейін бетіңіз бен



қолдарыңызды сабындап, жылы сумен жуыңыз.

⚠ Ескерту

- SRS жүйесі тек оталдыру жүйесі қосылып тұрғанда ғана жұмыс істейді. Егер қауіпсіздік жастықтарының индикаторы қозғалтқышты оталдырғаннан кейін жанбаса немесе қозғалыс кезінде үнемі жанып тұрса, бұл SRS жүйесінің ақаулығын білдіруі мүмкін. Алғашқы мүмкіндік туындаған сәтте автокөлікті тексерту үшін JAC мақұлданған сервис орталығына хабарласыңыз.
- Сақтандырғышты ауыстырар және клеммаларды аккумулятор батареясының шықпаларынан ажыратпас бұрын оталдыру жүйесіндегі кілтті LOCK күйіне бұраңыз да, шығарып алыңыз. Оталдыру жүйесінің кілтті ON күйінде тұрғанда қауіпсіздік жастықтары жүйесіне қатысты сақтандырғышты шешіп алмаңыз және ауыстырмаңыз. Бұл бақылау шамының қосылуына алып келеді.


Қауіпсіздік жастықтары іске қосылуы мүмкін жағдайлар

1. Автокөліктегі жолаушылардың елеулі жарақаттар алуына алып келуі мүмкін суретте көрсетілген аймақ шегіндегі күшті бетпе-бет соқтығысу.
2. Қозғалыссыз, қатты кедергімен бетпе-бет соқтығысу.




Қауіпсіздік


Қауіпсіздік жастықтары іске
қосылмауы мүмкін жағдайлар




Жеңіл деформацияланатын объектілермен, мысалы, ағаштармен соқтығысу.




Аласа бойлы заттармен, мысалы, басқышпен күшті соқтығысу.




Шұңқырға немесе орға құлап кету.



Басқа автокөліктің артқы жағына соқтығысу (артқы бампердің астына «сүнгіп кіру»)



Мардымсыз бетпе-бет соқтығысу



Аударылу; бүйірден соқтығысу, артқы жақтан соқтығысу, мардымсыз бетпе-бет соқтығысу; қауіпсіздік жастықтарының ақаулығы; өзге стандарттан тыс жағдайлар.

1

2

3

4

5

6

Қауіпсіздік

SRS жүйесіне техникалық қызмет көрсету

SRS жүйесі қызмет көрсетуді қажет етпейді. Қандай да бір ақаулық пайда болған жағдайда жөндеу үшін JAC мақұлданған сервис орталығына жүгініңіз.

SRS жүйесін бөлшектеуді, орнатуды және жөндеуді JAC мақұлданған сервис орталығының мамандары орындауы тиіс. Дұрыс жүргізілмеген жөндеу қауіпсіздікке төнетін қауіп-қатерді айтарлықтай жоғарылатуы мүмкін.

Жүйе компоненттерін тазалау үшін таза мата мен суды пайдаланыңыз. Құрамы белгісіз химиялық тазартқыш құралдарды қолданбаңыз.



Ескерту

- SRS жүйесінің компоненттері мен сымдар жүйесін өз бетіңізше ауыстырмаңыз: бұл жүйенің ақаулығын тудыруы және соқтығысу жағдайында істемей қалуына алып келуі мүмкін.
- Қауіпсіздік жастығын, SRS жүйесінің компоненттерін және сымдар жүйесін ұстамаңыз: бұдан қауіпсіздік жастығы абайсызда ашылып кетуі мүмкін, салдарынан жарақат келтіріледі.

Бала бекіту құрылғыларын орнату

Бала бекіту құрылғысы

Қозғалыс кезінде балалар артқы орындықтарда дұрыс орнатылған бала бекіту құрылғыларында отыруы тиіс. Бұл шұғыл тежелген және соқтығысқан жағдайда жарақат алу қаупін төмендетуге мүмкіндік береді. ЖКО статистикасына сәйкес артқы орындықтарда отыратын болса, бекіту құрылғысы дұрыс қолданылған жағдайда балалар жақсырақ қорғалады. Егер бала бекіту құрылғысын қолдануға болмайтын болса, жоғары жастағы балалар қауіпсіздік белбеуін пайдалануы тиіс.

Әрдайым сертификатталған бала бекіту құрылғыларын қолданыңыз. Балаларды автокөлікпен тасымалдаған кезде әрдайым оларға арналған бала бекіту құрылғысын (бала орындығын) қолдану қажет. Балалардың сенімді қорғанышы қамтамасыз етілмесе, ЖКО жағдайында жарақаттар келтірілуі немесе тіпті кісі өлімі орын алуы мүмкін. Нәрестелер мен кіші жастағы балаларға

сертификатталған бесіктер немесе орындықтар қолданылуы тиіс. Бала бекіту құрылғысын сатып алған кезде құрылғының балаға сай келетінін тексеруіңіз қажет. Бала бекіту құрылғыларын орнату кезінде өндірушісінің нұсқауларын орынданыз. Бала бекіту құрылғысын артқы шеткі орындыққа орнатқан кезде қауіпсіздік белбеуінің бел/иық тармақтарын инерциялық шарғыдан тартып шығарыңыз. Қауіпсіздік белбеуін тағыңыз, оның баланың денесіне тығыз жанасып тұруын қамтамасыз етіңіз. Белбеу таспаларының баланын мойнының немесе бетінің үстінен өтіп тұрмағанына көз жеткізіңіз. Бала бекіту құрылғысын орнатқаннан кейін сенімді бекітілгеніне көз жеткізу үшін оны барлық бағыттарда орнынан жылжытуға әрекет етіп көріңіз.

⚠ Ескертпе

- Бала бекіту құрылғыларын артқы орындыққа орнатыңыз. Орындық-бесікті алдыңғы жолаушының орындығына орнатпаңыз. Орнатылған жағдайда іске қосылған алдыңғы жолаушының қауіпсіздік жастығы баланы жарақаттауы немесе тіпті мерт қылуы мүмкін. Бала бекіту құрылғыларын әрдайым артқы орындыққа орнатыңыз.
- Жабық автокөлік ішінде қауіпсіздік белбеулері мен бала бекіту құрылғысы жоғары температураларға дейін қызуы мүмкін. Күйік шалудан сақтану үшін баланы отырғызбас бұрын әрдайым орындықтар мен қауіпсіздік белбеулерінің температурасын тексеріңіз.
- Бала бекіту құрылғылары жарамайтын жоғары жастағы балалар артқы орындықтарда отыруы және үш нүктелі қауіпсіздік белбеуін тағуы тиіс. Балаларды алдыңғы жолаушы орындығына отырғызбаңыз.
- Қауіпсіздік белбеуінің иық тармағы баланың иығының

⚠ Ескертпе


- ортасынан, мойнының айналасынан немесе арқасынан өтпеуі тиіс. Егер бала белбеудің құлпына жақынырақ отырса, қауіпсіздік белбеуі анағұрлым тиімдірек қорғанышты қамтамасыз етеді. Белбеудің бел және иық таспалары мүмкіндігінше төмен орналасуы тиіс. Бел тармағын баланың сандарының үстінен өткізуге кеңес беріледі.
- Қозғалыс кезінде балалардың орындық үстінде түрегеп тұруына немесе тізерлеуіне рұқсат етпеңіз.
 - Орындықтың үстіңгі жағындағы ілмекке ғана бекітілетін бала орындықтарын және басқа бала бекіту құрылғыларын қолданбаңыз.
 - Көлікті жүргізу кезінде баланы қолдарыңызбен көтеріп ұстамаңыз, әйтпесе бала бекіту құрылғысы қорғанышты қамтамасыз ете алмайды және тіпті ауыр жарақат алуға түрткі болуы мүмкін. Тіпті қауіпсіздік белбеуін тағып алған болсаңыз да, бұны жасауға тыйым салынады.

Қауіпсіздік

⚠ Ескертпе

- Егер бала бекіту құрылғысы дұрыс бекітілмеген болса, бұл ЖКО кезінде балалардың жарақат алу немесе мерт болу қаупін арттырады.

Бала бекіту құрылғыларына арналған бекітпелер



Бала бекіту құрылғыларына арналған ISOFIX бекітпелері екінші қатар орындықтарында орналасқан.

Баланың жасына және дене бітіміне сәйкес жарамды бала бекіту құрылғысын таңдаңыз.

Орнату тәртібі:

1. Қозғап көру арқылы орындық арқалығының толық бұғатталғанына көз жеткізіңіз.
2. Бала бекіту құрылғыларына арналған бекітпелерді табыңыз, олар орындықта сәйкес заттаңбалармен белгіленген.
3. Орындық арқалығының артқы жағында бала орындығының бекіткіш бауын бекітуге арналған саңылау бар. Ол сәйкес таңбаламамен белгіленген.
4. Бала орындығын нұсқауларға сәйкес бекітіңіз.

Бала бекіту құрылғысын орнатар алдында өндірушінің нұсқаулығын толық оқып шығыңыз.

Егер бала бекіту құрылғысын нұсқауларға сәйкес орната алмай жатсаңыз, бекітпелерді тексерту үшін JAC мақұлданған сервис орталығына хабарласыңыз.

⚠ Ескертпе

- Бала бекіту құрылғысын алдыңғы жолаушының орындығына орнатпаңыз. Соқтығысу кезінде қауіпсіздік жастығы ашылған жағдайда бұл баланы жарақаттауы немесе мерт қылуы мүмкін. Осы себепті бала бекіту құрылғысын тек артқы орындыққа ғана орнатуға болады. Орнатқаннан кейін барлық бағыттарда қозғауға әрекет жасап, оның сенімді бекітілгенін тексеріңіз.

1

2

3

4

5

6

Сынап жүргізу кезеңі.....	102	Ылдиларда және таулы жерде қозғалу.....	112
Жаңа автокөлік.....	102	Қарда және мұзтайғақта қозғалу.....	113
Сынап жүргізу кезеңі.....	103		
Үнемді және экологиялық қауіпсіз жүргізу.....	104	Қыста жүргізу.....	114
Өртүрлі жол жағдайлары.....	107	Тежегіштер.....	116
Түнде жүргізу.....	107		
Мас күйде көлік жүргізу.....	108	Көлікті жүргізген кездегі сақтық шаралары.....	117
Су басқан аймақтармен жүру.....	108		
Қала ішіндегі сапарлар.....	109		
Тасжолдағы сапарлар.....	110		
Алыс қашықтықтарға сапарлар.....	111		
Жаңбырда және тайғақ жолдармен жүргізу.....	111		

Сынап жүргізу кезеңі

Жаңа автокөлік

Автокөлікке арнайы сынап жүргізу қажет емес. Әйтсе де төменде келтірілген кеңестерді орындасаңыз, ұзақ мерзімді перспективада автокөліктің пайдаланушылық сипаттамаларын жақсартуыңызға болады:

Алғашқы 1000 км жол жүрген кезде ұзақ уақыт бойы тұрақты жылдамдықты (жоғары немесе төмен екені маңызды емес) ұстап отырмауға тырысыңыз.

Алғашқы 300 км жол жүру барысында шұғыл тежеуден сақтаныңыз. Бұл кезеңде жаңа тежегіш қыспақтарының үйкеліп, жұмысқа кірісуі жүреді. Жаңа тежегіш қыспақтарымен шұғыл тежеу олардың мерзімінен бұрын тозуына және оларды ауыстыруға алып келеді. Жоғарыда сипатталған кеңестерді тежегіш қыспақтарын әр ауыстырған сайын орындау қажет.

Көлікті жүргізген кездегі сақтық шаралары

Автокөлікке отырар алдында

Зақымдану белгілерінің, шиналардағы төмен қысымның және протектор бедерінде бөтен заттардың бар-жоғына қатысты шиналарды қарап тексеріңіз. Қажет болса, барлық ақауларды түзеңіз. Кеңейткіш бақтағы сұйықтық деңгейінің F және L сызықтарының арасында орналасуын тексеріңіз.

Қозғалтқышты оталдыру

Қозғалтқышты оталдырмас бұрын шиналардың күйін, олардағы қысымды және протекторында бөтен заттардың болмауын тексеріңіз.

Отын құю

Аспаптар тақтасында төмен отын деңгейінің бақылау шамы жанған кезде алғашқы мүмкіндік туған сәтте автокөлікке отын құйыңыз.



Ескертпе

- Құрамында метано́лы бар отынды пайдаланбаңыз, себебі бұл автокөліктің сипаттамаларының төмендеуіне және отын жүйесі компоненттерінің зақымдалуына алып келеді. Мұндай отынды пайдаланудан туындаған ақаулықтарды жөндеу кепілдік арқылы өтелмейді.

Автокөлікті сынап және қалыпты жүргізу

Сынап жүргізу кезеңі

Сынап жүргізу

Алғашқы 1000 км жол жүру барысында жаңа автокөліктерде қозғалтқыштың ішкі тозуы сынап жүргізу кезеңінен кейінгімен салыстырғанда әлдеқайда жоғары. Сондықтан осы кезеңде көлікті жүргізу стиліне ерекше көңіл аудару қажет. Бұл автокөліктің келешектегі сенімділігін және өзге де сипаттамаларын кепілдендіруге мүмкіндік береді.

Алғашқы 1000 км жүрілетін жол

Бұл кезеңде келесі кеңестерді орындаңыз:

1. Акселератор педалін толық баспаңыз.
2. 80 км/сағ мәнінен төмен қозғалыс жылдамдығын ұстаңыз.
3. Қозғалтқыштың жоғары айналым-дармен жұмыс істеуіне жол бермеңіз.
4. Жаңа автокөлікті басқа көлік құралдарын сүйреуге пайдаланбаңыз.
5. Шұғыл тежелуден сақтаныңыз. Жаңа тежегіштер мен шиналар да сынап жүргізуді қажет етеді.



Ескертпе

- Ең жақсы сипаттамаларын қамтамасыз ету үшін жаңа шиналарды сынап жүргізу қажет. Алғашқы 500 км жол жүрген кезде автокөлікті сақтықпен және ырғақты жүргізу қажет. Жаңа тежегіш қыспақтары да үйкелтіп жұмысқа кірістіруді қажет етеді және алғашқы 200 км барысында төмен фрикциялық сипаттамаларға ие. Егер тежелу әсерінің төмендігі байқалса, сәйкесінше тежегіш педаліне көбірек күш салыңыз. Бұл кеңестерді тежегіш қыспақтарын ауыстырғаннан кейін де орындаңыз.

1000–3000 км аралығындағы кезең

Бірте-бірте жылдамдықты немесе қозғалтқыштың айналымдарын максималды рұқсат етілген мәндерге дейін ұлғайтуыңызға болады. Төменде келтірілген кеңестер жұмысқа кірістіру кезеңіне және жұмысқа кірістіруден кейінгі кезеңге қатысты:

1. Суық ауа райында беріліс қорабының бейтарап немесе басқа берілісте тұрғанына қарамастан қозғалтқыштың айналымдарын максималды мәнге дейін ұлғайтпаңыз.
2. Тым төмен жылдамдықпен жүрмеңіз. Егер қозғалтқыш тұрақсыз жұмыс істеп тұрса, төменірек беріліске ауыстырып қосыңыз.



Ескертпе

- Тым жоғары жылдамдықпен жүрмеңіз. Жоғарырақ беріліске уақытылы ауыстырып қосу отынды үнемдеуге, шу деңгейін азайтуға және қоршаған ортаны қорғауға көмектеседі.

Сынап жүргізгеннен кейін

Тахометр шкаласының қызыл түсті диапазоны қозғалтқыштың максималды жол берілетін айналу жиілігіне сәйкес келеді. Айналымдарды осы диапазонға дейін ұлғайтуға жол бермеңіз: бұл қозғалтқышты зақымдауы мүмкін.

Үнемді және экологиялық қауіпсіз жүргізу

Отын шығыны, зиянды шығарындылар деңгейі, қозғалтқыштың, тежеу жүйесінің бөлшектерінің және шиналардың тозу қарқыны негізінен мынадай үш факторға байланысты:

1. жүргізу стилі;
2. пайдалану жағдайлары;
3. автокөліктің техникалық күйі.

Байыппен және үнемді жүргізу отынның 10–15 %-на дейін оңай үнемдеуге мүмкіндік береді.

Төменде келтірілген кеңестер қоршаған ортаның ластануын азайтуға және отынды үнемдеуге көмектеседі.

Кеңестер:

1. Жолдағы жағдайды болжау.

Отынның ең көп шығыны автокөліктің жылдамдықты үдетуі кезінде орын алады. Жолдағы жағдайды болжау тежелу және жылдамдықты үдету уақытын қысқарта алады.

Сонымен бірге жағдайлар мүмкіндік берсе, мысалы, келесі жол қиылысында бағдаршамның қызыл түсі жанып тұрса,

автокөлік толық тоқтағанша еркін жүріспен жүре алады.

2. Шиналардағы дұрыс қысым.

Әрдайым шиналарда дұрыс қысымды ұстап отырыңыз. Шиналардағы қысым 50 кПа мәніне төмендеген жағдайда, отын шығыны 5 %-ға артады.

Шиналардағы төмен қысым тербелуге қарсы кедергіні көбейтеді, сол арқылы шиналардың тозуын арттырып, сипаттамаларын нашарлатады. Шиналардағы қысымды шиналар суық кезде тексеру қажет.

3. Берілістерді ауыстыру және энергияны үнемдеу. Отынды үнемдеудің тағы бір тиімді тәсілі – жоғары берілістерге уақытылы ауыстырып қосу. Егер жоғары беріліске уақытылы ауыстырмасаңыз, қозғалтқыш жоғары айналымдармен жұмыс істейді және отынды босқа шығындайды.

Төменде келтірілген принциптерді ұстануға кеңес береді: 1-ші беріліспен тек автокөліктің өз ұзындығына тең келетін қашықтықты ғана жүру қажет. Сондай-ақ қозғалтқыштың айналу жиілігі 2000 айн/мин мәніне жеткен кезде келесі жоғары беріліске ауыстырып қосуға кеңес беріледі.

Автоматтық беріліс қорабы бар автокөліктер үшін: беріліс қорабын басқару жүйесі сіздің жүргізу мәнеріңізге сәйкес автоматты түрде ең үнемді режимді таңдауы, мысалы, жоғарырақ беріліске ертерек және төменірек беріліске кейінірек ауыстырып қосуы үшін акселератор педалін баяу басуға кеңес беріледі.

4. Өте жоғары жылдамдықпен жүруден сақтаныңыз, себебі жоғары жылдамдықта отын шығыны, шығарындылар және шу көбейеді.

Егер автокөлік максималды жылдамдықтың 3/4 бөлігіне тең жылдамдықпен жүрсе, отын шығыны екі есеге төмендейді.

5. Қозғалтқыштың бос жүріспен жұмыс істеу уақытын азайту.

Егер кептелісте тоқтасаңыз немесе теміржол өткелінде немесе жол қиылысында қызыл түске ұзақ тоқтап тұратын болсаңыз, қозғалтқышты өшіріп қоюға кеңес беріледі. Бұл небәрі 30–40 с ішінде бейтарап берілісте шығындалатын отынмен салыстырғанда көбірек отын үнемдеуге мүмкіндік береді.

Автокөлікті сынап және қалыпты жүргізу

⚠ Ескертпе

- Қозғалтқышты бос жүріспен ұзақ уақыт жұмыс істетіп қоюға кеңес берілмейді. Бір жағынан кондиционердің қосылып тұрғанына қарамастан салондағы ауаның сапасы бірте-бірте нашарлайды немесе тіпті жайсыздық туғызуы мүмкін. Екінші жағынан бұл жылуды бұрып әкету және пайдаланылған газдарды тазалау жүйесін қорғау тұрғысынан онша пайдалы емес. Бұл сондай-ақ отын шығынының ұлғаюына және техникалық қызмет көрсетудің жиілеуіне алып келеді.

6. Жүйелі түрде техникалық қызмет көрсету

JAC мақұлданған сервис орталығында жүйелі түрде техникалық қызмет көрсетуден өту автокөліктің үнемді пайдаланылуын қамтамасыз етудің міндетті шарты болып табылады. Қозғалтқышқа дұрыс техникалық қызмет көрсету көлік жүргізу қауіпсіздігін арттырып және автокөлікті қорғап қана қоймай, отын шығынын да төмендетеді.

Қозғалтқышқа тиісінше қызмет көрсетілмесе, отын шығыны 10 %-ға ұлғаяды.

Мотор майының деңгейін жүйелі түрде тексеріп отырыңыз және қажет болса, үстемелеп құйыңыз. Отын шығыны қозғалтқыштың айналу жиілігіне және оған түсетін жүктемеге байланысты.

Тұтқырлығы азырақ майды пайдалану отын шығынын азайтуға көмектеседі. Жаңа автокөлікте майдың шығыны сынап жүргізуден кейін қалыпқа келеді. Сондықтан жаңа автокөлікті пайдаланудың басында май шығыны стандартты мәннен біршама артық болады.

7. Автокөлікте қажетсіз жүкті алып жүрмеңіз.

Жүргізу стилінен және автокөлікке жүйелі техникалық қызмет көрсетуден өзге отын шығынына автокөлікте қажетсіз жүктің болуы да әсер етеді.

Салмақтың әрбір қосымша килограммы отын шығынын арттырады, сондықтан автокөлікті жүйелі түрде тексеріп отырыңыз және ішінен қажетсіз заттарды шығарып тастаңыз.

8. Қысқа қашықтыққа жол жүрулер санын барынша азайтыңыз

Отын шығынын төмендету және пайдаланылған газдарды тиімді тазалау қозғалтқыш пен каталиттік бейтараптандырғыш тиісті жұмыстық температураға дейін қызғаннан кейін ғана қамтамасыз етіледі. Қалыпты жағдайларда қозғалтқыш қалыпты жұмыстық температураға дейін шамамен 4 миля жол жүріп өткеннен кейін қызады, осыдан кейін отын шығыны да қалыпқа келеді. Осы себепті қысқа қашықтықтарға жол жүруден бас тартқан жөн. Мүмкіндігінше жақын жерде орналасқан межелі орынға дейін жаяу барыңыз.

Сыртқы ауаның температурасы үлкен маңызға ие. Қыста отын шығыны жаздағымен салыстырғанда көбірек.

9. Электр энергиясын үнемдеу
Автокөліктегі электр энергиясы ақаусыз болса, генераторда жасалып шығарылады. Электр жабдықтарын қосу және қосымша құрылғыларды жалғау генераторға түсетін жүктеменің және отын шығынының ұлғаюына алып келеді. Артқы әйнек жылытқышы, фаралардың таяу және шалғай жарығы, сондай-ақ ауаны кондициялау жүйесі


электр энергиясының көп мөлшерін тұтынады. Мысалы, артқы айнек жылытқышын қолдану әр 10 сағат сайын 1 литр отын шығынына алып келеді. Жұмысы қажет болмаса, электр жабдықтарын өшіріп қойыңыз.

10. Жазбалар жүргізіңіз

Сапарлардың алдында және сапарлардан кейін жазбалар жүргізіңіз: бұл отын шығынының өзгерістерін (ұлғаю немесе азаю бағытында) анықтауға және қажет болса, тиісті шаралар қолдануға мүмкіндік береді. Егер отын шығыны көбейген болса, соңғы отын құюдан бастап жүргізу стилін, жолдардың күйін және жолдағы мән-жайды есепке алу қажет.

11. Шассиді жүйелі түрде тазалап отырыңыз. Шассиге батпақтың жиналып қалуына жол бермеңіз: бұл шанақтың салмағын көбейтеді және коррозияға алып келуі мүмкін.

Әртүрлі жол жағдайлары Түнде жүргізу



Түнде көлік жүргізу күндізгімен салыстырғанда қауіпті. Бұл көру мүмкіндігінің нашарлауымен және шаршаумен байланысты.

Төменде түнде көлік жүргізу бойынша кеңестер келтірілген:

1. Ерекше сақ болыңыз.
2. Спирттік ішімдіктер ішкеннен кейін автокөлікті басқаруға тыйым салынады.
3. Артқы жақтағы автокөліктердің фараларымен көздің қарығуын азайту үшін ішкі артқы көрініс айнасын күнгірттелу күйіне ауыстырыңыз.
4. Басқа көлік құралдарына дейінгі қашықтықты ұзартыңыз.
5. Жылдамдықты азайтыңыз (әсіресе жоғары жылдамдықты жолақпен жүрген кезде), себебі фаралар автокөліктің алдындағы шектеулі аймақты ғана жарықтандырады.
6. Қала сыртында жүрген кезде жол үстінде жануарлардың шыға келуіне дайын болыңыз.
7. Егер шаршағаныңызды сезсеңіз, қауіпсіз жерге тоқтаңыз да, тынығып алыңыз.
8. Фаралардың жарығынан уақытша көрмей қалуыңыз мүмкін және көздеріңіз қараңғылыққа үйренгенше бірнеше секунд қажет болуы мүмкін.

Автокөлікті сынап және қалыпты жүргізу

Көздеріңіз қатты қарыққан кезде, мысалы, қарсы келе жатқан көліктің жүргізушісі шалғай жарығын өшірмесе немесе қарсы бағыттағы автокөліктің фаралары дұрыс реттелмеген болса, жылдамдықты азайту және фараларға тік қарамау қажет.

9. Алдыңғы әйнекті және екі жақтағы басқа әйнектерді жүйелі түрде тазалап отырыңыз, себебі әйнектің ластануы көздің қарығуын күшейтеді, мұның салдарынан көздеріңіздің қарашығы үнемі кішірейе береді.

10. Бұрылу әрекеттерін жасағанда және ирелең жолмен қозғалғанда жанарыңызды сәл шетке бұру нашар жарықтандырылған объектілерді көруге көмектесе алады.

Мас күйде көлік жүргізу

Ескерту

- Алкогольді пайдаланғаннан кейін автокөлікті басқару аса қауіпті. Тіпті алкогольдің шағын мөлшері де рефлекстерге, сезімдерге және жолдағы ахуалды дұрыс бағалау қабілетіңізге әсер етуі мүмкін. Автокөлікті мас күйде басқару өлім-жітімге алып келетін елеулі ЖКО-ға түрткі болуы мүмкін. Мас күйде автокөлікті жүргізбеңіз және жүргізушісі мас автокөлікке отырмаңыз. Такси шақырыңыз немесе алкоголь тұтынбаған жүргізушіге жүгініңіз.

Алкоголь жүргізушінің келесі көрсеткіштерін нашарлатады: жағдайды бағалау қабілеті, бұлшықеттерінің координациясы, көру қабілеті және зейінділігі. Статистика кісі өлімі орын алған ЖКО-ның 40 %-ы дерлік алкогольмен байланысты екенін көрсетеді. Көп жағдайда кісі өліміне мас жүргізушілер кінәлі болған. Жол қозғалысының қауіпсіздігіне төнетін қауіп-қатердің алдын алудың ең айқын тәсілі автокөлікті мас күйде жүргізуге тыйым салу болып табылады. Медициналық зерттеулерге сәйкес адам ағзасында алкогольдің болуы жарақаттардың, әсіресе мидың, омыртқаның және жүректің жарақаттарының ауырлығын арттыруы мүмкін. Бұл алкоголь тұтынған кез келген жүргізушінің немесе жолаушының сау адамдармен салыстырғанда өліп кету және тұрақты мүгедектікке ұшырау мүмкіндігінің жоғары екенін білдіреді.

Су басқан аймақтармен жүру

Сумен жүрген кезде (мысалы, жолдың су басқан аймақтарымен) автокөліктің зақымдануынан сақтану үшін келесі жайттарға назар аударыңыз:

1. Қозғалысты бастамас бұрын судың тереңдігін анықтап алыңыз. Судың тереңдігі автокөлік дөңгелегінің 1/4-нен жоғары болмауы тиіс.
2. Максималды жылдамдық 10 км/сағ. Егер жылдамдық одан жоғары болса, автокөліктің алдындағы суда толқын түзілуі, нәтижесінде автокөліктің шығару жүйесіне немесе басқа компоненттеріне су кіріп кетуі мүмкін.
3. Суға артқы жүріспен кірмеңіз және ешбір жағдайда қозғалтқышты өшірмеңіз.

Автокөлікті сынап және қалыпты жүргізу

⚠ Ескерту


- Суда және батпақты жолда жүрген кезде тежеу жолы ұзаруы, ал тежелу тиімділігі төмендеуі мүмкін. Бұл ЖКО қаупін жоғарылатады!
- Сумен жүріп өткеннен кейін бірден жылдамдықты үдету немесе тежелу әрекеттерін жасамаңыз.
- Сумен жүріп өткеннен кейін тежегіш педалін бірнеше рет басу арқылы тежегіштерді тазалап және кептіріп алу қажет. Тежегіш дискілері таза және құрғақ күйінде болуы үшін мұндай тежелуді жолдағы жағдайлар мүмкіндік беретін болса ғана орындаңыз. ЖКО-дан сақтану үшін жол қозғалысының басқа қатысушыларына кедергі жасамаңыз.

⚠ Ескертпе

- Автокөліктің сумен жүруі қозғалтқышқа, беріліс қорабына, шассиге және электр жүйелеріне айтарлықтай зақым келтіруі мүмкін.
- Қарсы қозғалып келе жатқан көлік құралдарынан туындаған толқыннан судың деңгейі сіздің автокөлігіңізге рұқсат етілген мәннен асып кетуі мүмкін.
- Судың астында қозғалысты қиындатуы мүмкін шұңқырлар немесе тастар болуы мүмкін.
- Тұзды суды кешіп өтуге тыйым салынады. Тұз металл бөлшектердің коррозиясын тудыруы мүмкін. Тұзды су тиген барлық бөлшектерді дереу тұзды сумен шаю қажет.

Сумен жүріп өткеннен кейін автокөлікті тексерту үшін JAC мақұлданған сервис орталығына жүгінуге кеңес беріледі.

Қала ішіндегі сапарлар




Қала көшелеріндегі қозғалыстың ең үлкен қиындықтарының бірі қарқынды жол қозғалысы болып табылады. Басқа жүргізушілердің әрекеттерін және бағдаршамдардың сигналдарын мұқият қадағалап отырыңыз.

Қалада көлік жүргізудің қауіпсіздігін арттыру үшін келесі кеңестерді орындаңыз:

1. Қауіпсіздік белбеуін тағыңыз.
2. Межелі орынға дейінгі оңтайлы бағдарды анықтаңыз және оны есте сақтаңыз.
3. Дұрыс отыру қалпын қамтамасыз ету үшін орындықты реттеп алыңыз. Дұрыс отыру қауіпсіздік үшін маңызды, себебі ұзақ уақыт бойы көлік жүргізуден шаршауды азайтып және жақсы көру аймағын қамтамасыз етіп қана қоймай, жүргізушінің әрекеттерін әлдеқайда дәл, жылдам және үнемді етеді.
4. Жол қиылыстарынан өткен кезде және қарқынды қозғалысы бар жолдарда қозғалыс жолағын күрт ауыстырудан сақтану үшін орташа және төмен жылдамдықпен қозғалуға және тежелуге дайын болуға кеңес беріледі.
5. Жол белгілерін қадағалаңыз. Жол қиылысына жақындаған кезде қозғалыс жылдамдығын азайту, жолды және жол белгілерін мұқият қадағалау және қозғалыс жолағын дұрыс таңдау қажет.
6. Сабырлы болыңыз. Жақсы көру мүмкіндігі мен сабырлы іс-әрекет

қауіпсіз жүргізудің кілті болып табылады.

Тасжолдағы сапарлар



Тасжолдағы сапарлар бойынша ең маңызды кеңестер:

1. Көлік легінің жылдамдығымен жүріңіз және оң жақтағы жолақты ұстаңыз.
2. Жүргізушілердің көпшілігі жүріп келе жатқан жылдамдықты ұстаңыз. Тым жоғары немесе тым төмен жылдамдық жатық қозғалысты қиындатады. Тасжолдың сол жақ жолағы басып озуға арналған жолақ болып табылады.

3. Жылдамдықты үдету жолағынан автомагистральға шыққан кезде ерекше сақ болыңыз. Мұндайда міндетті түрде бұрылыс көрсеткішін қосыңыз, айнаға қараңыз, қажет болса, көріністі жақсарту үшін басыңызды бұрыңыз және мүмкіндігінше жатық түрде көлік легіне сіңісіп кетуге тырысыңыз.

4. Тасжолға шыққаннан кейін жылдамдықты жылдамдық шектеулеріне немесе жол белгілеріне сәйкес реттеңіз (егер салыстырмалы түрде көлік легінің жылдамдығы төмен болса).

5. Қозғалыс жолағын ауыстырмас бұрын артқы көрініс айнасына қараңыз, содан кейін бұрылыс көрсеткішін қосыңыз. Қажет болса, көзден таса аймақта басқа көлік құралдарының жоқ екеніне көз жеткізу үшін тез артқа бұрылып қараңыз.

6. Тасжолмен жүрген кезде міндетті түрде басқа көлік құралдарына дейін жеткілікті қашықтықты ұстаңыз және түнгі уақытта жүрген кезде жылдамдықты сәл азайтыңыз.

7. Автомагистральдан шығу үшін алдын ала дұрыс қозғалыс жолағын таңдап алыңыз. Егер шығатын жолдан

Автокөлікті сынап және қалыпты жүргізу

өтіп кетсеңіз, тоқтауға және артқы жүріспен жүруге қатаң түрде тыйым салынады. Мұндай жағдайда келесі шығатын жолға дейін қозғалысты жалғастыру қажет.

8. Шығатын жолға жақындаған кезде өз сезімдеріңізді емес, спидометрдің көрсеткіштерін басшылыққа ала отырып, жылдамдықты азайту қажет, себебі ұзақ уақыт бойы жоғары жылдамдықпен жүргеннен кейін, сіздің сезініп отырған жылдамдығыңыз нақты жылдамдықтан төмен болады.

Алыс қашықтықтарға сапарлар

Алыс қашықтыққа жол жүрер алдында бәрінің сапарға дайын екеніне көз жеткізіңіз және жақсылап тынығып алуға тырысыңыз. Егер жолға нашар көңіл-күймен шығуға тура келсе, бастапқы кезеңдерде жол жүру уақытын қысқартуға тырысыңыз.

Сапарға шығар алдында келесіні тексеру қажет:

1. Әйнекжуғыштың бағында сұйықтықтың толып тұрғанын және

барлық әйнектердің сыртынан және ішінен таза болуын тексеріңіз.


2. Отынның, мотор майының және басқа сұйықтықтардың деңгейін тексеріңіз.

3. Барлық жарық аспаптарының ақаусыздығын тексеріңіз.

4. Барлық жарық аспаптарының таза болуын тексеріңіз.

5. Шиналардың протекторының үлкен қашықтықтарға жол жүруге жарамды болуын және барлық шиналарға ұсынылған қысымға дейін ауа үрленгенін тексеріңіз.

Жаңбырда және тайғақ жолдармен жүргізу



Жаңбырда және тайғақ жолдармен жүру қауіпті (әсіресе мұндай жағдайларда көлік жүргізу тәжірибеңіз жоқ болса).

Жаңбырда көлік жүргізу бойынша кеңестер:

1. Нөсер жаңбыр кезінде көрініс нашарлауы және тежеу жолы ұзаруы мүмкін, сондықтан міндетті түрде жылдамдықты түсіріңіз.

2. Әйнектазартқыш щеткаларының күйін жүйелі түрде тексеріп отырыңыз. Бакта жеткілікті сұйықтықтың бар болуын тексеріңіз. Егер алдыңғы

әйнекте жолақтар немесе тазармаған аймақтар қалса, әйнектазартқыш щеткаларын ауыстырыңыз.

3. Егер шиналардың күйі нашар болса, ылғал және тайғақ жолда тежелу автокөліктің бүйірге сырғуына немесе ЖКО-ға алып келуі мүмкін; сондықтан автокөлік шиналары күйінің жақсы екеніне көз жеткізіңіз.

4. Фараларды және габарит шамдарын қосыңыз.

5. Су жиналған жол аймақтарымен жүрген кезде жылдамдықты азайтыңыз.

6. Егер тежегіштер су болып қалды деп ойласаңыз, тежегіштер қалыпты күйіне қайтып оралғанша тежегіш педалін абайлап басыңыз.

7. Қозғалыс кезінде рульді кілт бұрудан және шұғыл тежелуден сақтаныңыз, себебі бұл ЖКО-ға алып келуі мүмкін.

8. Су басқан аймақтан жүріп өткеннен кейін төмен жылдамдықпен жүріңіз және тежегіштерді келтіру үшін тежегіш педалін баяу басыңыз.

Ылдиларда және таулы жерде қозғалу



Егер тік беткейлері бар жерлерде жиі жүретін болсаңыз немесе осындай жерге жол жүргелі отырсаңыз, қозғалыс қауіпсіздігін жоғарылату үшін төменде келтірілген кеңестерді орындаңыз.

Автокөлікті ақаусыз күйінде ұстаңыз

Барлық сұйықтықтардың деңгейін, тежегіштерді, шиналарды, салқындату жүйесін және беріліс қорабын тексеріп отырыңыз. Таулы жерде жол жүргенде осы жүйелерге түсетін жүктеме айтарлықтай артады.

Ылдиларға қарай қозғалудың тиімді әдістерін қолданыңыз

Автокөлікті баяулату үшін қозғалтқышпен тежелуді пайдаланыңыз. Тік және ұзаққа созылатын ылдида автокөлікті баяулату үшін төменірек беріліске ауыстырып қосуға және қозғалтқышпен тежелуді пайдалануға кеңес беріледі.

Беткейдің төбесіне жақындаған кезде сақ болыңыз

Беткейдің төбесіне жақындаған кезде жүріс бөлігінде кедергілердің (мысалы, бұзылған автокөліктер) шыға келуі мүмкін екеніне дайын болыңыз.

Арнайы ескерту белгілерін қадағалаңыз

Таулы жолдарда ұзаққа созылатын беткей, жүріп өтуге немесе басып озуға тыйым салынған аймақтар, тас құлайтын аймақтар, тік бұрылыстар секілді арнайы ескерту белгілеріне назар аудару қажет. Мұндай белгілерді байқаған сәтте тиісті сақтық шараларын қолданыңыз.



Ескертпе


- Егер беткейдің көлбеу бұрышы

Автокөлікті сынап және қалыпты жүргізу

15 %-дан асатын болса, қуаттың жетпей қалуын болдырмау үшін төменгі беріліске (1, 2) ауыстырып қосуға кеңес беріледі.

- Егер ылдиға қарай қозғалған кезде жылдамдықты түсірмесеңіз, тежегіштер қызып кетудің салдарынан дұрыс жұмыс істемейді, бұл тежелу тиімділігін төмендетеді немесе тежелуді мүмкін емес етеді. Нәтижесінде ЖКО орын алуы мүмкін.
- Ылдиға қарай бейтарап беріліспен немесе еркін жүріспен қозғалу қауіпті, себебі бұл жағдайда баяулау толықтай тежегіштермен орындалады, бұл қызып кетудің салдарынан олардың тиімділігінің төмендеуіне алып келеді.
- Ылдиға қарай қозғалған кезде қозғалтқыш жұмыс істеп тұруы және алға жүру берілісі қосылып тұруы тиіс.

Қарда және мұзтайғақта қозғалу



Қарлы ауа райында қысқы шиналарды пайдалануға және шиналарда сырғытпайтын шынжырлар орнатуға кеңес беріледі. Қысқы шиналарды орнатқан кезде жазғы шиналармен өлшемі бірдей шиналарды қолданыңыз.

1. Қарлы жолда жүрген кезде жоғары жылдамдық, жылдамдықты күрт арттыру, шұғыл тежелу және тік бұрылыстар үлкен қауіп төндіреді. Автокөлікті баяулату үшін қозғалтқышпен тежелуді барынша қолданыңыз. Мұзтайғақта шұғыл тежеу

автокөліктің бүйірге сырғуына алып келеді.

Алда жүріп бара жатқан автокөліктерге дейін жеткілікті арақашықтықты ұстап отыруға және жай тежелуге тиіссіз.

2. Сырғытпайтын шынжырларды орнатқан кезде шиналардың моделіне сәйкес резеңкеден немесе басқа созылғыш материалдан жасалған шынжырларды пайдалануға тырысыңыз, металл шынжырларды пайдаланудан сақтаныңыз. Сырғытпайтын шынжырларды жетекші дөңгелектерге орнатыңыз.

3. Қауіпсіздік мақсатында сырғытпайтын шынжырларды орнатқаннан кейін автокөліктің жылдамдығы 40 км/сағ мәнінен аспауы тиіс.

Жоғары жылдамдықпен жүруден, кенеттен аялдаулардан, шұғыл тежелуден және кілт бұрылу әрекеттерінен сақтаныңыз. Қар немесе мұз басқан жолдармен жүрген кезде тежегіш педалін бірден басу шиналардың тайғанауына алып келуі мүмкін. Шұғыл тежелуден сақтану үшін басқа көлік құралдарымен арада үлкен арақашықтық ұстап отыруға кеңес беріледі.

⚠ Ескертпе

- Сырғытпайтын шынжырларды орнатқаннан кейін қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін 0,5–1 км жол жүріп өткеннен кейін оларды тағы бір рет тексеріңіз. Егер шынжырлар босаған болса, оларды тарттырыңыз немесе қайтадан орнатыңыз. Сырғытпайтын шынжырларды дұрыс пайдаланбаудан туындаған зақымдарды жөндеу кепілдік арқылы өтелмейді.
- Шиналарға сырғытпайтын шынжырларды орнату жолмен ілінісуді арттырып қана қоймай, бүйірге сырғуды да болдырмайды.
- Сырғытпайтын шынжырлардың дұрыс емес өлшемі және оларды дұрыс орнатпау тежеу жүйесін, аспаны, шанақты және дөңгелектерді зақымдауы мүмкін.
- Егер шынжырдың шанаққа соғылған дыбысы естілсе, автокөлікті тоқтатыңыз да, шынжырды тарттырыңыз.

Автокөлікті қыс мезгілінде пайдалану



Қыс мезгіліндегі қатаң пайдалану жағдайлары тозу дәрежесін және басқа проблемалардың туындау ықтималдығын арттыруы мүмкін. Қыста проблемалардың туындау қаупін азайту үшін төменде келтірілген ұсыныстарды орындаңыз:

Қажет болса, майдың қысқы маркаларын пайдаланыңыз

Қыста белгілі температураларда тұтқырлығы төмен майды қолдануға кеңес беріледі. Қандай майды қолдану

қажеттігіне сенімді болмасаңыз, JAC мақұлданған сервис орталығына хабарласыңыз.

Этиленгликоль негізіндегі жоғары сапалы салқындату сұйықтығын пайдаланыңыз

Мақұлданған салқындату сұйықтығын пайдалану және қосымша құю немесе оны талаптарға сәйкес ауыстыру қажет. Салқындату сұйықтығын қыс басталған кезде тексеру және оның қату нүктесінің күтілетін қысқы температураларға сәйкес келетініне көз жеткізу қажет.

Әйнекжуғыштарға арналған қатпайтын сұйықтықты JAC мақұлданған сервис орталығынан және қосалқы бөлшектер сататын дүкендердің көпшілігінен сатып алуға болады. Қозғалтқыштың салқындату сұйықтығының немесе салқындату сұйықтығының басқа типінің төгілуіне жол бермеңіз: бұл лак-бояу жабынының зақымдалуына алып келуі мүмкін.

Аккумулятор батареясын және жоғары вольтті сымдарды тексеріңіз

Қыс мезгілінде аккумулятор батареясы жүйесіне қосымша жүктеме түседі.

Автокөлікті сынап және қалыпты жүргізу

Аккумулятор батареясы зарядының деңгейін ЖАС мақұлданған сервис орталығының персоналы тексеруі тиіс.

Әйнектазартқыш щеткаларын тексеріңіз

Әйнектазартқышты қоспас бұрын әйнектазартқыш щеткаларының алдыңғы әйнекке жабысып қатып қалмағанын тексеріңіз. Егер щеткалар жабысып қатып қалған болса, мұз толық ерігенше және щеткалар еркін қозғалғанша күту қажет.

Ауа қармауыштарды тексеріңіз

Жылыту және желдету жүйесінің ақаусыз жұмысын қамтамасыз ету үшін қалың қар жауғаннан кейін климаттық қондырғының ауа қармауыштарын тазалау қажет.

Құлыптарға мұз қатып қалудың алдын алу

Есік құлыптарының мұз болып қатып қалуынан сақтану үшін құлыптың өзегін мұзды еріткіш сұйықтықпен немесе глицеринмен майлап қоюға болады. Егер өзектің саңылауына мұз қатқан болса, мұзын кетіру үшін оған мұзды еріткіш сұйықтық бүркіңіз.

Апаттық құралдар

Ауа райы күрт өзгертін жағдайға өзіңізбен бірге сырғытпайтын шынжырлар, сүйрейтін таспалар мен шынжырлар, қол шам, қосалқы дөңгелек, құм, күрек, сыртқы қорек көзінен оталдыруға арналған сымдар, әйнектерді тазалауға арналған құрал, қолғап, сүрткіш шүберек, жылы киім, еденге арналған кілемшелер секілді апаттық құралдарды алып жүруге кеңес беріледі.

Оталдыру білтелері және оталдыру жүйесі

Оталдыру білтелері мен оталдыру жүйесін тексеріңіз, қажет болса, оталдыру білтелерін ауыстырыңыз. Жоғары вольтті сымдарда және басқа компоненттерде жарықтарының, тозу және зақымдалу белгілерінің бар-жоғын тексеріңіз.



Ескертпе

- Қозғалыс кезінде оталдыру жүйесін өшірмеңіз.
- Егер оталдыру білтелері ақаулы немесе сымдар ажыратылған болса, қозғалтқышты мәжбүрлеп

оталдыруға тыйым салынады, себебі жанбаған бензин үш компонентті каталиттік бейтараптандырғышқа жиналып, сонда жанатын болады, бұл қозғалтқыштың қызып кетуіне және зақымдалуына алып келеді.

Тежеу жүйесі

Автокөліктің тежеу жүйесі әртүрлі қозғалыс жағдайларында тиімді тежелуге арналған.

JAC 4 моделі алдыңғы дискілі және артқы барабанды тежегіштермен, сондай-ақ екі контурлы тежеу жүйесімен жабдықталады. Егер бір тежеу контуры істен шықса, екінші контур автокөлікті тоқтатуды қамтамасыз ете алады, алайда тежеу жолы ұзарады және тежегіш педаліне көбірек күш салу қажет болады.

⚠ Ескертпе

- Егер бір тежеу контуры жұмыс істемей тұрса, тежегіш педалін көбірек күшпен басу қажет болады және тежеу жолы ұзарады.
- Егер тежегіш педалінің жүрісі үлкейсе, тежеу жүйесін жөндету қажет болуы мүмкін.
- Тежеу жүйесін тексеруді және жөндетуді JAC мақұлданған сервис орталығында жасату қажет.

Еске салу!

- Қозғалыс кезінде аяғыңызды тежегіш педалінің үстіне қоймаңыз, себебі бұл тежегіштердің тез тозуына алып келеді. Сонымен бірге бұдан тежегіштер қызып кетуі мүмкін, бұл тежеу жолының ұзаруына және қауіпсіздіктің төмендеуіне алып келеді.

Егер тежегіштер су болып қалса

Сумен жүріп өткеннен немесе автокөлікті жуғаннан кейін тежеу жүйесінің бөлшектері ылғал болады.

Тежелудің қалыпты тиімділігін қалпына келтіру үшін:

1. Артқы жақта басқа көлік құралдарының бар-жоғын тексеріңіз.
2. Қауіпсіз жылдамдықты ұстаңыз және артыңыз бен екі қапталыңыздан қауіпсіз арақашықтықты қамтамасыз етіңіз.
3. Тежегіштердің жұмысы қалпына келгенше тежегіш педалін бірнеше рет басыңыз.

Тежегіштердің қызып кетуі

Егер тежегіштер қолданылмайтын болса, аяғыңызды тежегіш педалінің үстіне қоймаңыз және тежегіштердің үйкеліп айналуына жол бермеңіз, себебі бұл тежегіштердің қызып кетуіне, тежеу жолының ұзаруына және тежегіштердің тезірек тозуына алып келуі мүмкін.

Тік беткейде қозғалған кезде жылдамдықты түсіріңіз және төменірек беріліске ауыстырып қосыңыз. Бұл қозғалтқышпен тежелуді тиімді қолдануға және тежегіштерге түсетін жүктемені азайтуға мүмкіндік береді. Алдыңғы спойлерді, дөңгелек қаппақтарын және т. с. с. орнатқан кезде алдыңғы және артқы тежегіштерге ауаның келу жолын бөгемеңіз, себебі бұл олардың қызып кетуіне түрткі болады.

⚠ Ескертпе

- Сумен жүріп өткеннен, автокөлікті жуғаннан немесе ылдига қарай ұзақ түскеннен кейін тежелу тиімділігі уақытша төмендеуі мүмкін. Бұл тежегіш бөлшектерінің сулануына немесе

Автокөлікті сынап және қалыпты жүргізу

қызып кетуіне байланысты болуы мүмкін.

- Ылдиға қарай қозғалған кезде тежегіштердің тиімділігін уақытша жоғалтудан сақтану үшін төменірек беріліске ауыстырып қосыңыз.

Көлікті жүргізген кездегі сақтық шаралары

Автокөлікке отырар алдында

Кеңейткіш бактағы сұйықтық деңгейінің F және L белгілерінің арасында орналасуын тексеріңіз.

Отын

Отын бойынша кеңестер

1. Отынның сапасы қозғалтқыштың қуатына, оның жұмыстық сипаттамалары мен қызмет ету мерзіміне көп әсер етеді.
2. Октандық саны тым төмен отынды қолдану қозғалтқыштағы детонацияға

алып келеді, сондықтан жоғары октанды отынды пайдалануға кеңес беріледі.

3. GB-17930 сәйкес келетін АИ-93 және одан жоғары маркалы отынды пайдаланыңыз.

Еске салу!

- Сапасы төмен немесе октандық саны төмен отынды қолдану қозғалтқыштың зақымдалуына алып келуі мүмкін.
- Этилденген отынды пайдалану каталиттік бейтараптандырғыштың зақымдалуына және пайдаланылған газдардың уыттылығының артуына алып келеді.



Ескертпе


- Құрамында метил спирті бар отынды пайдаланбаңыз. Бұл отын қозғалтқыштың өнімділігін төмендетеді және отын жүйесінің бөлшектерін зақымдайды. Мұндай ақаулықтар кепілдік арқылы өтелмейді.

Басқа елдерге сапарлар

Автокөлікпен басқа елдерге жол жүргенде:

1. Елде қолданылатын барлық тіркелу және сақтандыру ережелерін сақтаңыз.
2. Бара жатқан еліңізде сәйкес келетін отынның бар екеніне көз жеткізіңіз.

Отын құю



1. Қозғалтқышты өшіріңіз.
2. Алдыңғы панельдің астыңғы сол жақ қаптауышындағы тұтқадан тартып, отын құю аузының люгін ашыңыз. Отын құю аузы автокөліктің сол жақ артқы жағында орналасқан.
3. Отын құю аузының тығынын ақырын теріс бағытқа бұраңыз. Егер пысылдаған дыбыс естілсе, алдымен дыбыстың тыйылуын күтіңіз, содан кейін отын құю аузының қақпағын толық бұрап ашыңыз.
4. Отын құйыңыз.

5. Отын құйғаннан кейін отын құю аузының тығынын жабыңыз. Отын құю аузының тығынын бірнеше сыртылдаған дыбыс естілгенше оң бағытқа бұраңыз.

6. Отын құю аузының люгін тығыз жабыңыз.

Ескертпе

- Суық ауа райында отын құю аузының люгі ашылмай жатса, оны жеңіл соққылауға, содан кейін қайтадан ашуға әрекет жасауға болады.
- Автокөлікті ұзақ уақыт тұраққа қойғалы жатсаңыз, отын сорғысының коррозиясынан және зақымдалуынан сақтану үшін отын бағына кемінде жартылай отын құйыңыз.

Қоршаған ортаны қорғау

Отын құятын пистолет арқылы отынның берілуі автоматты түрде тоқтатылған кезде, бұл отын бағының толғанын білдіреді. Одан асырып отын құймаған жөн, әйтпесе отын бағының кеңейткіш кеңістігі толып кетеді де, қызған кезде отын сыртқа төгіледі. Төгілген отынды бірден сүртіп алыңыз, себебі ол лак-бояу жабынын зақымдауы мүмкін.

Ескертпе

- Отын құю кезінде қозғалтқышты өшіріп қойыңыз.
- Отынның булары жеңіл тұтанады, сондықтан отын құю кезінде автокөліктің жанында ұшқындар, жалын және басқа да тұтану көздері болмауы тиіс.
- Отын буларының жануы күшті өртке ұласуы мүмкін.

Автокөлікті сынап және қалыпты жүргізу

Ескерту

- JAC пайдаланылған газдарды тазалау жүйесі National V пайдаланылған газдар уыттылығының ұлттық стандартына сәйкес келеді. Каталиттік бейтараптан-дырғыш жүйесі уыттылық көрсеткіштерінің ұлттық нормаларына сәйкес дұрыс жұмыс істеп тұрған жағдайда шығарындылар көрсеткіштері Қытайда қабылданған өлшеулер әдістемесіне сәйкес Қытай Халық Республикасының GB/18352.3-2005 «Жеңіл автокөліктерге арналған ластағыш заттардың шектеулері және оларды төмендету әдістері» (IV, V фазасы, Қытай) ұлттық стандартының талаптарына сай келеді. Соған қарамастан пайдаланылған газдар зиянды және қоршаған ортаны ластайды.

Қозғалтқыштың пайдаланылған газдары денсаулық үшін қауіпті. Егер автокөлік ішінен пайдаланылған газдардың иісін сезсеңіз, дереу терезелерді ашыңыз.

Қозғалтқыштың пайдаланылған газдарымен тыныстамаңыз

Пайдаланылған газдардың құрамында болатын тұншықтырғыш газдың түсі, иісі болмайды және тыныстаған жағдайда адамның есін жоғалтуына немесе тіпті өліміне алып келуі мүмкін.

Түтін шығару жүйесінде жылыстаудың бар-жоғын тексеріңіз

Автокөлікті майын ауыстыру немесе басқа мақсаттар үшін көтерген кезде газдарды шығару жүйесін қарап тексеру қажет. Егер автокөліктің астыңғы жағынан шу немесе тарсылдаған дыбыстар естілсе, түтін шығару жүйесін тексерту үшін мүмкіндігінше JAC мақұлданған сервис орталығына хабарласыңыз.

Жабық үй-жайдың ішінде қозғалтқышты оталдырмаңыз

Қозғалтқыштың гаражда бос жүріспен жұмыс істеуі тіпті есігі ашық тұрса да қауіп төндіреді. Автокөлік қозғалтқышынан шығатын тұншықтырғыш газдың иісі жоқ және ауыр улануға немесе тіпті кісі өліміне алып келе

алады. Ешқашан гараж ішінде қозғалтқышты ұзақ уақытқа оталдырып қоймаңыз.

Автокөлік ішінде адамдар болса, қозғалтқыштың бос жүріспен ұзақ жұмыс істеуінен сақтаныңыз

Егер сізге бос жүріспен жұмыс істеп тұрған автокөліктің ішінде ұзақ уақыт отыруға тура келсе, автокөліктің ашық кеңістікте орналасқанына көз жеткізіңіз, автокөлікке таза ауаның кіруін қамтамасыз ету үшін сырттан ауа беру режимін қосыңыз және желдеткіштің жоғары жылдамдығын таңдаңыз.

Егер үлкен өлшемді жүктерді тасымалдаған кезде жүксалғыш бөлімнің есігі ашық күйде жүру қажет болса, төмендегі әрекеттерді орындау қажет:

1. Барлық терезелерді жабу.
2. Желдету дефлекторларын ашу.
3. Сырттан ауа беру режимін қосу, ауаны бетке немесе аяқтарға үрлеу бағытын таңдау және желдеткіштің жоғары жылдамдығын қою.

Сыртқы ауа қармауышты жүйелі түрде тексеріп отырыңыз. Егер оның үстін қар, жапырақтар немесе өзге қоқыстар жауып тұрса, оны уақытылы тазалау қажет.



Ескерту

- Пайдаланылған газдарды тазалау жүйесімен жабдықталған автокөліктерде тек этилденбеген бензинді ғана пайдалануға рұқсат етіледі, себебі қорғасын үш компонентті каталиттік бейтараптандырғыштағы бағалы металдардың «улануына» алып келуі мүмкін, бұл бейтараптандырғыштың тиімділігі мен өнімділігіне елеулі әсер етеді.
- Тек сапалы этилденбеген бензинді ғана пайдаланыңыз. Сапасы төмен бензин пайдаланылған газдарды тазалау жүйесі тиімділігінің мерзімінен бұрын төмендеуіне алып келеді. Құрамындағы қорғасынының мөлшері шектен тыс отын ішіндегі бағалы металдардың «улануынан» каталиттік бейтараптандырғыштағы тазалау тиімділігін айтарлықтай нашарлата алады, нәтижесінде пайдаланылған газдардың ұйыттылығы көбейеді.
- Марганецтің мөлшері көп бензин

каталиттік бейтараптандырғыштың бетінде қақтың пайда болуына алып келуі немесе тіпті оны зақымдауы мүмкін.

- Күкірттің болуы каталиттік бейтараптандырғыштың тиімділігін төмендетеді, себебі отын жанған кезде қышқылдығы жоғары газдар түзіледі, бұл бүкіл шығару жүйесінің коррозияға ұшырау жылдамдығын арттырады.
- Тек ресми және тексерілген отын құю станцияларын ғана пайдалануға кеңес беріледі.

Автокөліктің шанағына күтім жасау.....	122	Жұғыш сұйықтығы.....	145
Автокөліктің салонына күтім жасау.....	127		
Коррозияға қарсы өңдеу.....	128		
Мотор бөлімін тексеру.....	130	Әйнектазартқыш щеткаларын тексеру.....	146
Мотор бөліміндегі компоненттердің орналасуы.....	130	Шиналарды тексеру және ауыстыру.....	148
Мотор майы.....	132		
Қозғалтқыштың салқындату сұйықтығы.....	135		
Тежегіш сұйықтығы.....	138		
Руль гидрокүшейткішінің сұйықтығы.....	140		
Ауа сүзгісі.....	141		
Аккумулятор батареясы.....	142		

Автокөліктің шанағына күтім жасау

Төменде келтірілген техникалық қызмет көрсету бойынша нұсқаулар JAC M4 автокөлігінің барлық модельдеріне қатысты, сондықтан осы тарауда сипатталған кейбір жабдықтар сіздің автокөлігіңізде болмауы мүмкін. Жүйелі кәсіби техникалық қызмет көрсету автокөліктің қалдық құнын сақтауға ықпал етеді. Сондай-ақ бұл коррозия немесе зақымдар пайда болған жағдайда лак-бояу жабынын кепілді жөндеу бойынша талаптар қою үшін қажетті шарттардың бірі болып табылады. JAC компаниясы тексерген және мақұлдаған және JAC мақұлданған сервис орталығынан сатып алынған тазалауға және күтім жасауға арналған материалдарды пайдалануға кеңес береді. Қаптамада келтірілген нұсқауларды орындаңыз.

Ескертпе

- Қызмет көрсетуге арналған материалдарды дұрыс қолданбау адам денсаулығына зиян келтіруі мүмкін.
- Қызмет көрсетуге арналған материалдарды әрдайым тиісті жағдайларда, балалардың қолы жетпейтін жерде сақтау қажет.
- Кейбір тазартқыш құралдар қауіпті және тіпті улы. Кейбір тазартқыш құралдар ашық жалынға немесе автокөліктің ыстық компоненттеріне тиген кезде тұтанып кетуі мүмкін, сондықтан оларды тиісті түрде сақтаңыз.

Еске салу!

- Қызмет көрсетуге арналған экологиялық қауіпсіз материалдарды сатып алыңыз. Пайдаланылған қызмет көрсетуге арналған материалдар тұрмыстық қалдықтарға жатпайды.
- Автокөліктің беті құрғақ болса, батпағын немесе шаңын сүртпеңіз. Ол үшін құрғақ шүберекті және ысқышты пайдаланбаңыз. Бұл автокөліктің лак-бояу жабынын немесе әйнектерін зақымдауы мүмкін. Батпаққа немесе шаңға сінуі үшін бетті алдымен сулап алу, содан кейін сүртіп алу қажет.

Автокөлікке техникалық қызмет көрсету

Автокөлікті жуу

Жуу және балауыз жағу – бұл автокөлігіңізді қоршаған ортаның әсерінен қорғаудың ең үздік тәсілі.

Жуу немесе балауыз жағу жиілігі автокөлігіңіздің пайдаланылу жиілігіне, тұрақ жағдайларына, жыл мезгіліне, ауа райы жағдайларына, қоршаған ортаның әсеріне және т. б. байланысты.

Құс саңғырығы, жәндіктердің қалдықтары, шайыр, жолдағы және өнеркәсіптік шаң-тозаң лак-бояу жабынның бетінде неғұрлым ұзақ болса, зақымдар соғұрлым күшті болады. Күшті күш сәулесі коррозияны күшейтеді.

Ластану деңгейі жоғары аудандарда автокөлікті аптасына бір рет жуу және айына бір рет балауыз жағу қажет.

Жолдағы мұзды еріту үшін тұзды қолданған болсаңыз, міндетті түрде автокөліктің түбін толықтай тазалап шығыңыз.



Ескертпе

- Тежеу жүйесіндегі ылғал мен мұз тежелу тиімділігін төмендетеді.



Ескерту

- Жуу кезінде жуғыш аппараттың қондырмасын тікелей ауа қармауыштарға бағыттамаңыз. Су ауа қармау түтігімен ауа сүзгісіне кіруі мүмкін, ал судың қозғалтқышқа кіруі қозғалтқышты зақымдауы мүмкін.

Автоматты жуу орындарын пайдалану

Автокөлікті автоматты жуу орнында тазалау әдетте шанақтың лак-бояу жабынын зақымдамайды. Лак-бояу жабынына келетін әсер жуу орнындағы жабдықтың конструкциясына, жуатын судың сүзгілеріне, тазартқыш құралдарға, күтім жасау бойынша құралдарға және т. б. көп байланысты. Егер жуғаннан кейін автокөліктің лак-бояу жабыны көмескіленсе немесе сызаттар пайда болса, дереу жуу орнының операторына хабарласу және қажет болса, жуатын жабдықты ауыстыру қажет.



Ескертпе

- Автоматты жууға кірмес бұрын барлық терезелердің жабылғанына көз жеткізіңіз.
- Артқы көрініс айналарын жинаңыз.
- Егер автокөлік спойлер, төбедегі жүксалғыш, радиоантенна және т. с. с. қосымша жабдықпен жабдықталған болса, онда бұл туралы жуу орнының операторына хабарлаған жөн.

Автокөлікті қолмен жуу

1. Балшықты судың жеткілікті мөлшерімен жібітіңіз де, барынша кетіріңіз.
2. Жұмсақ ысқыштың, шүберектің немесе арнайы щетканың көмегімен төбеден бастап жоғарыдан төмен қарай жуа бастаңыз; тазартқыш құралдарды тек тұрып қалған дақтарға ғана қолданыңыз.
3. Ысқышты немесе шүберекті мүмкіндігінше жиірек мұқият шайып отыру қажет.
4. Дөңгелектерді, табалдырықтарды және т.б. тазалау үшін бөлек ысқыш қолданған дұрыс.
5. Жуғаннан кейін автокөлікті сумен шайыңыз, содан кейін жұмсақ орамалмен сүртіңіз.

Ескертпе

- Автокөлікті тікелей түсіп тұрған күн сәулесінің астында жумаңыз.
- Егер автокөлікті жууға шланг қолданылатын болса, су ағынын есіктердің құлыптарына, есіктер мен люктердің саңылауларына бағыттамаңыз, әйтпесе суық ауа райында олардың ішінде қалып қойған су мұз болып қатып қалады.
- Автокөлікті жуу кезінде оталдыру жүйесін өшіріп қойыңыз.
- Еденді, канаттардың астыңғы бөлігін (қанат астыларын) және күпшектердің қақпақтарын тазалаған кезде қолдарыңызды үшкір металл жиектерге сырып алмау үшін сақ болыңыз.

Жоғары қысымды жуу аппараттары

Өрдайым жоғары қысымды жуу аппаратының пайдалану бойынша нұсқауларын сақтаңыз (әсіресе судың қысымына және берілу қашықтығына қатысты). Жіңішке арынмен бүркітін қондырманы пайдаланбаңыз. Судың температурасы 60 °C-тан аспауы тиіс. Автокөліктің зақымдануынан сақтану үшін қондырманы шанақтың резекке бөлшектерінен жеткілікті қашықтықта ұстаңыз. Сондай-ақ боялған бамперге дейін қауіпсіз қашықтықты сақтаңыз. Ешқашан жіңішке арынмен бүркітін қондырманы шиналарды тазалауға пайдаланбаңыз. Мұндай қондырмадан шыққан су арыны тіпті үлкен қашықтықтан және аз уақыт ішінде де зақымдар келтіре алады.

Ескертпе

- Қондырманы әйнектерге тым жақын ұстамаңыз; әйтпесе жоғары қысымның әсерінен су автокөліктің ішіне кіруі мүмкін.
- Жуғыш қондырмасын аспа бөлшектеріне тым жақын ұстамаңыз, себебі су оларды зақымдауы мүмкін.

Автокөлікке техникалық қызмет көрсету

Шанақты балауызбен өңдеу

Балауызбен сапалы өңдеу қоршаған ортаның лак-бояу жабынына әсерінен сақтандыра және тіпті соқтығысу кезінде оның зақымдануын азайта алады.

Су тамшыларының автокөліктен домалап түсуі тыйылған кезде қатты балауыз негізіндегі консервантты жағыңыз. Егер тазартқыш құралдар жүйелі түрде қолданылатын болса, қатты балауыздан тұратын қорғанышты жылына кеміне екі рет жағуға кеңес беріледі.

Жуудан кейін жағылатын балауыздың және автокөлік шанағының температурасы өте жоғары болмауы тиіс.



Ескертпе

- Жаңа автокөлікке 6 ай пайдаланудан кейін балауыз жағуға кеңес беріледі.

Жылтырату

Жылтырату лак-бояу жабыны көмескіленген және жылтыры тіпті балауыз жаққаннан кейін де қалпына

келмейтін кезде жасалады. Егер жылтырату үшін қолданылатын құрамда консерванттар болмаса, жылтыратудан кейін балауыз жағу қажет.

Күнгірт және пластик компоненттерді жылтырату құралдарымен немесе қатты балауызбен өңдеуге болмайды.

Лак-бояу жабынының зақымдалуы

Сырылу, сызаттар немесе тастардың соққыларының іздері секілді лак-бояу жабынының кішігірім зақымдарын орындары тот баспай тұрып мүмкіндігінше тезірек бояңыз. Егер зақымдалған жерді тот басса, татты толық кетіру, коррозияға қарсы грунт қабатын жағу, содан кейін лак-бояу жабынын жағу қажет.

Әйнектер

Бүйір айналардағы қарды қолмен тазалаған дұрыс.

Әйнектегі және айнадағы мұзды жұмсақ пластик қырғышпен немесе мұзды кетіруге арналған құралмен тазалаған жақсы.

Қырғышты пайдаланғанда қимылдарды тек бір бағытта ғана жасаңыз.

Әйнектерден немесе артқы көрініс айналарынан мұзды не қарды кетіру үшін ыстық суды қолданбаңыз, әйтпесе олар шытынап кетуі мүмкін.

Резеңкениң, майдың, қатты майдың немесе силиконның қалдықтарын әйнектерді жууға арналған құралдың немесе силиконды кетіруге арналған құралдың көмегімен кетіруге болады.

Балауызды тек арнайы тазартқыш құралдармен ғана кетіруге болады. Қосымша ақпарат алу үшін JAC мақұлданған сервис орталығына хабарласыңыз. Әйнектердің ішкі бетін де жүйелі түрде тазалап отыру қажет.

Әйнекті сүртуге былғарыны қолданбаңыз, себебі балауыздың қалдықтары әйнекті зақымдауы мүмкін. Артқы әйнектің қыздырғыш жіптерін зақымдап алмау үшін оларға ешқандай зат жабыстырмаңыз.

Есіктердің, жүксалғыш бөлімнің, төбенің және әйнектердің тығыздауыштары

Резеңкеге күтім жасау құралы (мысалы, силиконды аэрозоль) тығыздауыштың серпімділігін сақтауға және оның қызмет ету мерзімін ұзартуға, сондай-ақ

оның тығыздауыш қасиеттерін жақсартуға көмектеседі.

Бұл сондай-ақ тығыздауыштың мерзімінен бұрын тозуынан, есіктерден су кіруден және олардың қиын жабылуынан сақтануға мүмкіндік береді, сондай-ақ қыста мұз болып жабысып қалуының алдын алады.

Есік шектегіші

Есік шектегішін консистентті жағармаймен майлаңыз: бұл жоғары үйкелудің және мерзімінен бұрын тозудың алдын алуға, сондай-ақ компоненттердің қызмет ету мерзімін ұзартуға мүмкіндік береді.

Дөңгелектер

Жиналып қалған абразивті шаңын, балшығын немесе жолға себілетін тұзын кетіру үшін дөңгелектер мен қанат астыларын бір мезгілде тазалау қажет. Тежеу механизмдеріне жабысып қалған абразивті шаңды өнеркәсіптік шаңсорғыштың көмегімен кетіруге болады. Таттың пайда болуына жол бермеу үшін лак-бояу жабынының зақымдалған жерлерін бояп қою қажет.

Алюминий дөңгелек дискілерінің күтімі

Кірін кетіру үшін бейтарап жуғыш құралы бар ысқышты қолданыңыз. Дискілерді тазалауға абразивті тазартқыш құралдарды немесе қатты щетканы қолданбаңыз.

Бумен тазартқышты пайдаланбаңыз және дискілерге ыстық судың тікелей тиюіне жол бермеңіз, әйтпесе олар көмескіленіп кетуі мүмкін.



Ескертпе

- Дөңгелек дискілерін тазалаған кезде судың, мұздың және жолға себілетін тұздың тежегіштердің жұмысына әсер ететінін есте ұстаңыз!

Жүріс бөлігі

Автокөліктің түбі өндіруші зауытта арнайы өңдеуден өтеді, алайда пайдалану барысында қорғаныш жабынның күйін бақылауда ұстау қажет. Автокөліктің түбі мен шассиінің қорғаныш жабынын жүйелі түрде тексеріп отыруға кеңес беріледі. Қажет болса, жөндеу жүргізіңіз. Коррозияның алдын алу бойынша жөндеу және басқа да жұмыстар JAC мақұлданған сервис орталығында орындалуы тиіс.



Ескертпе

- Шассиге қосымша қорғаныш жабын қабатын жақпаңыз, коррозияға төзімді материалдардан жасалған бәсеңдеткіш түтіктеріне, түтін шығару түтіктеріне, каталиттік бейтараптандырғыштарға немесе жылу окшаулағыш экрандарға коррозияға қарсы құрамдар жақпаңыз. Бұл автокөліктің қозғалысы кезінде өрттің шығуына алып келуі мүмкін.

Автокөліктің салонына күтім жасау

Пластик бөлшектер, алдыңғы панель және жасанды былғары

Бұл бөлшектерді таза ылғал матамен тазалауға болады. Егер мұндай тазалау тәсілі қажетті нәтижелер бермесе, құрамында еріткіштері жоқ пластикті тазалауға және күтім жасауға арналған құралдарды пайдалануға кеңес беріледі. Еріткіштер негізіндегі тазартқыштар компоненттердің коррозиясын тудыруы мүмкін.

⚠ Ескертпе

- Алдыңғы панельдің және қауіпсіздік жастықтары модульдерінің беттерін тазалауға еріткіштер негізіндегі тазартқыш құралдарды пайдаланбаңыз.
- Еріткіштері бар тазартқыш құралдар бетке жеңіл енуі және оны болбырақ етуі мүмкін.

Зақымдалған пластик бөлшектер қауіпсіздік жастықтары іске қосылған жағдайда жарақат келтіруі мүмкін.

Автокөлік салонының материалдары және маталар

Матадан жасалған қыстырмаларды, есіктердің, жүксалғыш бөлімнің, төбенің қаптауыштарын және т. с. с. тазалауға арнайы тазалағыш құралды немесе құрғақ көбікті және жұмсақ шетканы пайдаланыңыз.

Қауіпсіздік белбеулері

Қауіпсіздік белбеулерін таза ұстаңыз. Қауіпсіздік белбеуіндегі кір оның жұмысына әсер етуі мүмкін. Ластанған қауіпсіздік белбеулерін автокөліктен шешпестен тек жұмсақ сабын ерітіндісімен ғана тазалауға болады. Қауіпсіздік белбеулерін толық кепкеннен кейін ғана жинап орау қажет.

⚠ Ескертпе

- Қауіпсіздік белбеуін шешіп алуға тыйым салынады.
- Қауіпсіздік белбеуін тазалауға химиялық тазартқыш құралдарды қолданбаңыз, себебі бұл матаның бүлінуіне алып келеді; дәл осы себепке байланысты күйдіргіш сұйықтықтардың қауіпсіздік белбеулеріне тиюіне жол бермеңіз.
- Қауіпсіздік белбеулерін жүйелі түрде тексеріп отырыңыз. Егер қауіпсіздік белбеуі матасының, тоғасының, инерциялық шарғысының немесе құлпының зақымдалғаны анықталса, қауіпсіздік белбеуін ауыстыру үшін JAC мақұлданған сервис орталығына хабарласыңыз.

Коррозияға қарсы өндеу

Сіздің автокөлігіңізде таттың пайда болуының алдын алатын ең озық әзірлемелер мен технологиялық шешімдер қолданылған. Алайда бұл қорғаныштың бір бөлігі ғана. Автокөлікте таттың пайда болуының алдын алу үшін белгілі талаптар мен кеңестерді орындауға тиіссіз.

Таттың пайда болуының кең таралған себептері

Тұз, балшық және ылғал автокөліктің түбіне жиналып қалады. Сыртқы жабын қабатының тозуы және тастардан, құмнан және қиыршық тастан зақымдануы, сондай-ақ кішігірім сырулар мен ішіне қарай ойылулар металл қорғанышының тиімділігінің төмендеуіне және таттың пайда болуына алып келеді.

Қоршаған ортаның қолайсыз жағдайлары

Егер автокөлікті пайдалану жағдайлары таттың пайда болуына ықпал ететін болса, тиісті қорғанышты қамтамасыз ету өте маңызды. Таттың жедел дамуының кең таралған себептері жолға себілетін тұз, шаң, химикаттар, теңіз ауасы және өнеркәсіптік ластауыштар болып табылады.

Таттың алдын алу

Тазалықты сақтау

Таттың алдын алудың ең үздік тәсілі – автокөлікті таза ұстау және оның беттерінен тот бастыратын материалдарды тазалау, бұл ретте автокөліктің түбін тазалау ерекше маңызды.

Егер автокөліктер таттың әсеріне жеңіл ұшырайтын жерлерде (мысалы, жолдарда тұздың қолданылуы, теңіз жағалауындағы аймақтар, өнеркәсіптік ластауыштармен қатты ластанған жерлер, қышқылды жаңбырлар және т. б.) тұратын болсаңыз, таттың алдын алу үшін әлдеқайда ұқыпты қорғаныш

шараларын қолдану қажет. Автокөліктің түбін қыста айына бір рет және қыс аяқталғаннан кейін тазалаңыз. Автокөліктің түбін тазалаған кезде қанаттың астыңғы бөлігіндегі компоненттерге және сырттан көрінуі қиын жерлерге ерекше назар аударыңыз. Егер ластауыштарды кетіру кезінде оларды мұқият шайып жумастан жай жібітіп қойсаңыз, бұл таттың пайда болуының алдын алмай, керісінше оны жылдамдатады. Жоғары қысымды су мен бу шаң мен таттың жиналған жерлерін кетірген кезде ерекше тиімді.

Есікті жуған кезде судың ағып кетуін қамтамасыз ету және ішкі таттың пайда болуына жол бермеу үшін есіктер мен табалдырықтардың астыңғы бөлігіндегі дренаждық саңылауларды ашу қажет.

Құрғақ гаражды қолданыңыз

Автокөлікті ылғалдығы жоғары және нашар желдетілетін гаражда қалдырмаңыз. Мұндай жағдайлар таттың тез түзілуіне алып келеді.

Егер гаражды тазалап жатсаңыз немесе автокөлікті гараж ішінде жусаңыз,

Автокөлікке техникалық қызмет көрсету

ылғал, қар, мұз және балшық гараж ішінде қалады, ылғалы толық кеткенше жақсы желдетуді қамтамсыз етпесеңіз, бұл кейбір компоненттердің коррозиясына алып келеді.

Қаптауыштарға және сәндік элементтерге күтім жасау

Таттың пайда болу ықтималдығын азайту үшін лак-бояу жабынының сызаттарын немесе зақымдарын дереу бояп отыру қажет. Егер жабын металына дейін зақымдалған болса, шанақты жөндейтін кәсіби шеберханаға жүгінуге кеңес беріледі.

Салонға техникалық қызмет көрсету


Ылғал еденге немесе еден жабынының астына жиналуы және еден панельдерінің коррозиясын тудыруы мүмкін. Еден жабыны астының құрғақтығын жүйелі түрде тексеріп отырыңыз.

Автокөлікте тыңайтқыштар, тазартқыш құралдар немесе химикаттар тасымалдаған кезде ерекше сақ болыңыз.

Мұндай жүктерді тасымалдау үшін сәйкес ыдыстарды қолданыңыз. Мұндай материалдар төгілген немесе жылыстаған жағдайда, сумен жуып, жақсылап кептіріңіз.

Мотор бөлімін тексеру

Мотор бөліміндегі компоненттердің орналасуы



1. Әйнекжуғыш бағы

2. Ауа сүзгісі

3. Май сүзгісі

4. Май өлшегіш сүңгі

5. Аккумулятор батареясы

6. Тежегіш сұйықтығының бағы

7. Кеңейткіш бак

8. Мотор бөлімінің сақтандырғыштар блогы

9. Руль гидрокүшейткіші сұйықтығының бағы

Мотор бөлімін тазалау және консервациялау

Ескертпе

- Мотор бөлімінің компоненттеріне қызмет көрсетер алдында міндетті түрде осы бөлімдегі нұсқауларды орындаңыз.
- Ауа қармауыштың астындағы дренаждық астаушаны тазалауға кіріспес бұрын қауіпсіздік мақсатында кілтті оталдыру жүйесінен суырып алыңыз. Өйтпесе әйнектазартқыштың абайсызда қосылуы жарақатқа алып келуі мүмкін.

Алдыңғы әйнекке жиналған жапырақтарды, қоқысты және т.б. бірден тазалауға кеңес беріледі. Бұл дренаждық саңылаулардың бітеліп қалуының және ауа өткізгіштер және желдету дефлекторлары арқылы автокөлік салонына бөтен заттардың кіруінің алдын алуға мүмкіндік береді. Мотор бөлімінің және күштік агрегаттың сыртқы беттеріне зауытта коррозиядан қорғаныш жағылған. Егер қыста автокөлік тұзбен өңделетін

жолдарда пайдаланылатын болса, тұздың әсерінен коррозияның дамуының алдын алу үшін бүкіл мотор бөлімін және дренаждық астаушаны мұқият тазалап шығу, содан кейін коррозияға қарсы өңдеу жүргізу қажет. Мотор бөлімін тазалау алдында әрдайым оталдыру жүйесінің кілтін шығарып алыңыз. Су арынын фараларға бағыттамаңыз.

Егер қозғалтқышты майлағыштарынан және кірінен тазалау жүргізілетін болса, мұнымен бірге қозғалтқыштың коррозияға қарсы жабыны да жуылып кетеді. Осы себепті коррозияға қарсы ұзақ мерзімді қорғанышты қамтамасыз ету үшін мотор бөлімінің барлық беттеріне, жіктеріне, жапсарлары мен тораптарына коррозияға қарсы өңдеу жүргізу қажет. Бұл талап сондай-ақ коррозияға қарсы қорғанышты қажет ететін тораптарды ауыстыруға да қолданылады.

ЖАС мақұлданған сервис орталығынан өндіруші ұсынған тазартқыш құралдар мен коррозияға қарсы құралдарды сатып алуға болады.

Пайдалану сұйықтықтарын тексерген және қосымша құйған кезде күйікке

шалдығу және басқа жарақаттар алу қаупі, сондай-ақ жазатайым жағдайлар мен өрттің тұтану қаупі бар.

Құю кезінде әртүрлі сұйықтықтарды араластыруға болмайды; араластырған жағдайда елеулі ақаулық пайда болады.

Еске салу!

- Қозғалтқышты тек ЖАС мақұлданған сервис орталығында немесе мамандандырылған шеберханаларда ғана тазалатуға болады.
- Жүйелі түрде автокөлік астындағы жолдың бетінде жылыстау белгілерінің бар-жоғын тексеріп отырыңыз. Мотор майының немесе басқа пайдалану сұйықтықтарының дақтары болған жағдайда тексерту үшін ЖАС мақұлданған сервис орталығына жүгінізіңіз.

Автокөлікке техникалық қызмет көрсету

! Ескерту

- Автокөлікке техникалық қызмет көрсету қауіпті болуы мүмкін. Кейбір техникалық қызмет көрсету рәсімдерінің барысында елеулі жарақат алып қалуыңыз мүмкін. Техникалық қызмет көрсету саласында жеткілікті білімдеріңіз бен тәжірибеңіз болмаса немесе сәйкес құрал-саймандарыңыз бен жабдығыңыз болмаса, JAC мақұлданған сервис орталығына жүгінгеніңіз жөн.
- Қозғалтқыш жұмыс істеп тұрған кезде мотор бөлімінде жұмыстар орындау өте қауіпті (әсіресе әшекей бұйымдар тағып немесе кең киім киіп жүрсеңіз). Бұл заттар айналып тұрған бөлшектерге оралып қалуы мүмкін, нәтижесінде жарақат келтіріледі. Осы себепті, егер мотор бөлімінде қозғалтқыш жұмыс істеп тұрған күйі жұмыстар жүргізу қажет болса, міндетті түрде барлық әшекей бұйымдарды (әсіресе сақиналарды, білезіктерді, сағаттарды және моншақтарды), сондай-ақ галстуктерді,

бөкебайларды және басқа да кең киімдерді шешіп қойыңыз.

- Мотор бөлімінде жұмыс істеген кезде ерекше абай болыңыз. Егер будың немесе салқындату сұйықтығының жылыстауын байқасаңыз, капотты ашпаңыз және қозғалтқышпен ешқандай жұмыс жүргізбеңіз. Күйік шалудан сақтану үшін жұмыстарды қозғалтқыш суығаннан кейін және будың немесе салқындату сұйықтығының жылыстауы тоқтағаннан кейін ғана орындаңыз.

Мотор майы

Майды таңдау

Қозғалтқыштың өнімділігі мен қызмет ету мерзімі айтарлықтай дәрежеде мотор майына байланысты; сол себепті тек жоғары сапалы таза май ғана қолданыңыз. JAC түпнұсқа мотор майын пайдалануға қадала кеңес беріледі.


«Сапасы API SL немесе одан жоғары спецификацияға сәйкес келеді» таңбаламасы бар энергия үнемдейтін майды пайдаланыңыз. Мұндай майдың сипаттамалары отын шығынын азайтуға көмектеседі.

G01 майы – бұл API, ILSAC GF-3 және JAC қатаң стандарттарына сай келетін энергия үнемдейтін май. Тамаша энергия үнемдейтін қасиеттерге ие бұл май үйкелу коэффициентін төмендетуге, қозғалтқыштағы қуаттың механикалық шығынын азайтуға және отынды үнемдеуді айтарлықтай ұлғайтуға мүмкіндік береді. Тамаша тазартқыш қасиеттерінің арқасында ол күйенің жинақталуының, лак тәрізді үлдірдің, шөгіндінің түзілуінің алдын ала алады, сондай-ақ қозғалтқыштың

тазалығы мен жұмыс істеу тиімділігін қамтамасыз

ете алады. Егер сыртқы ауаның температурасы -30°C -тан төмен түспесе, G01 майы барлық маусымдарға жарайды. Өзінің жан-жақты сынақтардың нәтижелерімен расталған жоғары сапасының, ұзақ мерзімділігінің және тиімді құрамының арқасында JAS майы қозғалтқыштың тұрақты және үнемді жұмысын кепілдендіреді.

Май деңгейін тексеру




Мотор майының шығыны – бұл қалыпты құбылыс. Ұлттық стандартқа сәйкес мотор майы шығынының нормасы 0,3 л/1000 км аспауы тиіс. Осы себепті майдың деңгейін жүйелі түрде, мүмкіндігінше әрбір отын құяр алдында және алыс қашықтықтарға жол жүрер алдында тексеріп отыру қажет.

Барынша дәл өлшеуді қамтамасыз ету үшін майдың деңгейін қозғалтқыш суық кезде тексеріңіз. Май өлшеуіш сүңгінің орналасқан жері мотор бөліміндегі компоненттер схемасында көрсетілген.

Май деңгейін тексеру үшін автокөлікті тегіс алаңға қойыңыз, қозғалтқышты өшіріңіз және май қартер табандығына сарқылуы үшін кемінде 10 минут күте тұрыңыз.

Май өлшеуіш сүңгіні шығарып алыңыз, оны таза шүберекпен сүртіңіз де, өзегіне қайтадан толықтай сұғыңыз. Май өлшеуіш сүңгіні қайтадан шығарып алыңыз және май деңгейінің күйін тексеріңіз. Май деңгейі сүңгідегі екі белгінің арасында орналасуы тиіс. Егер май деңгейі (MIN) белгісінен төмен болса, қалыпты мәнге, яғни екі белгінің (MAX және MIN) арасындағы мәнге дейін майды қосымша құю қажет.


Автокөлікке техникалық қызмет көрсету



⚠ Ескертпе

- Қозғалтқышпен немесе мотор бөлімінде жұмыс істеген кезде қауіпсіздік техникасы бойынша нұсқауларды сақтаңыз.
- Майдың автокөлік бөлшектеріне, әсіресе қозғалтқыштың ыстық бөлшектеріне тиюіне жол бермеңіз: бұл өртену қаупін жоғарылатады!

Мотор майын қосымша құю



Егер май деңгейі төменгі белгіге жақын немесе одан төмен орналасса, мотор майын қосымша құю қажет. Кез келген жағдайда май деңгейі максималды белгіден жоғары болмауы тиіс, себебі май картерді желдету жолы арқылы кіргізу жүйесіне келіп түседі және отынмен бірге жанатын болады, бұл пайдаланылған газдардың уыттылығын арттырады. Май катализтік бейтараптандырғышта жануы және оны зақымдауы мүмкін.

Қосымша құйғаннан кейін май құятын ауыздың қақпағын жабыңыз және май өлшеуіш сүңгіні тірелгенше орнына

сұғыңыз. Өйтпесе қозғалтқышты оталдырған кезде май шашырауы мүмкін.

Мотор майын ауыстыру

Мотор майын техникалық қызмет көрсету кестесінде көрсетілген мерзімдерде ауыстыру қажет. Майды JAC мақұлдаған сервис орталығында ауыстыртуға кеңес беріледі.

Еске салу!


- Майды кәріз жүйесіне немесе жерге төгуге қатаң түрде тыйым салынады.

⚠ Ескертпе

- Егер мотор майы теріге тисе, оны мұқият жуып кетіру қажет.
- Тиісінше кәдеге жаратылар алдында мотор майы балалардың қолы жетпейтін қауіпсіз орында сақталуы тиіс.

Салқындату сұйықтығы

Қозғалтқыштың салқындату сұйықтығын тексеру



Кеңейткіш бак мотор бөлімінде орналасқан (мотор бөлімінің схемасын қараңыз).

Салқындату жүйесі сұйықтықтың мардымсыз шығыны болуы мүмкін жабық жүйе болып табылады. Егер сұйықтықтың деңгейі аз уақыттың ішінде айтарлықтай төмендесе, бұл ықтимал жылыстаудың бар екенін көрсетеді. Мұндай жағдайда тексерту

үшін JAC мақұлданған сервис орталығына хабарласыңыз.

⚠ Ескертпе

- Егер қозғалтқыш пен радиатор ыстық болса, онда кеңейткіш бактың немесе радиатордың қақпағын ашқан кезде бу немесе ыстық сұйықтық шашырап шығуы мүмкін, нәтижесінде күйік шалуы мүмкін. Осы себепті қозғалтқыш пен радиатор ыстық кезінде кеңейткіш бактың қақпағын ашуға тыйым салынады. Автокөлікті тегіс алаңға қойыңыз. Қозғалтқыш суығаннан кейін салқындату сұйықтығының деңгейі салқындату жүйесінің кеңейткіш бағындағы үстіңгі (F) және астыңғы (L) бегілердің арасында орналасуы тиіс. Қозғалтқыш қалыпты жұмыстық температураға дейін қызған кезде, сұйықтықтың деңгейі жоғарылайды және қозғалтқыш суыған кезде қайтадан түседі.

⚠ Ескерту

- Қозғалтқыш ыстық болса, салқындату сұйықтығын қосымша құюға тыйым салынады. Әйтпесе бұл қозғалтқыштың елеулі ақауына алып келуі мүмкін.
- Маркасы бірдей салқындату сұйықтығын пайдалануға тырысыңыз. Құрамы әртүрлі салқындату сұйықтықтарын араластырған жағдайда қосындылар арасында химиялық реакция жүруі мүмкін, бұл олардың тиімділігінің жойылуына алып келеді.
- Ерітілмеген салқындату сұйықтығының өртену қаупі бар және ыстық түтін шығару түтігіне тиген кезде тұтануы мүмкін. Салқындату сұйықтығына қандай да бір қосынды қосуға тыйым салынады, себебі бұл оның коррозияға қарсы қасиеттерін айтарлықтай төмендетеді, бұл салқындату жүйесі компоненттерінің коррозиясына, салқындату сұйықтығының жылыстауына және қозғалтқыштың елеулі

Автокөлікке техникалық қызмет көрсету


ақаулығына алып келеді.

тыйым салынады.

⚠ Ескерту

- Төтенше жағдайда, егер түпнұсқа салқындату сұйықтығын құюға мүмкіндік болмаса, тек таза суды пайдалануға болады. Мұндай жағдайда алғашқы мүмкіндік туындаған сәтте жүйеге түпнұсқа салқындату сұйықтығын құю қажет.
- Салқындату сұйықтығын дұрыс ерітпеу ұзақ мерзімді перспективада коррозияның, қызып кетудің немесе қатып қалудың себебінен қозғалтқыштың бұзылуына алып келуі мүмкін.
- Салқындату жүйесі компоненттерінің конструкциясына өзгертулер енгізуге қатаң түрде тыйым салынады.
- Егер қозғалтқыш пен радиатор ыстық болса, радиатордың қақпағын ашқан кезде ыстық сұйықтық шашырауы мүмкін, нәтижесінде күйік шалуы мүмкін. Осы себепті қозғалтқыш ыстық кезінде кеңейткіш бактың және радиатордың қақпағын ашуға

Салқындату сұйықтығын қосымша құю



Егер сұйықтықтың деңгейі астыңғы шекті белгіден (L) төмен болса, қозғалтқыш суығаннан кейін кеңейткіш бакқа сәйкес келетін салқындату сұйықтығын құйыңыз. Іс-әрекеттер тәртібі:

1. Қозғалтқыш пен радиатордың суығанына көз жеткізіңіз.
2. Егер кеңейткіш бактың қақпағында сырт етіп бекітілетін конструкциясы бар болса, оның шетін жоғары қарай тартыңыз.

3. Кеңейткіш бакқа F белгісінің жанындағы деңгейге дейін салқындату сұйықтығын толтырып құйыңыз.
4. Бактың қақпағын жабыңыз және оның тығыз жабылғанына көз жеткізіңіз.

Еске салу!

- Сіздің автокөлігіңізге JOA45 салқындату сұйықтығын пайдалануға кеңес беріледі.

⚠ Ескертпе

- Салқындату сұйықтығын қозғалтқыш пен радиатор суығаннан кейін құю қажет.
- Салқындату жүйесіне су құйған жағдайда қозғалтқыштың жұмыстық температураға дейін қызуына кепілдік берілмейді және бұл коррозияға алып келуі мүмкін.
- Суық ауа райында су қатып қалуы және қозғалтқышты, радиаторды және басқа компоненттерді зақымдауы мүмкін, сондықтан ұсынылған салқындату сұйықтығын пайдаланыңыз.
- Егер қозғалтқыштың салқындату сұйықтығы автокөліктің шанағына

немесе бөлшектеріне тисе, оны дереу сүртіп алу қажет. Салқындату сұйықтығы коррозия тудырады және лак-бояу жабынын зақымдауы мүмкін.

- Салқындату сұйықтығы денсаулыққа зиян; салқындату сұйықтығының теріге тиюіне жол бермеңіз.
- Салқындату сұйықтығын балалардың қолы жетпейтін жерде сақтаңыз.
- Егер салқындату сұйықтығы көздеріңізге тисе, көздеріңізді судың көп мөлшерімен жуыңыз және кідірместен дәрігерге көрініңіз.
- Егер абайсызда салқындату сұйықтығын жұтып қойған болсаңыз, кідірместен дәрігерге көрініңіз.

Салқындату сұйықтығын ауыстыру

Қалыпты пайдалану жағдайларында салқындату сұйықтығын қайсысының бұрын орын алуына қарай 2 жыл сайын немесе 40 000 км жол жүргеннен кейін ауыстырыңыз.

Радиатор желдеткіші

Егер қозғалтқыштың салқындату сұйықтығының температурасы жоғары болса немесе кондиционер жұмыс істеп тұрса, салқындату желдеткіші автоматты түрде қосылады. Егер кеңейткіш бактағы салқындату сұйықтығы қайнап жатса, ол суымайынша ешқандай әрекет жасамаңыз.

⚠ Ескертпе

- Салқындату желдеткішін басқару қозғалтқышты салқындату сұйықтығының температурасы бойынша жүзеге асырылады және салқындату желдеткіші қозғалтқыш тоқтатылғаннан кейін де істеп тұра беруі мүмкін. Қалақтарының соққысынан жарақат алып қалмау үшін істеп тұрған желдеткіштің жанында абай болыңыз. Қозғалтқыштың салқындату сұйықтығының температурасы төмендеген кезде желдеткіш автоматты түрде өшеді – бұл қалыпты жағдай.

Автокөлікке техникалық қызмет көрсету

Салқындату сұйықтығының типін таңдау

60 %-дан жоғары және 35 %-дан төмен салқындату сұйықтығының концентрациясы бар ерітіндіні пайдаланбаңыз: бұл қозғалтқышты салқындату жүйесінің бұзылуына алып келуі мүмкін. Салқындату сұйықтығын қосымша құйған немесе ауыстырған кезде төмендегі кестеге сәйкес тиісті концентрациясын таңдаңыз:

Қату температурасы (°C)	Салқындату сұйықтығы (%)
-15	35
-25	40
-35	50
-45	55


Қысқы маусым басталар алдында салқындату сұйықтығын тексеру және жоғарыда келтірілген кестеге сәйкес оның концентрациясын реттеу қажет. JAC компаниясы өз автокөліктерінде гликоль негізіндегі жоғары сапалы сұйықтықты пайдаланады, ол қатудан қорғанышты қамтамасыз етіп қана қоймай, салқындату жүйесінің барлық

металл бөлшектерін коррозиядан қорғайды. Сонымен бірге мұндай сұйықтық шөгінділердің мөлшерін азайтады және салқындату сұйықтығының қайнау температурасын айтарлықтай жақсартады. JAC компаниясы мақұлдаған салқындату сұйықтығын пайдалануға қадала кеңес беріледі.

Мақұлданған салқындату сұйықтығын пайдаланған кезде ингибиторлар немесе қосындылар қосудың қажеті жоқ, себебі олар салқындату жүйесі үшін зиянды.

Тежегіш сұйықтығы

Тежегіш сұйықтығын тексеру



Бақтағы тежегіш сұйықтығының деңгейін жүйелі түрде тексеріп отыру қажет. Тежегіш сұйықтығының деңгейі әрдайым MAX және MIN белгілерінің арасында орналасуы тиіс. Сынап жүргізу кезінде тозу дәрежесіне қарай тежегіш қыспақтарының автоматты реттелуі орын алады. Бұл ретте тежегіш сұйықтығының деңгейі біршама төмендейді – бұл қалыпты жағдай. Алайда бақтағы сұйықтықтың деңгейі айтарлықтай төмендесе немесе аз уақыт ішінде MIN белгісінен төмен түсіп

кетсе, бұл тежеу жүйесінде жылыстаудың бар екенін көрсетуі мүмкін. Егер тежегіш сұйықтығының деңгейі тым төмен болса, қол тежегішінің және тежеу жүйесі ақаулығының бақылау шамы жанады. Мұндай жағдайда тежеу жүйесін тексерту үшін кідірместен JAC мақұлданған сервис орталығына хабарласыңыз.



Ескертпе

- Сіздің автокөлігіңізге DOT4 стандартына сәйкес келетін тежегіш сұйықтығын пайдалану қажет.

1

2

3

4

5

6

Автокөлікке техникалық қызмет көрсету

Тежегіш сұйықтығын ауыстыру

Тежегіш сұйықтығы гигроскопиялық болып табылады, сондықтан уақыт өте келе ол бірте-бірте қоршаған ауадан ылғалды сіңіріп алады.

Тежегіш сұйықтығындағы ылғалдың шектен тыс мөлшері тежеу жүйесінің коррозиясына және бұзылуына алып келуі мүмкін. Сонымен бірге тежегіш сұйықтығының қайнау температурасы төмендейді, сондықтан тежегіш сұйықтығын жүйелі түрде ауыстыру қажет.

Тежегіш сұйықтығын ауыстырған кезде тек JAC түпнұсқа тежегіш сұйықтығын ғана қолданыңыз (өз автокөлігіңіз бойынша кеңес алу үшін JAC мақұлданған сервис орталығына хабарласыңыз). Әрбір жолы қаппағы ашылмаған ыдыстан жаңа тежегіш сұйықтығын пайдалану қажет. Тежегіш сұйықтығын ауыстыру үшін арнайы құрал-саймандар мен сәйкес тәжірибе қажет болады, сондықтан JAC мақұлданған сервис орталығына хабарласуға қадала кеңес беріледі.

Ескертпе

- Тежегіштер автокөліктің қауіпсіз қозғалысында елеулі роль атқаратындықтан тежеу жүйесін JAC мақұлданған сервис орталығында тексертуге кеңес беріледі. Жүйелі түрде тежегіштердің тозуын тексеріп отырыңыз.

Ескертпе


- Тежегіш сұйықтығын қосып құйған кезде абай болыңыз. Егер тежегіш сұйықтығы көзіңізге тисе, бұл көру қабілетіңіздің нашарлауына алып келеді. Егер тежегіш сұйықтығы шанаққа тисе, оны дереу сүртіп алыңыз, әйтпесе бұл лак-бояу жабынының зақымдалуына алып келеді.
- Қосымша құю кезінде тежегіш сұйықтығының максималды деңгейінен асырмаңыз, себебі ол қозғалтқышқа төгілуі мүмкін. Егер қозғалтқыштың температурасы жеткілікті жоғары деңгейде болса, тежегіш сұйықтығы тұтанады, бұл жарақаттарға және автокөліктің зақымдалуына алып келеді.
- Тежегіш сұйықтығы улы келеді, сондықтан оны жабық түпнұсқа қаптамасында сақтау қажет. Тежегіш сұйықтығын балалардың қолы жетпейтін жерде сақтаңыз.
- Тежегіш сұйықтығын екі жыл сайын немесе 40 000 км жол жүргеннен кейін ауыстыру қажет. Егер тежегіш сұйықтығы тым ұзақ

қолданылса, тежеу жүйесінде жоғары тежеу жүктемелері кезінде көпіршіктер түзіледі, бұл тежелу тиімділігіне және жүргізу қауіпсіздігіне әсер етеді.

⚠ Ескерту

- Тежегіш сұйықтығын қосымша құюды және ауыстыруды JAC компаниясы ұсынған тежегіш сұйықтығын қолдана отырып JAC мақұлданған сервис орталығында жүргізу қажет. Тежегіш сұйықтықтарының әртүрлі типтерін араластыруға қатаң түрде тыйым салынады. Кепілдік тежегіш сұйықтықтарының әртүрлі типтерін ауыстырудан туындаған зақымдарға қолданылмайды.

Руль гидрокүшейткішінің сұйықтығы




Руль гидрокүшейткіші сұйықтығының бағы сорғымен біріктірілген және жүргізуші жақта мотор бөлімінің алдыңғы бөлігінде сорғының үстінде орналасқан. Бақтың орналасқан жері «Мотор бөліміндегі компоненттердің орналасуы» бөлімінде көрсетілген.

Руль гидрокүшейткішінің сұйықтығын тексеру

Егер рульді бұру тым ауыр болып кетсе, мотор бөлімінен әдеттен тыс дыбыс естілсе немесе жүйеде жылыстау бар болса, руль гидрокүшейткішінің сұйықтығын тексеру қажет. Руль гидрокүшейткіші сұйықтығының жылыстауы руль жүйесінде ақаулықтың бар екенін және руль жүйесін жөндету қажет екенін білдіреді.

Автокөлікке техникалық қызмет көрсету

Руль гидрокүшейткішінің сұйықтығын тексеру тәртібі




Руль гидрокүшейткішінің сұйықтығын тексеру үшін келесі әрекеттерді орындаңыз:

1. Оталдыру жүйесін өшіріңіз және мотор бөлімі суығанша күтіңіз.
2. Майдың қақпағын және бактың үстіңгі бетін сүртiңiз.
3. Қақпақты теріс бағытқа бұрап ашыңыз.
4. Май деңгейін бактағы белгілер бойынша тексеріңіз. Егер май деңгейі MIN сызығынан төмен орналасса, руль гидрокүшейткішінің сұйықтығын MIN

және MAX сызықтарының арасындағы деңгейге дейін қосымша құю қажет.

5. Қақпақты орнына салыңыз да, оң бағытқа бұрап қатырыңыз.

Ауа сүзгісі



Ауа сүзгісінің сүзгіш элементін жүйелі түрде тексеру және ауыстыру кезінде осы нұсқаулықтағы техникалық қызмет көрсету бойынша нұсқауларды орындаңыз.

Алдымен үш үстіңгі және астыңғы винтті бұрап ашу арқылы ауа сүзгісінің қақпағын ауа қармауыштан шешіп алыңыз, сүзгіш элементті ауыстырыңыз және қақпақты орнына салыңыз.

(Тазалауды 5000 км жол жүген сайын жүргізіп отырыңыз, қажет болса, сүзгіні ауыстырыңыз).

⚠ Ескертпе

- Қозғалтқыш дұрыс жұмыс істеуі үшін таза ауа қажет. Ауа сүзгісінің сүзгіш элементі шығарып алынған автокөлікпен жүруге тыйым салынады.
- Ауа сүзгісінсіз жүргізу қозғалтқыштың бұзылуына алып келеді.
- Ауа сүзгісінің сүзгіш элементін ауыстырған кезде JAC түпнұсқа бөлшектерін қолданыңыз.

Ауа сүзгісін тазалау

Егер ауа сүзгісінің элементі ластанған болса, оны төмендегідей жолмен тазалаңыз:


1. Шаң-тозаңын шығару үшін ауа сүзгісін сілкіп-сілкіп алыңыз.
2. Ауа сүзгісі корпусының ішкі бөлігін тазалаңыз.
3. Тазалау кезінде сүзгі корпусын ылғал шүберекпен жауып қойыңыз.
4. Сүзгіш элементті ауаның қалыпты ағынына қарсы бағытта сығылған ауамен үрленіз.

Автокөлікті жуу кезінде жуатын қондырманы тікелей ауа қармауышқа бағыттамаңыз. Су кіргізу түтігімен ауа сүзгісіне кіруі мүмкін. Егер қозғалтқыштың ішіне су кірсе, ол істен шығады.

⚠ Ескертпе

- Ауа сүзгісін шешіп алған кезде кіргізу түтігіне шаң-тозаң түспеуі үшін абай болыңыз, себебі бұл қозғалтқыштың зақымдалуына алып келуі мүмкін.
- Ластанған ауа сүзгісін пайдалану қозғалтқышқа ауаның берілуіне тікелей әсер етеді және қозғалтқыштың қуатының төмендеуіне және тозуына алып келуі мүмкін, бұл оның қызмет ету мерзіміне әсер етеді.

Аккумулятор батареясы



Сіздің автокөлігіңіз қызмет көрсетілмейтін аккумулятор батареясымен жабдықталған. Егер батареяны ауыстыру қажет болса, жаңа батареяның бөлшек нөмірі түпнұсқа батареяның нөмірімен бірдей болуы тиіс.

Аккумулятор батареясының орналасуы мотор бөлімінің схемасында көрсетілген.

Автокөлікке техникалық қызмет көрсету

Ескертпе

- Аккумулятор батареясын ашқан кезде қорғаныш көзілдірік тағыңыз және қолғап киіңіз. Электролиттің немесе қорғасын бөлшектерінің көздеріңізге, теріңізге немесе киіміңізге тиюіне жол бермеңіз.
- Аккумулятор батареясының клеммаларында, шықпаларында және ілеспе бөлшектерінде қорғасын, қорғасынның қосылыстары мен басқа химиялық заттар бар. Батареямен жұмыс істегеннен кейін міндетті түрде қолдарыңызды жуыңыз.

Ескертпе

- Аккумулятор батареясын аударуға тыйым салынады, себебі бұл желдету саңылауларынан электролиттің төгілуіне алып келеді. Егер электролит көздеріңізге тисе, дереу оларды бірнеше минут бойы сумен жуыңыз, содан кейін дәрігерге көрініңіз. Электролит теріңізге немесе киіміңізге тиген жағдайда дереу оларды судың көп мөлшерімен сабындап жуыңыз. Электролитті абайсызда жұтып қойған жағдайда дереу дәрігерге жүгініңіз.
- Аккумулятор батареясының жанында ашық алау және ұшқын көздері болмауы тиіс. Аккумулятор батареясының жанында темекі шекпеңіз. Кабельдермен және электр жабдықтарымен жұмыс істеген кезде, сондай-ақ статикалық жүктемелерді жаздырған кезде ұшқындар шығаруға рұқсат етілмейді. Аккумулятор батареясының қысқа тұйықталуына жол бермеңіз, себебі

бұл күшті ұшқындауға алып келеді және жарақат алып қалуыңыз мүмкін.

- Аккумулятор батареясын зарядтаған кезде жарылу қаупі бар газ қоспасы түзіледі.
- Балаларды электролитке және аккумулятор батареясына жақындатпаңыз.
- Электр жабдығын ауыстырар алдында қозғалтқышты, оталдыру жүйесін және барлық электр жабдықтарын өшіріңіз. Аккумулятор батареясының теріс шықпасының клеммасын ажыратыңыз. Шамдарды ауыстырған кезде жарықты қоспаңыз.
- Аккумулятор батареясын шешіп алған кезде алдымен теріс шықпаның кабелін, содан кейін оң кабельді ажыратыңыз.
- Аккумулятор батареясын қайтадан жалғаған кезде барлық электр жабдықтарын өшіру, алдымен оң кабельді, содан кейін теріс кабельді жалғау қажет.

Ескертпе

- Оталдыру жүйесі қосулы немесе қозғалтқыш жұмыс істеп тұрғанда аккумулятор батареясын ажыратпаңыз, себебі бұл электр жабдығының (электрондық компоненттердің) зақымдалуына алып келуі мүмкін. Батареяның корпусын ультракүлгін сәулелерден қорғау үшін оны тікелей түсетін күн сәулелерінің әсеріне ұшыратпаңыз.
- Апаттық жағдайда автокөліктің қозғалтқышын сыртқы қорек көзінен оталдыруға болады. Бұл ретте қысқа тұйықталуға жол бермеу үшін оң және теріс кабельдердің дұрыс жалғануын қадағалау қажет.
- Автокөлікте дәнекерлеу және жөндеу жұмыстарын жүргізбес бұрын дәнекерлеу кезінде контроллердің баспа тақталарының зақымдалуынан сақтану үшін батареяның теріс шықпасының кабелін ажырату қажет.

Аккумулятор батареясын сақтау және оған қызмет көрсету

Егер автокөлік үш апта бойы немесе одан ұзақ уақыт қолданылмайтын болса, аккумулятор батареясының теріс шықпасының кабелін ажыратыңыз. Бұл аккумулятор батареясының разрядталуын болдырмайды. Аккумулятор батареясына қызмет көрсету барысында абай болыңыз. Электролиттің жылыстауына және жарылысқа жол бермеу үшін аккумулятор батареясының электр сипаттамаларын орнатар алдында тексеріп алу қажет.

Аккумулятор батареясының қызмет ету мерзімін ұзарту үшін келесілерді орындау қажет:

1. Аккумулятор батареясының үстінгі беті таза және құрғақ болуы тиіс.
2. Клеммалар мен ағытпаларды таза ұстаңыз, мезгіл-мезгілімен оларды тарттырыңыз және вазелинмен немесе клеммаларға арналған жағармаймен майлаңыз.
3. Төгілген электролитті ас содасының сулы ерітіндісімен жуып кетіріңіз.

4. Егер автокөлік ұзақ уақыт бойы қолданылмайтын болса, аккумулятор батареясының теріс (-) шықпасының кабелін ажыратыңыз және батареяны 6 аптада бір рет зарядтаңыз.

Аккумулятор батареясының шықпаларын тазалау


1. Оталдыру жүйесін өшіріңіз және кілтті шығарып алыңыз.
2. Кабель клеммасын аккумулятор батареясының шықпасынан сомын кілтінің көмегімен босатып, шешіп алыңыз. Алдымен теріс (-) клемманы ажыратыңыз.
3. Батареяның шықпаларын сымды щеткамен немесе клеммаларды тазалауға арналған құралмен тазалаңыз.
4. Аккумулятор батареясының шықпаларында коррозияның белгісі болып табылатын ақ немесе көкшіл түсті қалдық бар-жоғын тексеріңіз.
5. Коррозия іздерін ас содасының ерітіндісімен кетіріңіз. Жағылған ерітінді көпіреді және қоңыр түске айналады.
6. Көбіктену тоқтаған кезде ерітіндіні сумен шайыңыз, содан кейін аккумулятор батареясын шүберекпен немесе қағаз сүрткішпен сүртіңіз.

Автокөлікке техникалық қызмет көрсету

7. Оң (+) клемманы, содан кейін теріс (-) клемманы жалғаңыз және бұрап қатырыңыз.

Жуғыш сұйықтығы

Жуу сұйықтығын қосымша құю



Жолға шығар алдында әйнекжуғыш бағына осы нұсқаулықта көрсетілгендей тиісті жуу сұйықтығының құйылғанына көз жеткізіңіз.

Суық ауа райында жуу сұйықтығын бак көлемінің төрттен үш бөлігінен асырып құюға тыйым салынады.

Төмен температурада жуу сұйықтығы қатып қалуы және ұлғаюы мүмкін.

Егер бактың ішінде бос кеңістік болмаса, қатқан кезде жуу сұйықтығының ұлғаюы бактың зақымдалуына алып келуі мүмкін. Сыртқы ауа температурасы төмен болған жағдайда қатпайтын сұйықтық пайдалануға кеңес беріледі.

⚠ Ескертпе

- Әр қосқан кезде жуғыш 15 секундтан ұзақ жұмыс істемеуі тиіс. Бакта жуу сұйықтығы болмаса, әйнекжуғышты қосуға тыйым салынады.
- Қыста жуғышқа қатпайтын сұйықтық қолдану, оның деңгейін жүйелі түрде тексеріп отыру және қажет болса, қосымша құю қажет.
- Жуу сұйықтығы адамдар мен жануарлар үшін улы. Жуу сұйықтығын абайсызда жұтып қоюдан сақтаныңыз, себебі бұл елеулі жарақатқа немесе тіпті кісі өліміне алып келуі мүмкін.

Әйнектазартқыш щеткаларын тексеру

Әйнектазартқыш щеткаларының ақаусыздығын және тозу дәрежесін жүйелі түрде тексеріп отырыңыз. Егер әйнектазартқыш щеткасы әйнекті сызып тұрса, бұл келесі себептерге байланысты болуы мүмкін:

1. Автоматты жуу орындарын пайдалану кезінде алдыңғы әйнекте қатты балауыздың іздері қалып қойған болуы мүмкін. Қатты балауыздың қалдықтарын тек арнайы тазартқыш құралмен ғана кетіруге болады. Қосымша ақпарат алу үшін ЖАС мақұлданған сервис орталығына хабарласыңыз.

2. Егер әйнектазартқыш щеткасы зақымданған болса, ол сықырлай және айғыз жолақтар қалдыра бастауы мүмкін. Мұндай жағдайда оны ауыстыру қажет.

3. Әйнектазартқыш иіңтірегінің орнатылу бұрышы дұрыс емес. Тексерту және реттеу үшін ЖАС

мақұлданған сервис орталығына хабарласыңыз.

⚠ Ескертпе


- Төмен температураларда әйнектазартқыш щеткаларының алдыңғы әйнекке жабысып қатып қалмағанын тексеріңіз: бұл қосқан жағдайда әйнектазартқыш электрқозғалтқышының бұзылуына алып келуі мүмкін.
- Әйнектазартқыш щеткаларында шаңның және басқа қоқыстың болмауын жүйелі түрде тексеріп отырыңыз, себебі бұл тазалау тиімділігінің нашарлауына алып келуі мүмкін.
- Әйнектегі мұздың немесе басқа кедергілердің себебінен әйнектазартқыштардың қозғалысы бұғатталып қалса, электрқозғалтқыш бұзылуы мүмкін. Бұл жағдайда автокөлікті тоқтатыңыз, оталдыру жүйесін өшіріңіз және әйнектазартқыш еркін қозғалуы үшін алдыңғы әйнекті тазалап алыңыз.
- Алдыңғы әйнектің беті құрғақ болса, әйнектазартқышты қолданбаңыз. Бұл алдыңғы әйнекте

Автокөлікке техникалық қызмет көрсету

сызаттардың пайда болуына және щеткалардың мерзімінен бұрын тозуына алып келеді. Қыста немесе алдыңғы әйнекке қырау тұрып қалғанда, әйнектазартқыш щеткаларының алдыңғы әйнекке жабысып қатып қалмағанына көз жеткізіңіз.

Әйнектазартқыш щеткаларын ауыстыру

Алдыңғы әйнектазартқыш




1. Щеткасымен бірге иінтіректі көтеріңіз.

2. Щетка бекітпесінің бекіткішін басыңыз.

3. Бір мезгілде щетканы шешіп алу үшін оны жоғары қарай тартыңыз.

4. Әйнектазартқыш щеткасын шешіп алуға кері тәртіппен орнатыңыз.

Артқы әйнектазартқыш



Щеткасымен бірге иінтіректі көтеріңіз және әйнектазартқыш щеткасын шешіп алыңыз.

⚠ Ескертпе

- Әйнектазартқыштың иінтірегін қозғалтқыштың капоты толық жабық тұрғанда ғана алдыңғы әйнектен сыртқа қайыруға болады; әйтпесе бұл капотты зақымдайды.
- Әйнектазартқыш щеткасы көтерулі күйде тұрған кезде әйнектазартқыш щеткасының абайсызда түсіп кетпеуін қадағалаңыз, себебі бұл әйнектің зақымдалуына алып келеді.

Шиналарды тексеру және ауыстыру

Шиналар

Сіздің автокөлігіңіз шиналар өндірісі саласындағы көшбасшы өндірушілердің бірінің жоғары сапалы шиналарымен жабдықталған. Шиналарға берілетін кепілдік және шиналарды жөндеу пункттері туралы толық ақпарат Кепілді техникалық қызмет көрсету нұсқаулығында келтірілген.

Ескертпе

- Шиналарға техникалық қызмет көрсетудің болмауы және оларды дұрыс пайдаланбау өте қауіпті. Шиналарға шектен тыс жүктеме түсірілген жағдайда, олар шектен тыс үйкеледі және қызады, бұл шинаның жарылуына және елеулі ЖКО-ға алып келуі мүмкін.
- Жеткіліксіз қысым шиналарға шектен тыс жүктеме түсіру секілді қауіпті; ол елеулі жарақаттарға алып келуі мүмкін.

- Барлық шиналарды жүйелі түрде тексеріп және оларда ұсынылған қысымды ұстап отырыңыз. Шиналардағы қысымды шиналар суық кезде тексеру қажет.
- Шектен тыс ауа үрленген шинаның жеңіл тесілуі, зақымдалуы немесе кездейсоқ соғылған кезде (мысалы, жолдың ойығына түскенде) жарылып кетуі әбден мүмкін. Осы себепті шиналарға тиісті қысымға дейін ауа үрленген болуы тиіс. Тозған шиналар ЖКО-ға ұшыратуы мүмкін. Егер шинаның протекторы қатты тозған немесе шина зақымдалған болса, алғашқы мүмкіндік туындаған сәтте оны ауыстырып алу қажет.

Шинаның қапталындағы таңбалама

Шинаның қапталына шина туралы пайдалы ақпарат басылған.

Шиналардағы қысым: тиімді жұмыс істеуі үшін шинаға дұрыс қысымға дейін ауа үрленген болуы тиіс.

Ескертпе

- Жеткіліксіз немесе шектен тыс қысым елеулі оқиғаларға алып келуі мүмкін.
- Шиналардағы жеткіліксіз қысымның салдары:
- Қозғалыс кезінде шинаның шектен тыс деформациялануы.
- Қызып кету.
- Шиналарға шектен тыс жүктеме түсу.
- Мерзімінен бұрын немесе біркелкі емес тозу.
- Нашар басқару мүмкіндігі.
- Отын шығынының көбеюі.
- Шиналардағы шектен тыс қысымның салдары: тозу жылдамдығының артуы.
- Нашар басқару мүмкіндігі.
- Жоғары қаттылық.

Автокөлікке техникалық қызмет көрсету

- Жайсыздық.
- Кедергіге соғылған жағдайда жоғары зақымдалу қаупі.

Шиналар және олардың жүктемесі туралы ақпаратты «Техникалық сипаттамалар: дөңгелек дискілері, шиналардың сипаттамалары және суық күйіндегі ауаның қысымы» бөлімінен қараңыз.

Техникалық сипаттамаларда суық шиналардағы дұрыс қысым көрсетілген. Техникалық сипаттамаларда көрсетілген суық күйдегі ұсынылған қысым автокөліктің максималды салмағын көтеруге қабілетті болатын шиналардағы минималды қысым болып табылады.

Шиналардағы қысымды тексерудің мерзімділігі

Шиналардағы қысымды кемінде айына бір рет тексеріп отырыңыз.

Шиналардағы қысымды тексеру тәртібі

Шиналардағы қысымды жоғары сапалы портативті манометрдің көмегімен тексеріңіз. Шинадағы қысымның нормаға сай болуын не болмауын визуалды түрде анықтау мүмкін емес.

Шиналар тіпті ішінде тиісті қысымы болмаса да, көп жағдайда қалыпты болып көрінеді. Қысымды шиналар салқын кезде тексеріңіз. Егер автокөлік үш сағаттан артық қозғалыссыз тұрған болса немесе 1,6 км шамасынан артық жол жүрмеген болса, шиналар салқын болып есептеледі.

Шинаның шұрасынан қалпақшасын шешіп алыңыз, манометрді шұраға басып ұстаңыз да, қысымды өлшеңіз. Егер салқын күйіндегі қысым шиналарда және жүктеме туралы ақпараты бар тактайшада ұсынылған мәнге сәйкес келсе, әрі қарай әрекеттер жасаудың қажеті жоқ. Егер қысым тым төмен болса, шиналарға ұсынылған қысымға дейін ауа үрлеңіз.

Егер қысым тым жоғары болса, ауасын шығару үшін шұраның реттығынын басыңыз.

Шаңның және ылғалдың кіруінен қорғау үшін міндетті түрде шұраның қалпақшасын орнатыңыз.

Шиналарды қарап тексеру және орындарын ауыстыру

Шиналардың біркелкі тозуын қамтамасыз ету үшін әр 12 000 км сайын шиналардың орындарын ауыстырып салуға кеңес беріледі. Егер


шиналардың әдеттен тыс тозуы бар болса, оларды ауыстырып салуды бұрынырақ орындау және дөңгелектердің құлау-түйісу бұрышын тексеру қажет.

Шиналардың орындарын ауыстырып салған кезде олардың дұрыс теңгерілгенін тексеріңіз.

Шиналардың орындарын ауыстырып салған кезде шиналардың тозуының, шиналар мен дөңгелек дискілерінің зақымдану белгілерінің бар-жоғын тексеру қажет. Әдеттен тыс тозу шинадағы дұрыс емес қысымнан, шиналардың дұрыс емес орналасуынан, дөңгелектердің нашар теңгерілуінен, шұғыл тежелуден немесе бұрылыстардан жоғары жылдамдықпен өтуден туындайды. Протекторда немесе қапталда ісінген жерлерінің жоқтығын тексеріңіз. Қандай да бір зақым анықталған жағдайда шинаны ауыстыру қажет.

Шиналарды мезгіл-мезгілімен орындарын ауыстырып салудың мақсаты автокөліктің барлық шиналарының біркелкі тозуын қамтамасыз ету болып табылады. Шиналардың орнын ауыстырып салған кезде міндетті түрде төмендегі суретте

көрсетілген дұрыс ауыстырып салу схемасын қолданыңыз.



Шиналардың орнын ауыстырып салу кезінде шағын қосалқы дөңгелекті қолданбаңыз.

Орындарын ауыстырып салғаннан кейін шиналардағы қысымды тақтайшада көрсетілген шиналардағы қысым мәніне дейін реттеңіз және дөңгелек сомындарының дұрыс қатыру сәтімен қатырылғанына көз жеткізіңіз.


⚠ Ескертпе

- Дөңгелек дискісіндегі немесе монтаждау бетіндегі тат немесе батпақ біраз уақыттан кейін

дөңгелек сомындарының босап кетуіне алып келуі мүмкін. Дөңгелектер ажырап кетуі мүмкін, бұл апатқа алып келеді. Дөңгелектерді ауыстыру кезінде дөңгелек дискісінен және оны монтаждайтын беттерден коррозияны және батпақты кетіріп алу қажет. Ол үшін мата немесе қағаз сүрткішті пайдаланыңыз, сондай-ақ қажет болса, қырғышты немесе сымды щетканы қолдануға рұқсат етіледі.

Жаңа шиналар орнату қажеттігінің себептері

Протектордың тозу индикаторы



Шинаны ауыстыру қажеттігін анықтау үшін протектордың тозу индикаторын қолдануға болады.

Егер протектордың қалдық биіктігі 1,6 мм құраса немесе одан төмен болса, протектордың тозу индикаторы көзге көріне бастайды. Шинаны ауыстыру келесі жағдайлардың кез келгенінде қажет болады:

1. Шинада кемінде 3 тозу индикаторы көрініп тұр.
2. Корды көрініп тұр.
3. Қапталында немесе протекторында тереңдігі кордқа дейін жететін жарық немесе кесік.

Автокөлікке техникалық қызмет көрсету

4. Шинадағы күшті зақымдар, ісінулер немесе қатпарланулар.

5. Өлшемі мен орналасуы жөндеу жұмысын жасауға мүмкіндік бермейтін тесілулер, кесілулер немесе өзге де осыған ұқсас зақымдар.

Ескертпе

- ЖКО қаупін төмендету үшін міндетті түрде келесілерді орынданыз:
- Зақымдалған және әркелкі тозған шиналарды уақытылы ауыстырыңыз. Шинаның зақымдануы тежелу тиімділігінің, басқару мүмкіндігінің және жолмен ілінісудің төмендеуіне алып келеді.
- Бір автокөлікке өлшемдері мен сипаттамалары әртүрлі шиналар орнатуға тыйым салынады. Әртүрлі шиналарды пайдалану басқару мүмкіндігінің нашарлауына және тіпті ауыр ЖКО-ға алып келуі мүмкін.
- Спецификацияларға немесе өлшемге сәйкес келмейтін дөңгелектер сапасыз жиналуы мүмкін, бұл басқару мүмкіндігінің нашарлауына немесе тіпті бұзылуларға алып келеді.
- Дөңгелектердің айналу жиілігін салыстыра отырып, ABS жүйесі өзінің араласуының қажет не қажет емес екенін анықтайды. Шиналарды ауыстырған кезде

барлық төрт дөңгелекке тиісті өлшемі бар шиналарды орнату қажет. Өлшемдері әртүрлі шиналарды қолдану ABS жүйесінің дұрыс жұмыс істеуіне алып келеді.

- Бір автокөлікте бір мезгілде диагоналды және радиалды шиналар қолдануға тыйым салынады. Кері жағдайда бұл басқару мүмкіндігін нашарлатады және жарақаттарға немесе мүліктің зақымдалуына алып келуі мүмкін.

Дөңгелектердің орнатылу бұрышын реттеу және шиналарды теңгеру

Шиналардың қызмет ету мерзімін барынша ұзарту және ең жақсы жалпы сипаттамаларын қамтамасыз ету үшін дөңгелектер зауытта орнатылу бұрыштарын реттеуден және теңгеруден өтеді.

Көп жағдайда дөңгелектердің орнатылу бұрышын қайталап реттеу қажет емес. Алайда шиналардың қалыптан тыс тозуы, автокөліктің бір шетке қарай тартып әкетуі немесе басқа ауытқулар байқалса, құлау мен түйісуді қайта

тексеру қажет. Егер автокөлік тегіс жолмен жүрген кезде діріл байқалса, дөңгелектерді теңгеру қажет.

Дөңгелек дискілерін ауыстыру

Егер қандай да бір себеппен дөңгелек дискілерін ауыстыру қажет болса, жаңа дискінің диаметрінің, енінің және шығымының бұрынғы дискінің сипаттамаларымен бірдей екеніне көз жеткізіңіз. Егер дөңгелек сомындарын ауыстыру қажет болса, ауыстыру үшін түпнұсқа жаңа аксессуарларды пайдаланған жөн. Бұл дөңгелек дискілерінің, болттарының немесе сомындарының сіздің автокөлігіңізге сай келетінін кепілдендіреді.

Апаттық жағдайлардағы әрекеттер

5


Апаттық жағдай туралы ескерту құралдары.....	154
Апаттық жарық сигналын беру жүйесі.....	154
Апаттық аялдау белгісі.....	154
Қозғалыс кезіндегі апаттық жағдай.....	155
Қозғалтқыштың өшіп қалуы.....	155
Апаттық жағдайда маневр жасау.....	155
Қозғалтқыш оталмайды.....	156
Қозғалтқыштың қызып кетуі.....	156
Сыртқы қорек көзінен оталдыру.....	157
Қозғалтқышты сыртқы қорек көзінен оталдыру.....	157
Дөңгелекті ауыстыру.....	160
Қосалқы дөңгелекті және құралдар жинағын шығару.....	160

Ақаулы дөңгелекті шешіп алу және қосалқы дөңгелекті орнату.....	161
Автокөлікті эвакуациялау.....	166
Сақтандырғыштар.....	167
Сақтандырғышты ауыстыру.....	168
Сүйреу.....	169
Алдыңғы сүйреу құлақшасы.....	169
Артқы сүйреу құлақшасы.....	169
Жүктерді орналастыру.....	170
Төтенше жағдайларға арналған құралдар.....	171

Апаттық жағдайлардағы әрекеттер

Апаттық жағдай туралы ескерту құралдары

Апаттық жарық сигналын беру жүйесі



Апаттық жарық сигналын беру жүйесін тіпті оталдыру жүйесі өшірулі тұрған кезде де қосуға болады. Апаттық жарық сигналын беру жүйесін келесі жағдайларда қосып қойыңыз:

1. Егер сіз апаттық жағдайға тап болсаңыз.

2. Кептеліс.
3. Автокөлігіңіз ақаулыққа байланысты қауіпсіз емес күйде болса.
4. Жанбыр, қар жауып тұрғанда, тұман кезінде немесе көру мүмкіндігі нашар жағдайларда жүрген кезде.
5. Қандай да бір себепке байланысты қауіпсіз емес орында аялдаған жағдайда.


Апаттық жарық сигналын беру жүйесін қосқан кезде барлық бұрылыс көрсеткіштері және аспаптар тақтасындағы бұрылыс көрсеткіштерінің екі индикаторы жыпылықтай бастайды.

⚠ Назар аударыңыз!

- Апаттық жарық сигналын беру жүйесі автокөліктің қозғалып келе жатқанына не тоқтап тұрғанына қарамастан жұмыс істей алады. Апаттық жарық сигналын беру жүйесі қосулы тұрғанда бұрылыс жасағанда бұрылыс көрсеткіштері басымдыққа ие және бұрылыс көрсеткішін қосқан кезде апаттық жарық сигналын беру жүйесі жұмысын тоқтатады.

- Автокөлікті сүйреген кезде міндетті түрде апаттық жарық сигналын беру жүйесін қосыңыз.

Апаттық аялдау белгісі



Апаттық аялдау белгісін автокөлігіңізден шамамен 150 метр қашықтыққа жолға орнату қажет.

Қозғалыс кезіндегі апаттық жағдай

Қозғалтқыштың өшіп қалуы

Қозғалтқыштың жол қиылысында немесе жолдардың түйіскен жерінде өшіп қалуы

Егер қозғалтқыш жол қиылысында немесе жолдардың түйіскен жерінде өшіп қалса, берілістерді ауыстыру иінтірегін бейтарап күйге қойыңыз да, автокөлікті қауіпсіз жерге жылжытыңыз.

Қозғалтқыштың қозғалыс кезінде өшіп қалуы

1. Түзу жолмен жүруді жалғастыра отырып, біртіндеп жылдамдықты азайтыңыз және мүмкіндігінше автокөлікті жүріс бөлігінен тыс қауіпсіз жерге тоқтатыңыз.
2. Апаттық жарық сигналын беру жүйесін қосыңыз.
3. Қозғалтқышты оталдыруға әрекет жасап көріңіз. Егер қозғалтқыш оталмаса, ЖАС мақұлданған сервис орталығына хабарласыңыз.

Апаттық жағдайда маневр жасау

Апаттық жағдайдағы бұрылыстар

Кейде апаттық жағдайда маневр жасау тежелумен салыстырғанда пайдалырақ болады. Мысалы, беткейде көтеріліп келе жатқанда сіздің қозғалыс жолағыңызда күтпеген жерден тоқтап қалған көлік құралы немесе қарсы келе жатқан көлік шыға келсе немесе тұраққа қойылған автокөліктердің артынан бір бала жүгіріп шықса, автокөлікті тоқтатуға қажетті жеткілікті орын бар болса, соқтығысудан сақтану үшін тежегіштерді пайдалануға болады. Кейде тежелу үшін қажетті кеңістік жеткіліксіз болғандықтан мұны жасау мүмкін емес болады. Мұндай жағдайларда кедергіден айналып өтуге әрекеттену қажет.

Мұндай апаттық жағдайларда автокөлігіңіздің тамаша сипаттамалары толық көлемде ашылады. Алдымен тежегіш педалін басыңыз. Осы бөлімдегі «Тежелу» тақырыбын қараңыз.

Егер соқтығысу қаупі туындаса, алдымен автокөлігіңіздің жылдамдығын барынша азайту, содан кейін кедергіден

айналып өту үшін бос кеңістіктің болуына байланысты рульді солға немесе оңға бұру қажет.

Мұндай қауіпті жағдайда барынша жинақы және батыл қалпыңызды сақтау қажет. Егер екі қолыңызды рульде «9 сағат» және «3 сағат» күйінде ұстап отырсаңыз, рульді қауіпсіз әрі тез 180 градусқа бұра қоюға болады. Тез әрекет етуіңіз және кедергіден айналып өткеннен кейін автокөлікті бірден қозғалыс жолағына қайтаруыңыз қажет. Мұндай апаттық жағдай кез келген сәтте орын алуы мүмкін болғандықтан міндетті түрде рульден екі қолыңызбен ұстаңыз және қауіпсіздік белбеуін тағыңыз.

Автокөліктің жол жиегіне шығып кетуі

Қозғалыс кезінде автокөліктің оң жақ дөңгелектері жүріс бөлігінен жол жиегіне шығып кетуі мүмкін. Егер жол жиегінің биіктігі жолдан сәл ғана төмен болса, автокөлікті оңай кері қайтаруға болады. Акселератор педалін жіберіңіз, содан кейін рульді автокөлікті жүріс бөлігіне қайтаратындай етіп бұрыңыз. Оң жақ дөңгелек жолдың жиегіне тигенше

Апаттық жағдайлардағы әрекеттер

рульді 1/4 айналымға бұрыңыз. Содан кейін рульді түзу қозғалу күйіне бұрыңыз.

Қозғалтқыш оталмайды

Қозғалтқыш оталмайды немесе тұрақсыз жұмыс істейді

1. Аккумулятор батареясының қосылыстарын тексеріңіз және олардың таза екеніне және сенімді тартылғанына көз жеткізіңіз.

2. Салондағы жарықты қосыңыз. Егер стартер жұмыс істеген кезде жарық сөнетін болса, аккумулятор батареясы істен шыққан.

3. Стартердің электр қосылыстарын тексеріңіз және олардың ақаусыз екеніне және сенімді тартылғанына көз жеткізіңіз.

4. Қозғалтқышты сүйреу немесе итеру жолымен оталдыруға тырыспаңыз. Қозғалтқышты сыртқы қорек көзінен оталдыру бойынша нұсқауларды қараңыз.

Қозғалтқыш қалыпты жұмыс істейді, бірақ оталмайды.

1. Отын деңгейін тексеріңіз.

2. Оталдыру жүйесінің кілтін LOCK күйіне бұраңыз, оталдыру шарғылары мен оталдыру білтелерінің барлық ағытпаларын тексеріңіз, ажырап кеткен

немесе әлсіз бекітілген бөлшектерді жалғаңыз.

3. Мотор бөліміндегі отын өткізгіш түтікті тексеріңіз.

4. Егер қозғалтқыш оталмаса, JAC мақұлданған сервис орталығына хабарласыңыз.

Қозғалтқыштың қызып кетуі

Егер салқындату сұйықтығы температурасының көрсеткіші қозғалтқыштың қызып кеткенін көрсетсе, қуаттың төмендегенін сезсеңіз немесе соққыларды естісеңіз, қозғалтқыш қызып кеткен болуы мүмкін. Бұл жағдайда келесі әрекеттерді орындаңыз:

1. Мүмкіндігінше тездетіп жол жиіегін қауіпсіз жер табыңыз да, автокөлікті тоқтатыңыз.

2. Берілестерді ауыстыру иінтірегін бейтарап күйге қойыңыз және тұрақ тежегішін қосыңыз. Жұмыс істеп тұрса, кондиционерді өшіріңіз.

3. Егер салқындату сұйықтығының ағып тұрғаны көрінсе немесе капоттың астынан бу шығып тұрса, қозғалтқышты тоқтатыңыз.

Салқындату сұйықтығының ағуы тыйылған және будың шығуы тоқтаған кезде капотты ашыңыз. Егер салқындату сұйықтығының жылыстауы

немесе бу көрінбесе, қозғалтқышты өшірмеңіз, қозғалтқышты салқындату желдеткішінің жұмыс істеп тұрғанына көз жеткізіңіз. Егер желдеткіш жұмыс істемесе, қозғалтқышты тоқтатыңыз.

4. Сорғы белбеуінің керілуін тексеріңіз. Егер белбеу дұрыс қалпында болса, радиатордан немесе шлангілерден салқындату сұйықтығының жылыстау белгілерінің бар-жоғын тексеріңіз (кондиционер жұмыс істеп тұрған кезде автокөлік тұрақта тұрғанда ағып тұрған конденсат көрінеді, бұл қалыпты жағдай).

5. Сорғы белбеуі зақымданған немесе қозғалтқышты салқындату сұйықтығы жылыстаған жағдайда кідірместен қозғалтқышты тоқтатыңыз және жақын маңайдағы JAC мақұлданған сервис орталығының көмегіне жүгініңіз.

6. Егер қызып кетудің себебін таба алмасаңыз, қозғалтқыш температурасы қалыпты деңгейге дейін түскенше күтіңіз. Егер салқындату сұйықтығы жеткіліксіз болса, кеңейткіш бактағы үстіңгі және астыңғы белгілердің арасындағы деңгейге дейін салқындату сұйықтығын қосымша құйыңыз.

7. Қозғалтқышты оталдырыңыз және қызып кету белгілерінің бар-жоғын тексеріңіз. Егер қозғалтқыш қайтадан

қыза бастаса, JAC мақұлданған сервис орталығының көмегіне жүгінізіз.

⚠ Назар аударыңыз!

- Салқындату сұйықтығы деңгейінің қатты төмендеуі салқындату жүйесінде жылыстаудың бар екенін көрсетеді. Мұндай жағдайда мүмкіндігінше тездетіп JAC мақұлданған сервис орталығына хабарласу қажет.

Қозғалтқышты сыртқы көзден оталдыру

Қозғалтқышты сыртқы корек көзінен оталдыру

Егер аккумулятор батареясының заряды отырған болса немесе қозғалтқышты оталдыруға заряд деңгейі тым төмен болса, қозғалтқышты басқа автокөліктің және жалғау кабельдерінің көмегімен оталдыруға әрекет жасап көруге болады.

⚠ Ескерту

- Қозғалтқышты сүйреу немесе итеру арқылы оталдыруға тыйым салынады, себебі бұл каталиттік

бейтараптандырғыштың және автоматтық беріліс қорабының зақымдалуына алып келуі, сондай-ақ жарақаттар келтіруі мүмкін.

- Аккумулятор батареясы жарылып кетуі мүмкін. Мұндай жағдайда аккумулятор қышқылынан күйікке шалдығу қаупі бар. Қысқа тұйықталу да жарақаттарға немесе автокөліктің зақымдалуына алып келуі мүмкін.
- Ешқашан батареяны ашық жалынның немесе ұшқындар көзінің жанында қалдырмаңыз.
- Аккумулятор батареясының үстінгі бөлігіне қарай еңкеюге тыйым салынады.
- Кабель клеммаларын бір-біріне тигізуге рұқсат етілмейді.
- Аккумулятор батареясымен жұмыс істеген кезде міндетті түрде қорғаныш көзілдірік тағыңыз.
- Аккумулятор электролитінің көздеріңізге, теріңізге, матаға немесе боялған беттерге тиюіне жол бермеңіз.
- Оталдыру үшін қолданылып жатқан сыртқы батарея кернеуінің автокөлік батареясының кернеуіне

сәйкес келетініне көз жеткізіңіз.

- Аккумулятор батареясын автокөліктен ажыратуға тыйым салынады.

Оталдыруға дайындау

1. Тұрақ тежегішін қосыңыз.
2. Автоматтық беріліс қорабын тұрақ күйіне, ал механикалық беріліс қорабын бейтарап күйге қойыңыз.
3. Барлық электр жабдықтарын өшіріңіз.


⚠ Ескертпе

- Қозғалтқышты өшірмес бұрын аудиожүйені өшіріп алыңыз, әйтпесе аудиожүйеге зақым келуі мүмкін.
- Сыртқы корек көзінен оталдыру үшін кабельдерді жүргізген кезде оларды мотор бөліміндегі айналып тұратын бөлшектерден алыс орналастырыңыз, әйтпесе бұл автокөліктің зақымдануына және жарақаттарға алып келуі мүмкін.

Апаттық жағдайлардағы әрекеттер

Кабельдердің түсті таңбаламасы

Оң кабель әдетте қызыл түсті. Теріс кабель әдетте қара, қоңыр немесе көк түсті болады.



Сыртқы қорек көзінен оталдыру үшін кабельдерді келесі тәртіппен жалғаңыз:

1. Оң (+) кабельдің бір ұшын заряды отырған аккумулятор батареясының (A) оң шықпасына (+) жалғаңыз.
2. Оң (+) кабельдің екінші ұшын B аккумулятор батареясының оң шықпасына (+) жалғаңыз.

3. Теріс (-) кабельдің бір ұшын донор батареяның (B) теріс (-) шықпасына жалғаңыз.

4. Теріс кабельдің екінші ұшын (X) қозғалтқыштың цилиндрлер блогымен сенімді қосылысы бар немесе заряды отырған аккумулятор батареясынан (A) мүмкіндігінше алыс цилиндрлер блогының өзінде орналасқан салмақ нүктесіне жалғаңыз.
5. Донор автокөліктің қозғалтқышын оталдырыңыз.

⚠ Ескертпе

- Кабельді заряды отырған аккумулятор батареясының теріс (-) шықпасына жалғауға тыйым салынады.
- Теріс кабельдің қысқышын қозғалтқыш блогындағы болат кронштейнге жалғаған кезде жалғау нүктесі мүмкіндігінше аккумулятор батареясынан алыс орналасуы тиіс.
- Сыртқы қорек көзінен оталдыруға арналған кабельді заряды отырған аккумулятор батареясының теріс клеммасына жалғау электр доғасының түзілуіне және аккумулятор батареясының жарылуына алып келуі мүмкін, бұл елеулі жарақаттар немесе автокөлікке зақымдар келтіреді.

Қозғалтқышты «Қозғалтқышты оталдыру» бөлімінде сипатталғандай тәртіппен оталдырыңыз.

Егер қозғалтқыш бірден оталмаса, 10 секундтан кейін стартерді өшіріңіз, содан кейін оталдыру әрекетін шамамен жарты минуттан кейін қайталаңыз.

Қозғалтқыш сәтті оталғаннан кейін оталдыру кабельдерін ажыратар алдында кабельді ажыратқан кезде туындайтын кернеу ауытқуын азайту үшін кондиционерді және артқы әйнек жылытқышын қосыңыз. Автокөлік фараларын қосуға тыйым салынады, себебі кернеудің ауытқуы кабельді ажыратқан кезде фаралардың зақымдалуына алып келеді.

Егер қозғалтқыш оталса, екі кабельді кері тәртіппен ажыратыңыз.

Сыртқы қорек көзінен дұрыс оталдырмаудың қауіпті екенін есте ұстау қажет. Сондықтан жарақаттардан немесе автокөліктің және аккумулятор батареясының зақымдалуынан сақтану үшін міндетті түрде сыртқы қорек көзінен оталдыру бойынша нұсқауларды орындаңыз. Егер қандай да бір күмәніңіз бар болса, білікті

маманның көмегіне жүгініңіз немесе эвакуатор шақырыңыз.

1

2

3

4


5

6

Дөңгелекті ауыстыру

Қосалқы дөңгелекті және құралдар жинағын шығару

Домкрат және құралдар жинағы



ЖАС М4 автокөлігінде қосалқы дөңгелек автокөліктің артқы бөлігінде түпте, ал құралдар жинағы артқы оң жақ ұсақ-түйек бөлімінде орналасқан.

⚠ Ескерту

- Дөңгелекті ауыстыру үшін автокөлікті қарқынды қозғалысы жоқ қауіпсіз жерге тоқтатыңыз. Автокөлік қатты жер бетінде тұруы тиіс.
- Қажет болса, жарық сигналын беру жүйесін қосыңыз және көрсетілген қашықтыққа апаттық аялдау белгісін орнатыңыз.

⚠ Ескертпе

- Қосалқы дөңгелекті қосалқы дөңгелекке арналған ұстағышқа сенімді етіп бекітіңіз.
- Автокөлік жарық шағылыстыратын апаттық аялдау белгісімен жабдықталған. Апаттық аялдау белгісін автокөлігіңіздің артына 150 метр қашықтыққа орналастырыңыз.
- Төтенше жағдайда қолдана алуыңыз үшін қосалқы дөңгелектегі ауаның қысымын жүйелі түрде тексеріп отырыңыз. Пайдалануға үнемі дайын тұруы үшін қосалқы дөңгелектегі қысымды көрсетілген максималды мәнде ұстап отырыңыз.
- Жеткізу жиынтығындағы домкрат тек сіздің автокөлігіңізге арналған.
- Домкраттың максималды рұқсат етілген жүктемесінен асырмаңыз.
- Бұл домкраттың көмегімен басқа көлік құралдарын көтеруге тыйым салынады: бұл зақымдарға және жарақаттарға алып келуі мүмкін.


⚠ Ескертпе

- Егер автокөлік домкраттан тайып кететін болса, бұл елеулі жарақаттарға алып келеді.
- Бұл домкраттың көмегімен басқа көлік құралдарын көтермеңіз.


Қосалқы дөңгелекті шешіп алу және орнату

Дөңгелекті шешіп алу үшін келесі әрекеттерді орындаңыз:

1. Жүксалғыш бөлімнің есігін ашыңыз.
2. Пластик қапакты шешіп алыңыз.



3. Қосалқы дөңгелек көтергішінің бекіту болттарын теріс бағытқа бұрап босатыңыз.



4. Асатын ілмекті қосалқы дөңгелектен ажыратыңыз, көтергішті баяу түсіріңіз де, қосалқы дөңгелекті шығарып алыңыз. Дөңгелекті орнату шешіп алуға кері тәртіппен орындалады.


Апаттық жағдайлардағы әрекеттер

Ақаулы дөңгелекті шешіп алу және қосалқы дөңгелекті орнату


Автокөлікті беті тегіс қауіпсіз жерге тоқтатыңыз. Қозғалтқышты өшіріңіз, тұрақ тежегішін қосыңыз, механикалық беріліс қорабының берілістерді ауыстыру иінтірегін 1 немесе R берілісіне қойыңыз және апаттық жарық сигналын беру жүйесін қосыңыз.

1. Алдымен автокөліктің қауіпсіз күйде екеніне көз жеткізіңіз.

2. Шинасының ауасы шығып кеткен болса, дөңгелекті ауыстырыңыз. Автокөлік тегіс және қауіпсіз жерде орналасуы тиіс. Қозғалтқышты өшіріңіз және тұрақ тежегішін қосыңыз. Берілістерді ауыстыру иінтірегін артқы жүріс күйіне ауыстырыңыз. Апаттық жарық сигналын беру жүйесін қосыңыз және ауыстырылатын дөңгелекке қатысты диагональ бойынша орналасқан дөңгелектің астына ағаш кесінділер немесе тастар тіреп қойыңыз.




3. Домкратты және дөңгелекті ауыстыруға қажетті құралдарды шығарыңыз.




4. Автокөліктің астынан қосалқы дөңгелекті шешіп алыңыз.

5. Баллон кілтін дөңгелектің сомынына салыңыз. Оны теріс бағытқа бұрай отырып, барлық дөңгелек сомындарын шамамен бір айналымға босатыңыз, бірақ сомындарды шешіп алмаңыз.



6. Домкраттың басын шығарыңыз да, шанақтың зақымдалуына жол бермеу үшін суретте көрсетілгендей етіп орнатыңыз.



1

2

3


4

5

6

Апаттық жағдайлардағы әрекеттер

7. Домкраттың тіреуіш беті А аймағының шегінен шықпауы тиіс (автокөліктің әрбір жағында осындай екі аймақ бар).




⚠ Ескертпе

- Егер автокөлікті көтеру кезінде домкрат дұрыс орнатылмаған болса, бұл автокөлікке зақым келтіруі мүмкін. Жарақаттардан және автокөліктің зақымдануынан сақтану үшін автокөлікті көтерер алдында домкраттың дұрыс орнатылғанына көз жеткізіңіз.
- Домкратпен көтеріліп тұрған автокөліктің астына кіру қауіпті. Егер автокөлік домкраттан тайып кетсе, елеулі жарақат келуі немесе тіпті кісі өлімі орын алуы мүмкін. Тек домкратпен көтеріліп тұрған автокөліктің астына кіруге тыйым салынады.

8. Домкраттың тұтқасын жалғаңыз.

9. Автокөлікті жеткілікті биіктікке көтеру үшін домкраттың тұтқасын оң бағытқа бұраңыз және дөңгелектің астыңғы нүктесі қосалқы дөңгелекті орнатуға болатындай жерден 3 см биіктікке көтерілген кезде көтеруді тоқтатыңыз.



⚠ Ескертпе

- Домкратты қолданған кезде автокөліктің құлап кетуіне жол бермеу үшін оның тұрақты орналастырылғанына көз жеткізіңіз.
- Автокөлікті домкратпен тым биік көтеруге тыйым салынады; көтеру биіктігі дөңгелекті ауыстыру үшін минималды жеткілікті болуы тиіс.
- Автокөлік домкратпен көтеріліп тұрған кезде автокөліктің астына кіруге және қозғалтқышты оталдыруға тыйым салынады.
- Автокөлік домкраттан құлап кетуі мүмкін, бұл елеулі жарақаттарға алып келеді.

10. Кілтті теріс бағытқа бұрай отырып, дөңгелек сомындарын толықтай бұрап шығарыңыз.
11. Дөңгелекті шешіп алыңыз.
12. Қосалқы дөңгелекті күпшекке орнатыңыз.

⚠ Ескерту

- Дөңгелек дискілерінің жиектері өткір болуы мүмкін, сондықтан елеулі жарақат алып қалмау үшін абай болыңыз.
- Дөңгелекті орнатар алдында күпшектің немесе дөңгелек дискісінің лас емес екеніне (мысалы, топырақтың, шайырдың, қиыршық тастың және т. б. жоқ екеніне) көз жеткізіңіз. Ластық дөңгелектің күпшекке дұрыс бекітілуіне мүмкіндік бермейді. Егер дөңгелек дискісінің монтаждау беті күпшекке тығыз жанасып тұрмаса, бұл дөңгелек сомындарының босап кетуіне және дөңгелектің ажырауына алып келуі мүмкін, нәтижесінде автокөлікті басқара алмай қаласыз және ауыр ЖКО орын алады.

13. Дөңгелек дискісінің сәндік қақпағын орнатыңыз (егер бар болса).
14. Баллон кілтін оң бағытқа бұрай отырып, дөңгелек сомындарын бұрап салыңыз және оларды жеңіл қатырыңыз.

15. Домкраттың тұтқасын теріс бағытқа бұрай отырып, автокөлікті жерге түсіріңіз.

16. Дөңгелек сомындарын алдымен айқыш ретімен, содан кейін рет-ретімен бұрап қатырыңыз. Осыдан кейін айқыш ретімен соңғы біркелкі бұрап қатыруды орындаңыз. Бұрап қатыру сәті 90-110 Н·м құрайды.

⚠ Ескертпе

- Міндетті түрде сәйкес келетін сомындарды немесе болттарды қолданыңыз және оларды қарастырылған бұрап қатыру сәтімен қатырыңыз.
- Дұрыс емес бөлшектерді қолдану немесе сомындарды не болттарды дұрыс бұрап қатырмау дөңгелектің ажырап кетуіне алып келуі мүмкін.
- Ауасы шығып кеткен шинаны жөндеу немесе ауыстыру үшін мүмкіндігінше тездетіп JAC сервис орталығына хабарласыңыз.

17. Домкратты және құралдарды орнына салыңыз және ауасы шығып кеткен дөңгелекті қосалқы дөңгелектің орнына орнатыңыз.

Апаттық жағдайлардағы әрекеттер

Ескертпе

- Домкраттар мен құралдарды салонда сақтамаңыз. Тежелгенде немесе соқтығысқанда бұл бөлшектер салон ішінде әрі-бері жылжиды, нәтижесінде жарақаттар келуі мүмкін.
- Домкратты пайдаланған кезде автокөлік тұрақтылығын жоғалтуы және орнынан жылжып кетуі мүмкін, бұл автокөліктің зақымдануына және жарақаттарға алып келуі мүмкін.
- Домкратты тек көтеру үшін қарастырылған нүктелердің астына ғана орнатыңыз.
- Автокөлікті көтерген кезде домкрат жерге қатысты тік орналасуы тиіс.
- Домкратпен көтерілген автокөліктің астына кірмеңіз.
- Автокөлік домкратпен көтеріліп тұрған кезде қозғалтқышты оталдыруға тыйым салынады. Көтерер алдында барлық жолаушылар автокөліктен түсуі және одан қауіпсіз қашықтықта тұруы тиіс.

- Домкратты тек дөңгелектерді ауыстыруға ғана пайдаланыңыз.


Ескертпе

- Автокөлікті беткейде немесе тайғақ жер бетінде домкратпен көтеруге тыйым салынады.
- Домкратты ауыстырылатын дөңгелектің жанына орнату қажет. Ауыстырылатын дөңгелекке қатысты диагональ бойынша орналасқан дөңгелектердің астына тіреулер қойыңыз.
- Домкратты көтермес бұрын тұрақ тежегішінің қосылып тұрғанына, ал беріліс қорабы иінтірегiнiң 1-ші беріліске, артқа жүру берілісіне (МБҚ) немесе Р күйіне (АБҚ) қойылғанына көз жеткізіңіз.
- Автокөлікті қарқынды көлік қозғалысы бар жерлерде көтеруге және дөңгелектерін ауыстыруға тыйым салынады.
- Егер автокөлік қауіпсіз емес жерде орналасса немесе жұмысты қауіпсіз тындыра алатыныңызға сенімді болмасаңыз, сервистік қызметке жүгінізіз.

Автокөлікті эвакуациялау


Егер автокөлікті сүйреп әкету қажет болса, автокөлікті тасымалдау кезінде қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін ЖАС мақұлданған сервис орталығына немесе автокөліктерді эвакуациялау бойынша кәсіби компанияға хабарласыңыз. Сонымен бірге мамандар көлік құралдарын сүйреудің жергілікті ережелерін біледі.

Эвакуациялау үшін суретте көрсетілгендей тартқыш автокөлік (1, 2) немесе трал (3) қолдануға болады.



Ескертпе



- Автокөлікті эвакуациялау кезінде бампердің және автокөліктің зақымдалуына жол бермеңіз.
- Автокөліктің жүк көлігіне аспалы бекіткішін эвакуациялау үшін пайдаланбаңыз.



Еске салу!

- Егер автокөлікті артқы дөңгелектерін жерге қойып сүйреу әрекеті жасалатын болса, міндетті түрде тұрақ тежегішін өшіріп қойыңыз.
- Сүйремес бұрын трансмиссия майының деңгейін тексеріңіз. Егер жеткіліксіз болса, трансмиссия майын қосымша құйыңыз. Егер майды қосымша құюға мүмкіндік болмаса, автокөлікті тіркемеге салып тасымалдау қажет.

Сақтандырғыштар



Электр жүйесіне зақым келтіретін қысқа тұйықталудың немесе шектен тыс жүктеменің алдын алу үшін автокөліктің әрбір электр тізбегі сақтандырғышпен қорғалған. Егер ауыстырғаннан кейін аз уақыттың ішінде сақтандырғыш тағы да күйіп кете берсе, тізбекте ақаудың бар екенінің белгісі. Тексеру жүргізу және себебін анықтау, жүйені жөндеу және сақтандырғышты ауыстыру үшін JAC мақұлданған сервис орталығына хабарласыңыз. Ауыстыру үшін номиналы күйіп кеткен сақтандырғыштың номиналымен бірдей сақтандырғыштарды қолданыңыз.

Ескертпе

- Сақтандырғышты ауыстырған кезде сақтандырғыштың көрсетілген типін пайдаланыңыз. Номиналы жоғары сақтандырғыштарды немесе олардың ауыстырғыштарын (мысалы, сымнан жасалған жалғастырғыштар) пайдаланбаңыз, себебі бұл электр жабдығын және тізбекті қорғамайды және тұтануға алып келуі мүмкін.
- Автокөліктің сақтандырғыштарын немесе релелерін өз қалауыңыз бойынша ауыстырып салмаңыз.
- Номиналдары сақтандырғыштар туралы ақпараты бар тақтайшада көрсетілген мәндерге сәйкес келмейтін сақтандырғыштарды қолданбаңыз.
- JAC компаниясы ұсынбаған сақтандырғыштарды немесе релелерді қолданбаңыз.
- Автокөліктің борттық жүйесінің конструкциясына өзгертулер енгізбеңіз және электр

жабдықтарын қоспаңыз.

1

2

3

4

5

6

Апаттық жағдайлардағы әрекеттер

Сақтандырғышты ауыстыру

1. Сақтандырғыштар блогының қақпағын ашыңыз.
2. Күйіп кеткен сақтандырғышты табыңыз.
3. Сақтандырғыштарға арналған ұстағыштың көмегімен күйіп кеткен сақтандырғышты суырып алыңыз. Сақтандырғыштарды ұстағыш мотор бөліміндегі сақтандырғыштар блогының ішінде орналасқан.

Ескертпе

- Күйіп кеткен сақтандырғыштарды ток өткізгіш құралдардың көмегімен суырмаңыз. Сақтандырғыштарға арналған ұстағышты қолданыңыз.
- Ток өткізгіш материалдардан жасалған, мысалы, металл құралдар қысқа тұйықталуға және электр жүйелерінің зақымдануына немесе өртке алып келуі мүмкін, бұдан елеулі жарақаттар келуі мүмкін.

4. Сақтандырғыштың күйіп кетуінің себебін анықтаңыз және оны түзеңіз.
5. Осы нұсқаулықта көрсетілген номиналды тогы бар жаңа сақтандырғышты орнатыңыз.

Ескертпе

- Номиналы дұрыс емес сақтандырғышты қолдану электр жүйесінің бұзылуына немесе өрттің шығуына алып келуі мүмкін.
- Міндетті түрде номиналы бірдей сақтандырғыштарды қолданыңыз, әйтпесе бұл жарақаттарға және автокөлігіңіздің және басқа мүліктің зақымдануына алып келуі мүмкін.

Еске салу!


- Салондағы сақтандырғыштар мен релелер блогында үш қосалқы сақтандырғыш бар.

Сүйреу


Егер төтенше жағдайда эвакуатор автокөлік жоқ болса, уақытша шешім ретінде автокөліктің алдыңғы/артқы құлақшасына болат сымарқан немесе шынжыр бекітуге болады.

Сүйремес бұрын жергілікті ережелермен танысып алыңыз, себебі олар әртүрлі елдерде әртүрлі болуы мүмкін.

Алдыңғы сүйреу құлақшасы



1. Алдыңғы сүйреу құлақшасы мотор бөлімінің оң жақ астыңғы бөлігінде орналасқан.



2. Автокөліктің артқы оң жақ бөлігінің ұсақ-түйек бөлімін ашыңыз (үш тұтқаны көлденең күйге бұраныз). Құралдар жинағының ішінен сүйреуге арналған құралдарды алыңыз.

3. Алдыңғы бампердегі сүйреу құлақшасына арналған ұяшықтың қақпағын басыңыз.


4. Сүйреу құлақшасын саңылауға толық бекітілгенше оң бағытқа бұрап салыңыз.

5. Сүйреу аяқталғаннан кейін құлақшаны шешіп алыңыз да, саңылаудың қақпағын жабыңыз.

⚠ Ескертпе

- Мұндай сүйреу түрін орындау кезінде тежеу әрекетін орындау үшін жүргізуші автокөлікте отыруы тиіс.
- Мұндай сүйреу әрекетін қатты жабыны бар жолдарда шағын қашықтықтарға және 20 км/сағ мәнінен аспайтын жылдамдықпен орындауға болады.
- Дөңгелектер, осьтер, жетек жүйесі, руль жүйесі және тежегіштер ақаусыз күйде болуы тиіс.

Артқы сүйреу құлақшасы



Артқы сүйреу құлақшасын ақаулы көлік құралдарын сүйреу үшін пайдалануға болады.

Ескертпе

- Баяу қозғалыңыз. Тым үлкен тарту күші автокөліктің зақымдануына алып келеді.

Ескертпе

- Салмағы сіздің автокөлігіңіздің салмағынан аспайтын көлік құралдарын ғана сүйреуге рұқсат етіледі.
- Сүйреу әрекетін сынап жүргізудің алғашқы 3000 км барысында жасамаңыз; әйтпесе бұл қозғалтқыштың немесе беріліс қорабының зақымдалуына алып келеді.
- Сүйрейтін және сүйрелетін автокөліктердің жүргізушілері бір-бірімен байланыс ұстап отыруы тиіс.
- Сүйремес бұрын сүйреу құлақшасының зақымдалмағанына және ақаусыз екеніне көз жеткізіңіз.
- Сүйреуге арналған болат сымарқанды немесе шынжырды құлақшаға бекітіңіз.
- Құлақшаны зақымдап алмау үшін сымарқан немесе шынжыр бұрышпен емес, тек түзу бағытталған болуы тиіс.
- Сүйреу сымарқанының немесе шынжырының ұзындығы 5 м

шамасынан аспауы тиіс. Көзге жақсырақ көрінуі үшін сымарқанның немесе шынжырдың ортасына қызыл-ақ мата (ені шамамен 30 см) бекітіп қою қажет.

- Сүйреу кезінде сымарқанды немесе шынжырды үзіп алмау үшін абайлап қозғалыңыз.

Жүктерді орналастыру

Автокөліктің жақсы жүру сипаттамаларын қамтамасыз ету үшін автокөліктің ішінде жүктерді (жолаушылар, жүк/жабдықтар) біркелкі етіп бөліп орналастырыңыз.

Ауыр заттарды мүмкіндігінше алға алысырақ, орындықтың арқалығына жақын, ең жақсысы алдыңғы және артқы осьтердің арасына орналастырыңыз.

Өткір қырлар мен бұрыштарды жабу үшін қорғаныш материал қолданыңыз. Жүктер орындық арқалығының үстіңгі жиегінен биік болмауы тиіс.

Апаттық жағдайлардағы әрекеттер

Төтенше жағдайларға арналған құралдар

Автокөлікте төтенше жағдайда көмектесе алатын кейбір алғашқы қажеттілік құралдары бар.

Алғашқы көмек дәрі-дәрмек қобдишасы*

Дәрі-дәрмек қобдишасында қайшы, бинттер, пластырь және зардап шеккендерге алғашқы көмек көрсетуге арналған басқа да құралдар бар.

Шиналарға арналған манометр*

Күнделікті пайдалану барысында шиналардағы қысым бірте-бірте төмендейді, сондықтан оларға жүйелі түрде ауа үрлеп отыру қажет. Бұл шиналардың табиғи тозуының салдары болып табылатын және шиналардың ақаулығының белгісін білдірмейтін қалыпты құбылыс. Шиналардағы қысымды тек суығаннан кейін ғана тексеріңіз, себебі температурасы

жоғарылаған кезде шиналардағы қысым да ұлғаяды.

Өрт сөндіргіш*

Автокөлікте өрт шыққан жағдайда

Дереу автокөлікті қауіпсіз жерге тоқтатыңыз, қозғалтқышты өшіріңіз және өрт сөндіргішті пайдаланыңыз.

Өрт сөндіргіш – өрттің бастапқы кезеңінде сөндіруге арналған ең тиімді құрал.

Өрттен болатын залалдың көлемін азайту үшін автокөлікте әрдайым өрт сөндіргіш алып жүруге кеңес беріледі.

Өрт сөндіргішті пайдалану тәртібі

1. Өрт сөндіргіштің үстіңгі бөлігіндегі штифтті суырып алыңыз, алайда тұтқасынан баспаңыз.
2. Шүмекті өртке бағыттаңыз.
3. Өрттен шамамен 2,5 м қашықтықта тұрыңыз.
Өртті сөндіретін затты бүрку үшін тұтқадан басыңыз. Егер тұтқаны жіберсеңіз, өрт сөндіргіш жұмыс істеуін тоқтатады.
4. Өрт сөндіргіштің шүмегін өрт бағытында ілгері-кейін қозғаңыз. Жалын сөнгеннен кейін өртену ошағын мұқият қарап шығыңыз, себебі ол қайтадан жалғасуы мүмкін.

1

2

3

4

5

6

Техникалық сипаттамалар

6

Автокөліктің негізгі габариттік өлшемдері.....	174
Автокөлік салмағы.....	174
Қуаты.....	175
Қозғалтқыштың негізгі параметрлері мен пайдаланушылық көрсеткіштері.....	175
Беріліс қорабы.....	176
Автокөлік майлары мен сұйықтықтары.....	177
Алдыңғы және артқы дөңгелектерді орнату бұрыштары (жүктемесіз).....	178
Дөңгелектер, шиналардың сипаттамалары және суық шиналардағы ауаның қысымы.....	178
Көлік құралын сәйкестендіру.....	179

1

2

3

4

5

6

Техникалық сипаттамалар

Автокөліктің негізгі габариттік өлшемдері

Параметр	Өлшем бірлігі	Параметр мәні
Ұзындығы	мм	5200
Ені	мм	1890/1900
Биіктігі	мм	2010/1970/2020/1980
Дөңгелек базасы	мм	3080
Алдыңғы дөңгелектердің жолтабаны	мм	1570
Артқы дөңгелектердің жолтабаны	мм	1545

Автокөлік салмағы

Параметр	Өлшем бірлігі	2.0VVT	2.0TGDI	1.9CTI EBPO IV	1.9CTI EBPO V
Жолаушылар саны	адам	7, 8, 9, 11			
Жарақталған салмағы	кг	1900	2050	2070	1980
Автокөліктің толық салмағы (GVW)	кг	2815	2725	2895	2805
Оське түсіруге рұқсат етілген жүктеме	кг	1210/1515	1220/1460	1235/1490	1235/1570

Қоректендіру

Параметр	Өлшем бірлігі	2.0VVT	2.0TGDI	1.9CTI EBPO IV	1.9CTI EBPO V
Макс. жылдамдық	км/сағ	160	170	170	170
көтерілуге болатын өр	%	> 30	> 30	> 30	> 30

Қозғалтқыштың негізгі параметрлері мен пайдаланушылық көрсеткіштері

Параметр	Өлшем бірлігі	2.0VVT	2.0TGDI	1.9CTI EBPO IV	1.9CTI EBPO V
Жұмыс көлемі	L	1,997	1,998	1,947	1,947
Номиналды қуаты	кВт	108	140	92	100
Макс. айналдыру сәті	Н·м	196	280	285	315
Қозғалтқыштың макс. пайдалы қуаты	кВт	100	135	92	100
Цилиндрдің диаметрі × поршеньнің жүрісі	мм	85 x 88	85 x 88	83 x 90	83 x 90
Бос жүрістегі айналу жиілігі	айн/мин	750 ± 30	750 ± 30	750 ± 30	750 ± 30

Беріліс қорабы

Параметр			5MT	6MT
Беріліс қатынасы	Беріліс	1-ші	4,271	5,441
		2-ші	2,283	2,839
		3-ші	1,414	1,721
		4-ші	1	1,223
		5-ші	0,813	1
		6-шы	/	0,794
		Артқа жүру берілісі	3,814	4,935
	Басты берілістің беріліс қатынасы		4,625	3,273

Автокөлік майлары мен сұйықтықтары

Параметр	Маркасы	Көлем
Отын бағы	/	80 л
Салқындату сұйықтығы	Жоғары сапалы этиленгликоль негізіндегі антифриз	8,5–10 л/7 л (Евро VI)
Трансмиссия майы (5 сатылы МБҚ)	JAC GL-4 75W-90	(1,95 ± 0,1) л
Трансмиссия майы (6 сатылы МБҚ)	JAC GL-4 75W-90	2,2 л
Автоматтық беріліс қорабына арналған сұйықтық	Total Fluidmatic MV LV	8 л
Мотор майы (бензинді қозғалтқыш)	JAC SN 5W/40	3,8–4,3 л (2.0VVT)
	JAC SN 5W/40	5–5,5 л (2.0TGDI)
Мотор майы (дизельді қозғалтқыш)	-20...40 °C, 10W/40, CJ-4-тен төмен емес	6 л
	-30...30 °C, 10W/30, CJ-4-тен төмен емес	
Кондиционер компрессорына арналған майлау материалдары	ПАГ	(210 ± 10) мл
Кондиционер компрессорына арналған майлау материалдары	DOT 4	0,85 л
Руль гидрокүшейткішінің сұйықтығы	ATF-III	0,9 л
Артқы белдік редукторының майы	JAC GL-5 80W/90	(2,6 ± 0,05) л (2.0TGDI, 1.9CTI, 2.0CTI);

Техникалық сипаттамалар

		$(2,0 \pm 0,05)$ л (2.0VVT)
--	--	-----------------------------

Алдыңғы және артқы дөңгелектерді орнату бұрыштары (жүктемесіз)

Параметр	Орнату бұрышы	Параметр мәні
Алдыңғы дөңгелек	Дөңгелектердің құлауы	$0^{\circ} \pm 30'$
	Дөңгелектің бұрылу осінің көлденең еңкею бұрышы	$15^{\circ} \pm 40'$
	Дөңгелектің бұрылу осінің бойлық еңкею бұрышы	$3^{\circ} \pm 30'$
	Дөңгелектердің түйісуі	$0^{\circ} \pm 6'$
Артқы дөңгелектер	Дөңгелектердің құлауы	$0^{\circ} \pm 30'$
	Дөңгелектердің түйісуі	$0^{\circ} \pm 6'$

Дөңгелектер, шиналардың сипаттамалары және суық шиналардағы ауаның қысымы


Шиналар	205/70R15 немесе 215/65 R16
Қосалқы дөңгелек	205/70R15 немесе 215/65 R16
Суық шиналардағы ауаның қысымы	(300 ± 10) кПа

Көлік құралын сәйкестендіру

Көлік құралының сәйкестендіру нөмірінің (VIN) орналасуы


Автокөлікте келесі орындарда орналасқан
бірнеше сәйкестендіру нөмірі бар:

Алдыңғы панельде, алдыңғы әйнектің сол жақ астыңғы бұрышында; алдыңғы әйнек арқылы көрінеді.



Қозғалтқыштың нөмірі


Қозғалтқыштың нөмірі цилиндрлер блогында, түтін шығатын түтікше жақта, сермердің жанында орналасқан.



сериялық

Автокөлік туралы ақпараты бар тақтайша

Автокөлік туралы ақпараты бар тақтайша
шанақтың ортаңғы оң жақ бағанының
астыңғы бөлігінде орналасқан және келесі
ақпаратты қамтиды: көлік құралының
маркасы / сәйкестендіру нөмірі /
автокөліктің моделі / қозғалтқыштың
көлемі / қозғалтқыштың моделі /
қозғалтқыштың макс. пайдалы қуаты /
толық салмағы / жолаушылар саны /
зауыттық нөмірі / жасалып шыққан күні.



Anhui JAC Automobile Group Co., Ltd. компаниясы «JAC M4 автокөлігінің пайдалану нұсқаулығына» өзгертулер енгізу құқығын өзіне қалдырады. Нұсқаулыққа кез келген уақытта алдын ала хабарлаусыз өзгертулер енгізілуі мүмкін екеніне назар аударыңыз.

Anhui Jianghuai Automobile Group Corp., Ltd.